пленочной воды, прочны и могут выдержать большую нагрузку, то грунт не уплотнялся. Коэффициент пористости такого грунта практически оставался постоянным

$e \approx \text{const}$ (отсюда определение не уплотненный грунт) – наличие большого количества макропор. Количество макропор в верхних слоях лёсса увеличивается из-за наличия землероев.

Для определения просадки лёссового грунта в лабораторных условиях проводят компрессионные испытания [2]. Образец лёссового грунта помещают в одометр, уплотняют давлением P_1 , а затем через пористый диск поршня выполняют замачивание водой. По результатам испытаний строят зависимость $h=f(P)$ (см. рис.2).




Рисунок 2- Схема одометра для проведения компрессионных испытаний лёссового грунта и график компрессионной кривой лёссового грунта до и после замачивания. На представленном графике обозначено:
1 – компрессионная кривая лёссового грунта до замачивания; 2 - тоже после замачивания водой.

В соответствии со СНиП [6] - коэффициент относительной просадочности определяется следующим образом:

$$\delta_{\text{прос}} = \frac{h - h^I}{h_0}$$

где h – высота (см) образца природной влажности обжатого давлением P_1 равным давлению от всего сооружения и собственного веса вышележащего грунта; h^I – высота (см) того же образца грунта после пропуска через него воды при сохранении давления P_1 . h_0 – высота (см) того же образца грунта природной влажности, обжатого давлением равным природному.

Если по результатам испытаний $\delta_{\text{пр}} < 0,01$ – то считается, что лёсс не просадочен. Если $\delta_{\text{пр}} > 0,01$ – лёсс просадочен.

В геологических отчетах результаты обычно приводят в виде графика $\delta_{\text{пр}}=f(p)$ (З-рисунок).

На представленном графике P_n – начальное давление, при превышении которого лёсс становится просадочным. Интервал давления 0 - P_n – лёссовый грунт не просадочен - связи прочны.

Таким образом, можно сделать вывод, что на сегодня расчет лёссового грунта существует, он стал ужесточеннее расчета в соответствии со СНиПом [6], но тем не менее не совершенен, не учитывает размера пор, скорости просадок и т.д. и т.п.

Эти недостатки можно исключить при проектировании фундаментов в расчетных комплексах, совершенствуя их день ото дня.




Рисунок 3- Зависимость коэффициента относительной просадочности от прикладываемого давления.

Проблемы конструктивных решений фундаментов и усиления основания также не полностью решены. Предлагаются все новые и новые экономичные решения, что немаловажно, так как существуют регионы в Казахстана, которые по сей день активно сталкиваются с проблемами проектирования и строительства фундаментов на лёссах.

Литература:

1. Сеидмарова, Т.Ж. Оценка несущей способности забивных свай по результатам статических и динамических испытаний: 05.23.00- Строительство (Геотехника).- Астана, 2009 – 233с.
2. Абуханов, А.З.. Механика грунтов.- Ростов- на- Дону, 2006г.
3. Швецов Г.И. Лессовые породы Западной Сибири и методы устройства оснований и фундаментов: моногр. – М.: Высшая школа, 2000 – 244 с.
4. Пантюшина Е.В. Лёссовые грунты и инженерные методы устранения их просадочных свойств// Ползуновский вестник. – 2011. – №1. – С. 127–130.
5. Алибекова, Н.Т. Анализ геотехнических свойств грунтов г. Астаны для оптимизации длин свай. Специальность 05.23.00 - Строительство (Механика грунтов и геотехника).- Астана, 2009- 211с.
6. СНиП 2.02.01–83 Основания зданий и сооружений.

ӘОЖ 666.972

ЖЕРГІЛІКТІ ШИКІЗАТ НЕГІЗІНДЕ ҚОЖДЫҒАЗДЫ БЕТОНДЫ ӨНДІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.С.ҮДЕРБАЕВ, техника ғылымдарының докторы, профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аннотация

В научной статье рассмотрены особенности производства неавтоклавного ячеистого бетона. Разработаны технологические параметры производства неавтоклавного ячеистого бетона на основе барханного песка и металлургических шлаков. Литературный обзор посвящен опыту производства ячеистого бетона на основе отходов промышленности и барханного песка.

Проведен сравнительный анализ исследуемого материала с другими традиционными строительными материалами. За основу проведения научных работ выбрана структурно-

методическая схема исследований. Выполнены петрографические и микроскопические исследования полученного шлакогазобетона.

Путем петрографических и микроскопических анализов зол ТЭЦ выявлено наличие кристаллов муллита, кварца, гематита және аморфных фаз стекла. Результаты исследований статически обработаны пакетом компьютерных программ Rotplan. Определение свойств сырьевых ресурсов выполнены в лаборатории кафедры "Архитектура и строительное производство". Приведены результаты экспериментальных работ по определению усадки и других технических свойств ячеистого бетона.

Ключевые слова: газобетон, барханный песок, шлак, прочность.

Аңдатпа

Ғылыми мақалада автоклавты емес ұялыбетонды өндірудің ерекшеліктері көрсетілген. Шағыл құм және металлургиялық қож негізіндегі автолавты емес ұялыбетонды өндірудің технологиялық параметрлері жасалды. Әдебиетке шолу шағыл құм мен өндіріс қалдықтары негізінде ұялы бетонды өндірудің тәжірибесіне арналған.

Зерттелетін материалдың басқа дәстүрлі құрылыс материалдарымен салыстырмалы талдау жүргізілді. Ғылыми жұмыстардың зерттеулерін жүргізу негізіне құрылымдық–әдістемелік сұлба қабылданды. Алынған қождығазды бетонның петрографиялық және микроскопиялық зерттеулері жүргізілді.

Петрография және микроскопиялық талдау нәтижесінде Қызылорда күлі кристалды муллиттен, кварц, гематит және аморфталған шыны фазасынан тұратыны анықталды. Зерттеулер нәтижесінің статикалық өңделуі компьютерде математикалық пакет Rotplan көмегімен жүргізілді. Шикізат материалдардың қасиеттерін анықтау «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының зертханасында жүргізілді. Ұялыбетонның шөгуін және басқада техникалық қасиеттерін анықтауға бағытталған экспериментальдық жұмыстардың нәтижелері келтірілген.

Кілт сөздер: газдыбетон, шағыл құм, қож, беріктік.

Annotation

The research paper touches upon the peculiarities of production of non-autoclave cellular concrete. The technical parameters of production non-autoclave cellular concrete on the base of dune sand and metallurgic slug are developed in the article. The technological parameters of production of non-autoclaved aerated concrete on the basis of the dune sand and metallurgical slag. The literature review is devoted to the experience of production of cellular concrete on the basis of industrial waste and dune sand.

A comparative analysis of the studied material with other traditional building materials. The basis of scientific work selected structural-methodological scheme of the studies. Performed petrographic and microscopic examination of the obtained seculation.

By petrographic and microscopic analyses evils CHP revealed the presence of crystals mullite, quartz, hematite and amorphous phases in glass. The research results are statically processed by the software package Rotplan. Determination of properties of raw material resources is performed in the laboratory of the Department "Architecture and construction operations". The results of experimental work to determine shrinkage and other engineering properties of cellar concrete.

Keywords: aerated concrete, barkhan sand, slag, strength.

Қазіргі уақытта құрылыстың тиімділігін жоғарылату жолдары құрылыс материалдары мен бұйымдары өндірісінде екіншілік ресурстарды қолдану және материал сыйымдылығын төмендету болып саналады. Бұған алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық жетістіктерді, ресурстарды және энергияны үнемдеуші технологияларды қолдану, өнім бірлігіне еңбек және отын энергетикалық ресурстар көлемін азайту арқылы жетуге болады.

Тиімді жылу оқшаулағыш мартериалдарға арболитпен қатар ұялы бетонды жатқызуға болады. Соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулерге талдау жасасақ Қазақстанда автоклавты

емес ұялы бетондары өндіру қажеттігі туындап тұр. Оған бірнеше себеп бар. Атап айтқанда оған энергия мен жылу көзі аз жұмсалады, меншікті капиталсалымдар төмен және шикізат базаларының және өнеркәсіп өндірісінің қалдықтарын мол болуында.

Әдетте ұялы бетондар негізінен кварц құмы, бейорганикалық байланыстырғыш және кеуек түзгіш қоспа негізінде автоклавтық әдіспен алынады. Шетелдік және отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдасақ автоклавты емес газды бетон өндірісінде жаңа технологиялық жетістіктерге қол жеткізуге, сол арқылы сапалы да тиімді бұйымдар мен конструкциялар жасауға қол жеткізу мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге әдеби шолу мен өндірістік тәжірибелерді сараптау арқылы газды бетон бұйымдарының сапалық көрсеткіштерін нормативтік талаптардың деңгейіне көтеру және одан арттыру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу керек екені айқындалды.


Жұмыстың мақсаты кварцтың құмның орнына шағыл (бархан) құмын, ал байланыстырғыш есебінде жылу-электр орталығының (ЖЭО) күлі немесе металлургиялық өндірістен бөлінген қождарды пайдалану арқылы ұялы бетон алу. Металлургиялық қождар ұялы бетондарда толтырғыштар ретінде қолданудан басқа композициялық материалдары жасау үшін пайдаланылады. Олар әр түрлі қайта өңдеу тәсіліне байланысты байланыстырғыш пен толтырғыш түрінде: тез салқындататын, жеңіл және азсалқындайтын, кристалдықтар түрінде қолданылады.


Сонымен қатар Қызылорда облысында шағыл (бархан) құмы қоры көптеп таралған. Осы аталған шикізат компоненттерінен сапасы жағынан жақсы ұялы бетон алу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Ұялы бетон өндірісінде ЖЭО күлі мен доменді түйіршіктелген қожды пайдалану материалдың өзіндік бағасын түсіруге мүмкіндік береді, сонымен қоса металлургиялық өндірісі дамыған аймағында кейбір экологиялық проблемаларын шешеді. Бұл қалдықтарды жәй бірімен немесе басқа компоненттермен араластырсақ байланысу қабілеті әлсіз болады. Сондықтан осы шикізаттардың потенциалды қасиеттерін толығымен пайдалану үшін тәжірибе жүзінде: механикалық алдын-ала өңдеу, яғни майдалау немесе ұнтақтау, химиялық қоспаларды енгізу, жылу әдісімен өңдеулер қолданылады. Бірақ аталған өңдеулердің кемшіліктері бар.

Негізінен қожды белсендірудің кең тарағаны түрі болып химиялық әдіс саналады. Онда сілтілі қоспа ретінде әк, ал сульфат есебінде - гипс қолданылады. Әдеби және патент көздерінен байқағанымыз өндірістегі қожды қалдықтарды белсендіру үшін сульфатты және сілтілі қоспалар бұрын пайдаланылмаған.

Кірпіш және керамзиттібетон қабырғаларына қарағанда ұялы бетондар [1,2] ғимараттарды жылумен конструкциялау жағынан сапалы әрі тиімді болып саналады. Мысалы, тығыздығы 1000 кг/м^3 керамзитті бетоннан жасалған ғимаратты жылытуға 101 кг шартты отын жұмсалса, ал дәл осындай тығыздығы 600 кг/м^3 болатын ұялы бетоннан тұрғызылған ғимаратқа отын шығыны 55 кг құрайды. Яғни, керамзитті бетонға қарағанда энергия сыйымдылығы 2 есе аз. Сонымен қатар ұялы бетон улы заттар немесе сол тәрізді газдарды бөлмейді.





Сурет 1 –Зерттеуді жүргізудің құрылымдық-әдістемелік сұлбасы

Негізінде ұялы бетондарда толтырғыш ретінде меншікті беттік қабатты 200-220 м²/ кг ұнтақталған кварцты құм қолданылады, арасында ғана ЖЭО күлдері және доменді қождар пайдаланылады.

Автоклавсыз газды бетон технологиясын зерттеу, оны қолдану жұмыстарының бас кезінде пайдалану аумағы мен жағдайлары материалдың өміршеңдігіне әсері толық зерттелмеген. Сонымен қатар, автоклавсыз газды бетонның қасиеттеріне технологиялық факторлар, шикізат құрамы мен компоненттерінің ара қатынасы, пайдалану жағдайларының әсерлері де керекті деңгейде зерттелмей келді. Сәйкесінше зауыттардың техникалық жабдықталуының жоғары деңгейге көтерілуі автоклавты емес газды бетон технологиясын жетілдіруге толық мүмкіндік береді, бұның өзі аталған материалдың физика-механикалық және пайдалану қасиеттерін арттыруға ықпал жасайды.

Ұялы бетон құрамына ЖЭО күлдерін қоспа немесе толтырғыш есебінде қолдану бірнеше ғылыми зерттеулермен дәлелденген [1-5, 7-15]. ЖЭО күлдері арзан және көп мөлшерлі шикізат көзі. Одан әртүрлі құрылыс материалдары мен бұйымдарын алуға болады. Әсіресе оны кең бағытта есебінде жеңіл бетон, отын қоспасы ретінде керамикалық кірпіш дайындау үшін утилизациялауға болады. Сонымен қатар майда толтырғыш және цементке қоспа ретінде қосуға, сонымен қатар жасанды кеуекті толтырғыш дайындау үшін шикізат көзі түрінде қолдануға да жарайды.

Құрылыста күлді утилизациялаудың негізінен үш бағыты бар. Олар күлді ұялы бетонда пайдалану, жаңа толтырғыш өндіру және қолдануына қарай жеңіл бетон шығару. Қазіргі кезге дейін күлдің байланыстырғыш қасиетін пайдалану бойынша көптеген ғылыми-зерттеу

жұмыстары жүргізілген. Зерттеліп жүрген күлдің сипаттық ерекшелігі – химиялық құрыма жағынан біркелкі еместігі. Күлдің химиялық құрамы жағылатын қатты отын, көмірдің түрі мен генезисі және жағу кезіндегі түзілу жағдай себеп жасайды.

Көптеген күлдердің химиялық құрамдарында SiO_2 , Al_2O_3 , Fe_2O_3 , CaO қосылыстары бар. Егер $\text{SiO}_2 + \text{Al}_2\text{O}_3$ қосындарының мөлшері көп болса, онда бізге керамикалық кірпішке қолданған тиімді, ал CaO мөлшері жақсы болса, бетон құрамын мен цемент белсенді зат есебінде пайдаланған дұрыс. Кейбір күлдердің құрамындағы толық жанбаған және көміртектер компоненттердің арқасында біз керамикалық бұйымдар жасауда немесе кірпіштерді күйдіру барысында отын мөлшерін үнемдейміз, атап айтсақ кептіруге және күйдірілуге энергия аз жұмсалатында болып отыр.

Петрография және микроскопиялық талдау нәтижесінде Қызылорда күлі кристалды муллиттен, кварц, гематит және аморфталған шыны фазасынан тұрады екен.


Жоғарыда келтірілген мақсатқа жету үшін жаңа композициялық байланыстырғыштың құрамын жасап, шағыл құм және ұсақұнтақталған доменді қож негізінде автоклавты емес газдыбетон алу міндеттері қойылды. Нәтижеге жету үшін келесі тапсырмалар шешілді. Шикізаттардың химиялық және минералды құрамының ерекшелігін есепке ала отырып шағыл құмды және қождың газдыбетон қоспасының қатаю және кеуектенудің физикалық-химиялық процесін зерттеу. Қождар негізінде газдыбетонды алудың техникалық параметрлерін оңтайландыру және бетондардың құрылыстық төзімділігін жоғары сапалы реттеу кинетикасына зерттеу жүргізу. Құрылымдық беріктігін тұрақтандырушы есебінде әр түрлі минералды қоспалардың алынатын газдыбетонның қасиеттеріне қасиетіне әсерін табу және газдыбетонның эксплуатациялық қасиеттерін анықтау.

Зерттеулер нәтижесінің статикалық өңделуі компьютерде математикалық пакет Rotplan көмегімен жүргізілді. Шикізат материалдардың қасиеттерін анықтау «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының зертханасында жүргізілді. Эксперименттік жұмыстар 1 суретте көрсетілген құрылымдық - әдістемелік сұлба бойынша орындалды.


Сонымен қатар қожды толтырғыш және композициялық байланыстырғыш негізіндегі араласпа ерітінділердің қасиеттерін зерттеу және тығыз ерітінділерді алу, газды бетонды алуға арналған қалыптанған қойыртпақтардың қасиеттері, газдыбетонды алудағы рационалды параметрлерді таңдау бойынша көп факторлі тәжірибелерді жоспарлау, газдыбетонның қатаю режимін жасау және соңынан алынған газдыбетонды үлгілердің қасиеттерін зерттеу жұмыстары жасалды. Келесі суретте алынған газды бетонның ісіну биіктігінің толтырғыш түріне тәуелділігі мен газдыбетон массасының шөгуінің толтырғыш түріне тәуелділігі көрсетілген.

Қоспадағы қожды толтырғыштың 10...15%-ға ұлғаюы, газдыбетонның орташа тығыздығын 50...100 кг/м³ көбейтеді, сондықтан оптималды деңгей ретінде нөлдік деңгей алынады, бұл 1-ге тең C мәніне (толтырғыштың байланыстырғышқа қатынасы) сәйкес келді.

Қалыпталынушы қойыртпақтың температурасының артуы материалдың орташа тығыздығының өсуіне әкеледі. Бұл ісінуге қарсыласатын құрылымдық беріктігінің тез өсуіне байланысты, сондай-ақ қатайған үлгілердің беттік қабаттарынан газдың бөлінуінен, құрылым бұзылуға ұшырайды. Графиктерде көрсетілгендей, қойыртпақтың температурасының артуы газдықождыбетонның сығу кезіндегі беріктігі төмендетеді.




Сурет 2 – Газдыбетон қоспасының ісіну биіктігінің толтырғыш түріне тәуелділігі



Сурет 3 – Кеуектелген газдыбетон массасы шөгуінің толтырғыш түріне тәуелділігі

Қождыцементті ерітінділерінің үлгілері цементті – құмды ерітінділер үлгілеріне қарағанда сығу кезіндегі орташа беріктігі және тығыздығы аз көлемге ие, бірақ конструктивті коэффициент сапасы 10 - 15% - ға жоғары. Бұл негізінен кальций силикатынан тұратын қожды толтырғыштың белсенділігімен және үйлесімді байланыстырғыш құрамындағы кварцтың әсер етуімен түсіндіріледі.

Қождыгаздыбетонның құрылымы кварц құмы негізінде алынған газдыбетонмен салыстырғанда біртегіс орналасуымен түсіндіріледі (4 сурет).



а) доменді түйіршікті қождары негізінде газдыбетон; б) шағыл құмы негізіндегі газдыбетон.

Сурет 4 –Шағыл құмы және доменді түйіршікті қождары негізіндегі газдыбетон үлгілерінің құрылымы (4 есе үлкейтілген)

Алынған материалдың оптималды қасиеттерінің облысы ретінде қалыпталушы қойыртпақтың 38...40°C температурасына сәйкес келетін және толтырғыштың байланыстырғышқа қатынасы 0,9...1,1 – ге тең болғандағы $V/T=0.5...0.52$ саналады. Бұл облыстағы қожды толтырғыштағы газдыбетонның орташа тығыздығы 550...700 кг/м³ және сығу кезіндегі беріктігі 1,76...3 МПа болады.

Автоклавты емес газды бетонның басқа белгілі технологиясы басқа бетондардан технологиялық ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер автоклавты емес газды бетонға басқа материалдар алдында артықшылық бере отырып, технологияға айрықша қарауды талап етеді. Атап айтқанда табиғи және техногенді шикізат негізінде ұялы газдыбетонды жоғары сапалы материалдар, ғылыми зерттеулер, бұйымдарды дайындау және пайдалану шарттары бойынша жоғары талаптарды қадағалау арқылы алуға болады. Тек осы жағдайда ғана газды бетон технологиясына тән материалдық, энергетикалық және экономикалық артықшылықтарға қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Бисенов К.А. Ячеистые бетоны на основе отходов промышленности. –М., 1994. - 124с.
2. Бисенов К.А. Касимов И.У., Тулаганов А.А., Удербасов С.С. Легкие бетоны на основе безобжиговых цементов. -Алматы: «Ғылым», 2005.- 412 с.
3. Баженов Ю.М. Применение промышленных отходов в производстве строительных материалов. / Ю.М. Баженов – М.: Стройиздат, 1986. – 206с.
4. Попов К.Н. Новые строительные материалы и материалы из промышленных отходов. / К.Н. Попов. – М.: Логос-Развитие, 2002. – 152с.
5. Павленко С.И. Мелкозернистый бетон из отходов промышленности / С.И. Павленко. – М.: АСВ, 1997. – 176с.
6. Волженский А.В. Минеральные вяжущие вещества / А.В. Волженский, Ю.С. Буров, В.С. Колокольников – М.: Стройиздат.-1973. – 480с.
7. Горшков В.С. Комплексная переработка и использование металлургических шлаков в строительстве / В.С. Горшков. – М.: Стройиздат, 1985. – 272с.
8. Волженский А.В. Комплексная переработка и использование металлургических шлаков в строительстве / А.В. Волженский // Строительные материалы, 1986, -№5. – С.28.
9. Долгарев А.В. Вторичные сырьевые ресурсы в производстве строительных материалов. Справочное пособие. / А.В. Долгарев. – М.: Стройиздат, 1983. – 456с.
10. Долгопол В.И. Экономика использования металлургических шлаков / В.И. Долгопол. – М.: Металлургиздат, 1964. – 156с.

11. Рекитар Я.А. Эффективность использования промышленных отходов в строительстве / Я.А. Рекитар. – М.: Стройиздат, 1975. – 184с.
12. Чистяков Б.З. Использование минеральных отходов промышленности в производстве строительных материалов / Б.З. Чистяков, А.Н. Лялинов. – Л.: Стройиздат, 1984. – 152с.
13. Путляев И.Е. Основные проблемы ресурсосбережения производства легких бетонов / И.Е. Путляев // Ресурсосберегающие технологии производства бетона и железобетона / Под ред. Б.А. Крылова. – М.: НИИАСБ, 1988. – С. 3-16.
14. Панфилов М.И. Переработка шлаков и безотходная технология в металлургии / М.И. Панфилов, Я.Ш. Школьник, Н.В. Орининский. – М.: Металлургия, 1987. – 238с.
15. Применение молотого доменного гранулированного шлака в строительстве США // ВНИИТПИ. Сер. Строительные конструкции и материалы // ЭИ.-2002.-№1.-С.28-32.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӨОЖ 633:633.18:001.8 (574)

КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНДЕ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Г.Л.ЗЕЛЕНСКИЙ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Кубан мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы,

Л.А.ТОХЕТОВА, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,

Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты

И.А.ТАУТЕНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,

Қ.А.ҚАЙМОЛДАЕВА, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі,

А.А.ДЕМЕСІНОВА, докторант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Аннотация

По прогнозам к 2020 году ожидается уменьшение водных ресурсов трансграничной реки Сырдарьи до 20% и ежегодно наблюдается изменчивость объема воды в период вегетации, создавая определенные угрозы в обеспечении гарантированной водоподдачи на орошаемые земли. В этих условиях необходимы совместные действия со стороны государств, расположенных в бассейне реки, и сельскохозяйственной науки в обеспечении новыми технологиями по эффективному использованию водно-земельных ресурсов.

В связи с этим, в рамках «зеленой экономики» одним из трех направлений в реализации программы по экономии воды в сельском хозяйстве является постепенное сокращение посевных площадей малорентабельных и водоемких культур с заменой их на менее требовательные с точки зрения водных ресурсов- овощные, кормовые и масличные культуры к 2030 году. Таким образом, одним из путей выхода из сложившейся ситуации дефицита водных ресурсов является диверсификация растениеводческой отрасли Кызылординской области, как основного потребителя воды в сельском хозяйстве реки Сырдарьи. По результатам исследований определены особенности выращивания диверсификационных культур в рисовых севооборотах региона уточнены научные основы технологии их возделывания.

Ключевые слова: диверсификация, селекция, ячмень яровой, стрессовые факторы.

Аннотация

Аймақта ауыл шаруашылық дақылдарының өніп-өсу кезеңінде Сырдария өзені суы көлемінің өзгеруі жыл сайын байқалуда және 2020 жылға қарай 20% дейін азаяды деп болжануда, ал бұл өз кезегінде суармалы егіншілікті сумен кепілді қамтамасыз етуге қатер төндіреді. Сондықтан, қазіргі қалыптасқан жағдайда, өзен бассейнінде орналасқан мемлекеттер мен су-жер қорларын тиімді пайдалануда жаңа технологиялармен қамтамасыз ететін ауылшаруашылық ғылымы тараптарынан бірлескен іс-қимылдар қажет.

Осыған байланысты, жасыл экономика аясында, ауыл шаруашылығында суды үнемдеу бойынша бағдарламаны жүзеге асырудың үш бағытының бірі, 2030 жылға қарай аз табыс келтіретін және суды көп пайдаланатын дақылдардың егіс көлемін біртіндеп азайтып, орнына суды аз тұтынатын көкөніс, малазықтық және майлы дақылдарды орналастыру болып табылады. Сол себепті, Сырдария өзенінің суын негізінен тұтынатын ауыл шаруашылығы болғандықтан, Қызылорда облысының өсімдік шаруашылығы саласын әртараптандыру, қалыптасқан су қорлары жетімсіздігі тығырығынан шығудың бір жолы болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша аймақтағы күріш ауыспалы егістерінде әртараптандыру дақылдарын өсірудің ерекшеліктері анықталып, оларды өсіру технологияларының ғылыми негіздері нақтыланды.

Кілт сөздер: әртараптандыру, селекция, жаздық арпа, стресстік факторлар.

Annotation

By 2020, the water resources of the transboundary Syr Darya River are expected to decrease to 20% and the variability of water volume during the growing season is annually observed, creating certain threats in ensuring guaranteed water supply to irrigated lands. In these conditions, joint actions are required from the states located in the river basin and science in providing new technologies for the use of water and land resources of the republic.

In this regard, within the framework of the "green economy" one of the three areas in the implementation of the program on water saving in agriculture is the gradual reduction of low-profit and water-intensive crops, replacing them with less demanding from the point of view of water resources, vegetable, fodder and oilseeds by 2030 Year. Thus, one of the ways out of the situation is to diversify the crop sector of the Kyzylorda region as the main water consumer in the Syrdarya river farming.

Keywords: diversifications, selection, spring barley, stress factors.

Қызылорда облысының жалпы егіс көлемінің 45 пайыздан астамына күріш дақылы егіледі. Елбасы тапсырмасына сәйкес, айналымнан шыққан жерлерді игеру нәтижесінде суармалы жерлердің көлемін ұлғайтып, ауыл шаруашылық дақылдарының ассортиментін де көбейткен жөн. Топырағы тұзды суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын қанағаттанарлық қалыпта ұстап отыру үшін негізгі дақыл күріштің тұрақты суару режимі арқылы танап топырақтарындағы тұздар шайылып, қашыртқы суларымен егістіктен тысқары әкетілуде. Алайда, Сырдария өзені бассейніндегі су тапшылығы әсерінен аймақтағы күріш егісі көлемін азайтып, 2040 жылға қарай 60-65 мың гектарға дейін төмендету жоспарлануда. Бұл жағдайда аймақ егіншілігінде өсімдік шаруашылығын әртараптандыру арқылы суды мейлінше аз тұтынатын ауыл шаруашылық дақылдары көлемін арттыру қажет [1].

Аймақта өсімдік шаруашылығын әртараптандырудың ғылыми негізін қалыптастыруда «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС ғалымдары көп еңбек атқаруда. Қазақстандық Арал өңірінің қатал табиғи-климат жағдайына бейімделген ауыл шаруашылық дақылдары мен олардың сорттарын тандап іріктеу мақсатында агроэкологиялық сынау және селекциялық жұмыстар жүргізілуде.

Күріш ауыспалы егісіне әртараптандыру дақылы ретінде ұсынылған дақылдардың бірі – арпа. Институт ғалымдары 2006 жылдан бастап арпа селекциясымен айналысып, Арал өңірінің тұзды топырақтары үшін жаздық арпанының сорттық моделін жасап шығарды.

Арпаның тұзға төзімді бірнеше сорттары мемлекеттік сынақтан өтіп, өндіріске енгізілуде [2].

Күріш ауыспалы егісінің өнімділігін арттыру және танаптарда су аз пайдаланатын дақылдарды өсіру бағытында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарында арпа, сұлы, бидай, мақсары, рапс, құмай және африкалық тары секілді дақылдар өсірілді. Суармалы егіншілік жағдайында өсірілетін бұл құрғақ дақылдарының өсірілу жағдайына қоятын ортақ талаптары бар және топырақ өңдеуге байланысты ұқсас технологиялық операциялары жүргізіледі.

Топырақ және қоректік элементтерге талабы. Жаздық астық дақылдары басқа да мәдени дақылдар секілді топырақ құнарлығының жоғары болғанын қалайды. Өсіп-өну дәуірінің бастапқы кезеңдерінде өсімдіктің тамыр жүйесінің әлсіз болуы және қоректік элементтерді сіңіру мерзімінің қысқа болуы топырақ құнарлығына жоғары талап қояды. Бұл әртараптандыру дақылдары өніп-өсу дәуірінің бастапқы кезеңдерінде азоттың едәуір бөлігін және фосфордың 43-46 пайызын пайдаланса, калийдың 65-67 пайызын түтік шығару кезеңінде қажет етеді.

Гүлдену кезеңі басталғаннан бастап қоректік элементтердің жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуі өсімдік үшін өте маңызды, бұл жоғары өнім құрау қажет. Өсімдіктер жоғары сілтілі немесе жоғары қышқылдылығы бар топырақтарда нашар өседі, құнарлы топырақ құрылымы үшін ең қолайлы орта бейтарап реакциясы ($\text{pH}=6,8-7,5$) [3].

Ылғалға талабы. Күріштен шыққан танапта, жаздық дақылдардың тұқым себу кезіндегі топырақ ылғалдылығы, тұқымды өндіруге жеткілікті болады. Тұқым, өз массасының 50-55 пайызындай ылғалды сіңірген кезде, ісіне бастайды. Жоғары өнім құрауда топырақ құнарлығы мен ылғалын толық пайдаланып, өсімдік әрі қарай көп сабақ қалыптастырады және қосымша (буын) тамыр жүйесінің өсуімен, түптену фазасының қалыптасуына жоғары ылғалдылық пен ауа температурасына жақсы ықпал етеді. Көктемгі жауын-шашын мөлшері бұл дақылдар өсімдіктерін түптек кезеңдерінде өсімдіктер судың ең көп көлемін тұтынады.

Ерте жаздық астық дақылдары арасында арпа құрғақшылыққа ең төзімді дақыл болып табылады. Ол алғашқы даму кезеңінде, тез өсуіне байланысты құрғақшылық пен тұздылыққа төзімді болғандықтан, ыстық ауа райы қалыптасқанша едәуір жетіліп қалады. Сондықтан, арпа сұлы мен бидайға қарағанда, тұрақты және жоғары өнім береді. жаздың алғашқы жартысында болатын құрғақ және ыстық ауа райына дейін астықты Қысқы-көктемгі ылғал қоры өніп-өсу дәуірі қысқа арпаның толық пісіп-жетілуін қамтамасыз етеді [3].

Жылуға талабы. Ерте жаздық астық дақылдарының өніп-өсуі және дамуы қоршаған ортаның және топырақтың температурасына байланысты. Бұл дақылдардың тұқымдарын ерте себуге болады, топырақ температурасы $1-2^{\circ}\text{C}$ жеткенде себе беруге болады. Бірақ, мұндай температурада тұқымның өнуі, өскіндердің жердің бетіне шығуы баяу жүреді. Өскіндердің кешігіп шығуының басты себептеріне топырақ температурасының төмендігі, топырақтың су өткізгіштік қабілетінің нашарлығы және тұқымның топырақ ылғалын өз бойына баяу сіңіруі жатады. Бұл дақылдардың өсуі үшін қолайлы температура $15-20^{\circ}\text{C}$ болып табылады. Арпа, басқа ерте жаздық дақылдарға қарағанда, жоғары температураға төзімді болып келеді. Ауа температурасы $38-40^{\circ}\text{C}$ болғанда сұлы өсімдігі жапырақтарының устьицаларының жабылу қабілеті 4-5 сағат болса, жаздық бидайда 10-17 сағат, ал арпада 25-30 сағатқа созылады. Арпаның толық дамуына қажетті белсенді температура жиынтығы ерте пісетін сорттар үшін $1000-1500^{\circ}\text{C}$, кеш пісетін сорттар үшін $1800-2000^{\circ}\text{C}$ –ты құрайды [3].

Әртараптандыру дақылдарын күріш ауыспалы егісінде жақсы алғы дақылдан кейін орналастыру олардан тұрақты және жоғары өнім алуға мүмкіндік береді. Сегіз танапты күріш ауыспалы егісінде, әртараптандыру дақылдарын орналастыруды қарастырғанда, арнайы күріш ауыспалы егісінің үш сызбасы ұсынылып отыр, мұнда негізгі дақыл күріштің үлесі 37,5-50% болады.

Әртараптандыру дақылдарының өсіру технологиясы. Әртараптандыру дақылдарын өсіру технологиясының тыңайтқыш беру жүйесін, ауыспалы егістегі орнын және топырақ

өңдеу жүйесін дұрыс таңдау ұсынылады. Негізінен бұл дақылдар өніп-өсу кезеңінің бастапқы сатыларында орта жағдайларына жоғары талаптар қояды, сондай-ақ олар қоректік заттарды қысқа мерзім ішінде қарқынды тұтынады және дамымаған тамыр жүйесін қалыптастыруға байланысты, салыстырмалы түрде сіңіру қабілеті әлсіз болады [3].

Ауыспалы егістікке дұрыс орнастырғанда кез-келген дақылдан жоғары және тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді. Институт ғалымдары әзірлеген, жаңа ғылыми негіздегі ауыспалы егіс сызбасы бойынша күріш ауыспалы егісіне әртараптандыру дақылдарын орнастырғанда, күріштің үлесі 37,5-50% болады.

Жалпы өнімділік пен жанама сабақтарының қалыптасуына және көктеуіне жақсы ықпал ететін ылғалдың үлкен қоры қажет, сондықтан ұсынылған үш сызба бойынша әртараптандыру дақылдарын күріштен кейінгі 1-ші және 6-шы егіс танаптарында орналастырған дұрыс. Мұнда бүкіл өніп-өсу дәуірі бойынша өсімдіктің дамуы мен қалыпты өсуін қамтамасыз ету үшін ылғал қоры жетілікті болады, күріштен кейін орналасатын дақылды сепкенде көктемгі суару жүргізілмейді.

Кесте көрсетілгендей, бірінші танапта әртараптандыру дақылдары жоңышқа үстіне бүркеме есебінде себілген, ауыспалы егістің алтыншы танабында түйе жоңышқа мен бүркеме дақылдарды тиімді қолдану сызбасы келтірілген, мұнда әртараптандыру дақылын жинап алғаннан кейін, екінші дақылдан сапалы жасыл азық, шөп алып, келесі жылы түйежоңышқаны жасыл тыңайтқыш есебінде пайдалануға мүмкіндік бар, сөйтіп жерді мейлінше ұтымды пайдалануға және мелиоративтік жағдайын жақсартуға болады [4].

Кесте - 1

Күріш ауыспалы егісінде әртараптандыру дақылдарды орналастыру

р/н	1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа
1	Ә.Д + жоңышқа	Ә.Д + жоңышқа	Ә.Д + жоңышқа
2	2- жылдық жоңышқа	2-жылғы жоңышқа	2- жылғы жоңышқа
3	3- жылғы жоңышқа	3- жылғы жоңышқа	3- жылғы жоңышқа
4	Күріш	Күріш	Күріш
5	Күріш	Күріш	Күріш
6	Ә.Д+түйежоңышқа	Ә.Д + құмай	Ә.Д+ түйежоңышқа
7	Екі жылдық түйежоңышқа	Күріш	Сидерат+күріш
8	Күріш	Күріш	Күріш
	Ә.Д -25%, жоңышқа 25% (37,5%) түйе жоңышқа 12,5%, (25%) Күріш -37,5%	Ә.Д-25%; (құмай12,5%) жоңышқа 25%, (37,5%) Күріш -50%	Ә.Д-25%; жоңышқа 25% (37,5 %;) түйе жоңышқа (25%) Күріш –(50%)

Ескерту: Ә.Д- әртараптандыру дақылдары (арпа, сұлы, бидай т.б.)

Әртараптандыру дақылдарының топырақ өңдеу жүйесі. Күріш егістігін жинап алысымен, күзде жерді 25-27 см тереңдікте сүдігер жырту қажет. Ал , көктемгі топырақ өңдеуде дискілеу (БДТ-3, БДТ-7), артынша топырақтың ылғалдылығын сақтау үшін жеңіл тырмамен тырмалау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, атыз беті тегістелінеді. Одан кейін дискілі тырмамен (БДТ-3, БДТ-7) минералды тыңайтқыштардың ұсынылған мөлшері енгізіледі де, топырақ беті тісті тырмамен тегістеледі. Тұқым себу жұмыстары аяқталған соң, міндетті түрде тегіс катокпен тапталады. Топырақты тұқым себу алдында тығыздау тұқымның топыраққа біркелкі жақсы енуін қамтамасыз етеді, ал себуден кейінгі тығыздау тұқымның топырақпен жанасуын жақсартып, өскіндердің пайда болу мерзімін қысқартады және төменгі қабаттағы ылғалдың көтерілуіне мүмкіндік береді. Тығыздау жұмыстары жеке немесе басқа топырақ өңдеу әдістерімен бірге орындалады. Сөйтіп, ол топырақты кебуден және топырақтағы ылғалдың жойылуынан қорғайды.

Тыңайтқыш қолдану жүйесі. Әртараптандыру дақылдарына тыңайтқыштарды дұрыс қолданғанда олардың өнімділігі едәуір жоғарылайды, өсімдіктердің ауруларға, зиянкестерге және құрғақшылыққа төзімділігі артады және дәннің азықтық сапасы жақсарады. Тұқымды сепкеннен кейінгі алғашқы 15-30 күндегі қоректік заттардың жетіспеуі тұқымның өнуін және өсімдіктің өсуін кешіктіреді және көмірсудың түзілуі мен генеративті мүшелерінің қалыптасуына кедергі келтіреді, сонымен қатар ауруға және жығылуға төзімділігі төмендейді, дақыл өнімділігі күрт кемиді [5].

Себу мерзімі. Ерте себу – әртараптандыру дақылдарынан жоғары өнім алудың бірден-бір негізгі кепілі. Ауа райының салқын және топырақтағы ылғалдың жеткілікті мөлшері егін көгінің біркелкі шығуы мен тамыр жүйесінің жақсы жетілуіне мүмкіндік береді. Себудің ерте мерзімі өсімдіктің саңырауқұлақты аурулармен зақымдануын азайтады және өсімдік швед шыбынының ұшып шығу уақытына дейін, яғни құрғақ мезгіл түспей тұрып жапырақтанып үлгіреді.

Тұқым себу. Тұқым себуда ірі, толық, өну энергиясы 80%-дан жоғары және 1000 дәннің салмағы бойынша сорт сипаттамасына сай келетін тұқым пайдаланылады. Мұндай тұқым біркелкі өніп, өскіндердің жақсы өсуін қамтамасыз етеді. Тұқым жай қатараралықты (15 см) СРН-3,6 тұқым сепкішімен 3-4 см тереңдікте себіледі. Егілетін тұқымдар зиянкестер және аурумен зақымданбауы үшін 50 %-дық фундазол (2,5-3,0 кг/т), 75%-дық витавак 200 (2,5-3,0 кг/т) дәрілерімен дәріленуі керек. Дәрілеу жұмыстары құрғақтай және жартылай құрғақтай тәсілімен жүргізіледі. Тұқымды құрғақтай дәрілеуді ертерек, себуден 2-3 ай бұрын орындауға болады. Ылғалдылығы 14% шамасында болатын тұқым өңдеуге алынады, мұндай жағдайда препарат жақсы әсер етеді, өңделген тұқым жоғары өнгіштікпен көктемге дейін жақсы сақталады. Ал ылғалдылығы 17%-дан жоғары болатын тұқымды жартылай құрғақтай әдісімен себу алдында, 2-3 күн бұрын өңдейді.

Сонымен қатар, егінді жинау жұмыстары, әдетте тұқым ерте мерзімде себілгенде қолайлы метеорологиялық жағдайда жүргізіледі. Осындай қолайлы себу мерзімі облыстың оңтүстік аймағында наурыздың үшінші онкүндігі мен сәуірдің бірінші онкүндігінде, орталық аймағында сәуірдің бірінші және екінші онкүндіктерінде, ал солтүстік аймағында сәуірдің үшінші және мамырдың бірінші онкүндігінде басталады. Аймағымыздағы құрғақ дақылдар үшін себу мерзімінің ұзаруы негізгі шектеуші фактор, сондықтан тұқым себу науқанын топырақтың жырту қабатындағы ылғал тез азаятындықтан қысқа мерзімде аяқтау қажет (10-15 күн аралығында), бұлай болмаған жағдайда тұқым себуден соң, топырақты қайта ылғалдау үшін суарылуы мүмкін, алайда бұл суарылатын судың, сондай-ақ топырақ өңдеудегі технологиялық операциялар санының артуына, сөйтіп, жанар-жағар майдың шығындануына әкеледі. Тұқымның кеш себілуі өнімділіктің төмендеуіне әкеледі, сондықтан әртараптандыру дақылдарының тұқымын, трактордың жүру мүмкіншілігі мен топырақтың физикалық пісу мерзіміне байланысты, ертерек себуді мақсат ету керек.

Арпа, бидай, сұлы – жаппай себу әдісімен себілетін дақылдар, олардың барлығын жаппай және тар қатараралықты әдісімен сепкен дұрыс. Тұқымды тар қатараралықта сепкенде қолайлы қоректену алаңы қалыптасып, өсімдіктің жайлы ортада өсуі мен дамуына жақсы жағдай туады. Қолайлы тұқым себу тереңдігі 5-6 см, ол топырақтың ылғалды қабатына байланысты өзгеруі мүмкін. Күріш ауыспалы егісінің тұзды топырағында егілген арпа, бидай, сұлының өнімділігі тығыздығына байланысты, біздің зерттеулерімізде жоғары өнімділік, егістің бір шаршы метрінде 500-550 дана өнімді сабақ болғанда алынды. Мұндай жоғары өнімділік тұқымды 5 млн.өнгіш дән/га немесе 200 кг/га сепкенде байқалды. Әртараптандыру дақылдарын бүркеме дақыл ретінде екенде тұқым себу мөлшерін 15-20% арттыру қажет [4,6].

Егістікті күтіп-баптау. Өніп-өсу кезеңдерінде, атап айтқанда, өскіндер толық пайда болған кезде топырақ бетіндегі тұзды қабыршақтарды жою үшін жеңіл тырмамен қопсыту жұмыстары жүргізіледі (Қызылорда облысында жиі кездесетін құбылыс). Бұл операция қабыршақтарды жояды, тамырды жеткілікті ауамен қамтамасыз етеді, арамшөптерді және фузариозды тамыр шірік ауруларын болдырмайды. Арамшөптермен күресуде өсімдіктің

түптену кезеңінде химиялық шаралар жүргізіледі. Біржылдық астық тұқымдас арамшөптерді (шиін, күрмек) жою үшін Пума-Супер 7,5% (майлы-сулы эмульсия) және 10%-дық Пума-Супер (эмульсия концентраты) гербицидтері, тиісінше 0,8-1,2 л/га және 0,6-0,9 л/га мөлшерде қолданылады.

Дәнді дақылдарда зиянкестердің көп болуына байланысты, олар көпқоректі және маманданған болып бөлінеді. Көпқоректілердің ішінен кеңінен таралғандар қатарында сымқұрттар мен жалған сымқұрттар, тақтамұртты дернәсілдер, кеміргіш көбелек жұлдызқұрты, шегіртке тұқымдастар және астық биттері кездеседі.

Астықтың үлкен биті, астықтың кәдімгі биті және раушанды-астық биті – бидай, қарасұлы, күріш және қара бидайға залалын тигізсе, арпаның биті барлық масақты дақылдарға зиян келтіреді, әсіресе арпа дәніне қатты залал келтіреді. Битпен көбірек залалданған өсімдіктердің өсу деңгейі төмендейді, ал жоғарғы дәрежеде залалданған бөлігі бұралып, жапырақтары қурап, пішіні өзгеріп, масақтары әлсізденеді. Өсімдікке ылғал жетіспегенде, биттердің қауіптілігі күшейе түседі. Дәнді дақылдар егісінің бір шаршы метрдегі өсімдіктерде 40-50 дана биті болғанда немесе өсімдіктің 50 пайызы залалданған жағдайда химиялық күрес шараларын жүргізеді, егістік Актеллик 500 к.э. 1,0 л/т немесе Энжио 247 с.к. 0,1-0,15 л/т инсектицидтерімен өңделеді.

Астық дақылдарының бірден-бір ең қауіпті ауруларының бірі – қатты және тозанды қара күйе және фузариозды тамыр шірік ауруы. Қатты және тозанды қара күйе ауруларының белгілері дәnnің сүттену-балауыздану кезеңінде байқалады. Аурумен зақымданған масақ жеңіл болады және оның түсі, сау масаққа қарағанда, сұрғылт көк түске боялады. Масақ қабыршағы ісініп, қылтығынан оңай ажырайды. Зақымданған масақты үгіткен кезде, масақтың іші қара күйеге толады және одан жағымсыз иіс шығатынын байқауға болады. Қатты қара күйе ауруымен химиялық күресте тұқымды 20%-дық Колфуго-Супер с.с. (су суспензиясы)–1,5-2 л/т және 6%-дық Раксил – 0,4 л/т препараттарымен дәрілеу ұсынылады [4,5].

Өнімді жинау. Арпа, бидай, сұлы дақылдары өнімін жинаудағы басты міндет- жинау мерзімін дұрыс анықтау, оны қысқа мерзімде және ысырапсыз жүргізу. Жалпы егінді кеш жинау өнімді жоғалтуға әкеледі, сол үшін өнім жинау жұмыстары ерте мерзімде бөлектеу әдісімен, дестелегіштермен орып, комбайнмен бастыру арқылы жүргізіледі. Ерте жаздық дәнді дақылдарды бастырғаннан соң, алынған өнімді 12-14% ылғалдылыққа дейін кептіру керек [6].

Әдебиеттер:

1. Зеленский Г.Л., Тауенов И.А., Қаймолдаева Қ.А., Есеналиева Н., Біләлұлы Қ. Қазақстандық Арал өңірі жағдайында күріштің шетелдік және отандық сорттарын өсірудің ерекшеліктері// Қорқыт Ата атындағы ҚМУ хабаршысы, 2016 ж. № 1.
2. Тохетова Л.А. Особенности селекции ярового ячменя на засоленных почвах рисовых систем Казахского Приаралья //Вестник с-х науки, №3, 2011. –С. 19-25.
3. Гамзикова О.И., Федулова Н.М., Биохимические особенности зерна сортов ячменя и взаимосвязь их с урожаем // Селекция и семеноводство зерновых культур, ВАСХНИЛ. -1980. –С.59-63.
4. Система сельскохозяйственного производства Кызылординской области // Алматы: «Бастау», 2002. – 511 с.
5. Тохетова Л.А., Шермагамбетов К., Новые солеустойчивые сорта ярового ячменя Сыр Аруы и Инкар // Научно-технический сборник «Новости науки Казахстана», №2, 2011.- С.4-9.
6. Рекомендации по проведению весенне-полевых работ в Кызылординской области /Умирзаков С.И., Тауенов И.А. и др./ Издано в рамках мероприятий системы распространения знаний в сфере АПК, Астана , 2011. -62 с.

УДК 331.101.3:37.03:378

РОЛЬ САМОРАЗВИТИЯ В ПРОЦЕССЕ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА В УСЛОВИЯХ ВУЗА

Л.В.ЗУБОВА, доктор психологических наук, профессор,
Оренбургский государственный университет, Российская Федерация,
М.А.АЙТБАЕВА, кандидат педагогического наук, Кызылординский
государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В статье раскрывается роль саморазвития в сложном процессе социализации личности студента в условиях университета. Период обучения в вузе в жизни молодого человека во многом определяет становление личности в целом, способствует социализации личности студента.

Опираясь на анализ научной литературы дается сущностная характеристика процесса социализации личности, приводятся различные трактовки термина. Подробно рассматривается принцип социализации студента, который связан с характером преподавания и индивидуальной формой усвоения, с созданием необходимых условий для замены индивидуальной мотивации на социальную, с воспитанием социально зрелой личности.

Подробно рассматривается процесс саморазвития как одна из целевых функций вузовского образования. Приводятся различные трактовки данного термина. Подчеркивается значение культурно-творческой функции вуза, способствующей саморазвитию и самосовершенствованию личности студента. Определяются закономерности саморазвития студента в образовательном пространстве университета. В статье предлагаются различные формы, методы и средства, направленные на саморазвитие в учебном процессе. Необходимое условие для саморазвития – это активность личности. Выделяется роль саморазвития в процессе социализации личности студента в условиях вуза.

Ключевые слова: социализация, социализация личности студента, социальная среда, саморазвитие, активность.

Андатпа

Мақалада университет жағдайындағы студенттің тұлғалық әлеуметтендіру процесіндегі өзіндік дамытудың ролі айқындалады. Жоғары оқу орындағы оқу мерзімінде жас адам өміріндегі тұтастай тұлғалық қалыптасуы анықталып, әлеуметтендіру процесіне икемделеді.

Ғылыми әдебиеттің талдауына негізделіп тұлға әлеуметтендіру процесіне мәнді сипаттама беріліп, терминнің әр түрлі анықтамалары келтіріледі. Мақалада студенттің әлеуметтендіру принципі толық қарастырылады. Ол оқыту жағдайымен, жеке меңгеру түрімен, әлеуметтік жетілген тұлғаны тәрбиелеумен байланысты.

Өзіндік дамыту процесі жоғары оқыту орнындағы білім берудің қызметі ретінде толық қарастырылады. Терминнің әр түрлі анықтамалары келтіріледі. Студент тұлғасының өзіндік дамыту және жетілдіру процестеріне әсері ЖОО мәдени-шығармашылық қызметінің маңыздылығы ретінде нақты көрсетіледі. Студенттің өзіндік дамыту заңдылықтары университеттің жағдайында анықталады. Мақалада өзіндік дамыту процесіне бағытталған әр түрлі формалар, әдістер және құралдар ұсынылып отыр. Өзіндік дамытуға қажетті шарты – тұлғаның белсенділігі. Студент тұлға әлеуметтендіру процесіндегі өзіндік дамытудың ролі университет жағдайында ерекше айқындалады.

Кілт сөздер: әлеуметтендіру, студент тұлғасының әлеуметтендіруі, әлеуметтік орта, өздігінен даму, белсенділік.

Annotation

The article touches upon the role of the self-development in the complicated process of socialization of student's personality within the university. In the life of young man the tuition period in university mainly determines the formation of personality in the whole, promotes the socialization of student's personality.

Based on the analysis of scientific literature, the authors give the significant characteristics of the process of personality's socialization, as well as diverse interpretations of the term. The article deals with the principle of student's socialization which is linked with the manner of teaching and individual form of acquisition, the creation of necessary conditions to substitute the individual motivation to social one and the bringing up of socially mature personality as well.

The process of self-development as one of the target functions of university education is considered in detail. The various interpretations of this term are given too. The authors emphasize on the significance of the cultural and creative function of the higher educational institution which promotes the self-development and self-improvement of student's personality. The regularities of student's self-development in educational space of university are determined. In the article the authors offer the diverse forms, methods and means focused on the self-development in the educational process. The important condition for self-development is the activity of a student. The role of self-development in the process of socialization of student's personality within the university is emphasized as well.

Keywords: socialization, socialization of personality of student, social environment, self-development, activity.

Одной из ведущих проблем вузовского образования, где осуществляется не просто оснащение знаниями и умениями, а и воспитывается всесторонне развитая личность, способная быть конкурентоспособной на рынке труда, является проблема социализации личности студента в условиях университета.

Говоря о понятии «социализация», мы имеем в виду отношения личности и социальной среды. С момента своего рождения человек растет и развивается в определенном социальном пространстве. Процесс включения индивида в социум, усвоения социального опыта, превращения его в личность определяется как процесс социализации. Социализируясь, человек становится полноправным членом общества, социальных групп, в которых проходит его жизнедеятельность, мнение и взгляды которых имеют на него влияние.

Принцип социализации в дидактике одними из первых употребляли Каласинский К. и Оконь В., которые связывают его:

1) с коллективным характером преподавания и индивидуальной формой усвоения. Для последнего значимы умения взаимодействия в познавательной деятельности с группой, с коллективом, в котором индивид получает в этом сотрудничестве новые знания, навыки творчества и сотворчества;

2) с созданием необходимых условий для замены индивидуальной мотивации на социальную. Это становится возможным, когда организуется групповое взаимодействие для самостоятельного решения проблемных задач (например, проблемная группа, которая в совместной работе над научной проблемой стимулирует индивидуальное самообразование участников по поводу конкретного ее ракурса или проблемы в целом;

3) с воспитанием социально зрелой личности, способной специализироваться в человеческом обществе [1].

Изучая в своем исследовании процесс социализации личности студента Сундетова У.Ш. пишет, что по мнению одних авторов, процесс социализации сводится к процессу адаптации, приспособления личности к новому стилю жизни, определенным видам деятельности в новой социальной среде, ее культурным и психологическим факторам. (Парсонс Т., Мертон Р., Торндайк Э., Уолтерс В., М.Бехтерев В., Лазурский А.Ф.). Они подчеркивают приоритет общественного воздействия и считают общество доминирующим в процессе социализации.

По мнению других исследователей, процесс вхождения индивида в социум рассматривается как процесс самоактуализации и самореализации личностью своих индивидуальных способностей и творческого потенциала, и ведет за собой изменения и в структуре социальной среды и в структуре личности. Активная личность при взаимодействии со средой не просто усваивает ее социальный опыт, она способна активно выбирать, управлять, менять, и сопротивляться различным препятствиям на пути самоутверждению, способна изменять эту среду, и влиять на процесс социализации (Бандура А., Олпорт Г., Роджерс К., Бернштейн Б., Уэнтворт У.М.). То есть доминантой и объектом изучения в общественных отношениях в процессе социализации является личность.

В настоящее время, обсуждая проблему социализации, о ней говорят как о двустороннем процессе, который включает в себя как усвоение опыта и требований, необходимых для участия личности в жизни данного общества, так и активное влияние личности на нее. Таким образом «человек в процессе социализации выступает и как объект, и как субъект общественных отношений» [2]. По мнению Петровского В.А., понятие «социализация» определяется как обогащение социальным опытом, реализация себя в нем как личности, как процесс превращения индивида в социальный субъект через интеграцию его в общество посредством усвоения им культуры (ценностей, установок и т.д.) [3].

Период обучения в вузе в жизни молодого человека во многом определяет становление личности в целом, способствует социализации личности студента. Процесс социализации находится в неразрывной связи с такими процессами, как адаптация, саморазвитие и самореализация личности.

Саморазвитие является одной из целевых функций вузовского образования. Поступив в вуз, сменив школьный класс на лекционную аудиторию, студент выходит на качественно новый этап саморазвития.

Еропкина А.С. и Путинцева В.А. приводят различные трактовки понятия «саморазвитие»: «саморазвитие как следствие развития сознания, самосознания, самопознания; как реализация потребностей в самостабилизации; идея человека как «автора самого себя»; саморазвитие как частное проявление самодвижения материи, как основной путь движения человека к личностной зрелости, одна из существенных его потребностей; саморазвитие - это естественный путь самотворчества, это функция человека, особый долг перед собой и человечеством» [4].

In modern linguistics, language is increasingly being explored as the spiritual and cultural richness of the people, since each language is an integral system that includes the history of the nation, its language culture and worldview, character and consciousness, customs and traditions. Therefore, we can say that language is not only a system of signs, but culture. That is why, when studying it from this perspective, the possibilities of traditional structural linguistics are limited. Language performs not only a communicative function: it collects; stores and transmits ethno-cultural information to subsequent generations, thereby realizing the connection of generations.

In modern Kazakh linguistics, new directions in linguistics (cognitive linguistics, linguacultural study, ethno linguistics) develop at the junction of language and culture, exploring the manifestations in the language of a national character features, the spirit of the people.

The main task of higher educational institutions is the preparation of highly educated specialists in accordance with modern requirements, therefore, with the professional training of students it is necessary to use advanced technologies, effective methods and ways of teaching the state language.

Keywords: state language, personality, national existence, names of weapons, names of national dishes, names of jewelry, names of household utensils, dishes.

Қазіргі заманда кәсіби тұрғыдан жан-жақты дайындалған мамандарды шығаратын қоғамдық статуска ие болған жоғары білім жүйесіне жаңа сапа беру қажеттілігі туып отыр. Оқытушы студентке білім берумен қатар оның бойында ізденуге, талпынуға, тануға, жұмыс істеуге, басқа адамдармен араласып, өмір сүруге деген қабілеттіліктерді де қалыптастырады [1].

Осы мақсатта қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту арқылы еліміздің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі т.б. туралы білім беру негізінде қазақстандық ЖОО студенттерінің адамдық, азаматтық қасиеттерді бойына сіңірген жеке тұлға болып қалыптасу мәдениетіне үлкен ықпал жасалады. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда жаңа сабақты игертумен қатар, жеке тұлғаның бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Яғни, тілдің ішкі мүмкіншіліктерін лингвомәдениеттану тұрғысынан талдай отырып, осы тұрғыдан студентке үйрететін болсақ, студенттің тек жоғары білікті маман ғана емес, сонымен бірге рухани дүниесі мол адам болып қалыптасуына, сол жолда өмір сүретін сенімді әдістер мен тәсілдерді игеруіне жол қалар едік [2,20]. Осы мақсатта тіл үйренушілерге берілетін мәтіндер күннен-күнге күрделеніп, олардың лексикалық қорын дамытуға әсер етуі керек. Бұл кезде тіл үйренушілер қазақ тілін қаншалықты деңгейде меңгере бастағандарын сезуі керек [3,92].

Ұлттың болмыс-мазмұнын тұтас мәдени жүйе ретінде өз бойында сақтаған құнды этномәдени дерек ретіндегі тілдік бірліктерді «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес жинақтап, жүйелеу, талдау игілікті де өзекті іс болмақ [4,5]. Осы тұрғыда төл мәдениетіміздің өткен дәуірлерінен елес беретін ұлттық бояуы қанық алуан түрлі этномәдени атаулардың тілдік табиғатын фольклорлық шығармалардан тауып, олардың ұлттық мазмұнын оқушыға түсіндіру негізгі міндет болып табылады. Фольклорлық шығармаларды тандауымыздың себебі, оның бойында халықтың өткен өмір жолын бейнелейтін бай тілдік деректер сақталған. Қазақтардың ішкі жан-дүниесі, рухани байлығы, ұлттың болмысы, мәдениеті, тарихы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қобыланды батыр» т.б. сияқты эпостық, лиро-эпостық жырларда тамаша бейнеленген. Студенттерге «Қыз Жібек» және «Қобыланды батыр» жырлары алдын-ала ұсынылады, оларға жырдың мазмұнын түсініп, мәтінде кездесетін ұлттық болмысты бейнелейтін сөздерді, сөз тіркестерін (этномәдени атауларды) табу тапсырылады.

1-тапсырма. *Киім атауларын табыңыз, түсіндірме сөздік арқылы мағыналық қолданысын анықтаңыз.*

Өзі алты жасында

Кәмшат бөркі басында (16-б.);

Тоқсанға келген атамның

Бұтында жоқ ыстаны
Тізесіне тон жетпей
Қызылбастың елінде
Қаратабан болып жүргенде (47-б.);
Белдемшесі белінде
Қызылбастың елінде (47-б.);
Төбеге шашты түйеді
Ноғай бөркін киеді (88-б.);
Кеңіп еді өрісім
Алтыннан еді кебісім (105-б.);
Ағын судың сағасы
Берен тонның жағасы (129-б.);
Құндыз бөрік басында
Әскері бар қасында (130-б.);
Сусар бөркі басында
Өкім құла ат астында...(141-б.).

Кәмишат бөрік – кеміргіштер тұқымдасына жататын терісі бағалы аң, құндыздың бір түрі. *Кәмишат бөрік* – *кәмишат терісінен жасалған баскиім*. (ҚТТС, -А., 2008ж., 370-б.).

Ыстан – ұзын балақты дамбал. (ҚТТС, -А., 2008ж., 948-б.).

Тон – иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырткиім. (ҚТТС, -А., 2008ж., 810-б.).

1.Белдемше – тойға көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі. (ҚТТС, -А., 2008ж., 125-б.).

2.Белдемше – алдыға байланатын алжапқыш. (ҚТТС, -А., 2008ж., 125-б.).

Берен – *қымбат асыл мата* (ҚТТС, -А., 2008ж., 127-б.).

Сусар – суда жүретін қоңыр түсті, терісі бағалы кішірек аң (ҚТТС, -А., 2008ж., 744-б.).

2-тапсырма. *Қарамен жазылған сөздердің мағынасын қазақ тілінің түсіндірме сөздігі арқылы табыңыз.*

Тобылғы торы ат астында
Қаршығасы қолында
Тазысы ерткен соңында (16-б.);
Құмай тазы соңында
Көрсек киік заулайды (17-б.);
Ителгі құстай іледі
Сүйкімді назбен күледі (31-б.);
Мінбекке керек қазанат
Беліне керек шарболат
Төсіне керек жалаңқат (32-б.).

Тобылғы – Раушангүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта. *Тобылғы торы* – тобылғы тәріздес торы түс. (ҚТТС, -А., 2008ж., 804-б.).

Қаршыға – *шағын денелі, имек тұмсықты қыран құс*. (ҚТТС, -А., 2008ж., 488-б.).

Тазы – аң алатын жүйрік ит, құмай. (ҚТТС, -А., 2008ж., 772-б.).

Құмай – Тазы иттің ең жүйрік, шалымды түрі. (ҚТТС, -А., 2008ж., 540-б.).

Ителгі құс – Сары шұбар, қанаты ұзын, мойны ақ жағал, кішкене қыран құс. (ҚТТС, -А., 2008ж., 360-б.).

Қазанат – Ұзақ жолға шыдамды, мықты ат, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы. (ҚТТС, -А., 2008ж., 451-б.).

Шарболат – Батырлар киетін болат сауыт. (ҚТТС, -А., 2008ж., 904-б.).

Жалаңқат – Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт. (ҚТТС, -А., 2008ж., 255-б.).

3-тапсырма. *Жануарлардың атауларын жасына қарай және жынысына қарай анықтап, мағыналық ерекшелігін түсіндіріңіз.*

Құртқаның баққан Бурылы
Жасына толып тай шықты,
Жалтырап маңдай ай шықты,
Тайдан құнан бұл шықты;
Құнаннан шығып дөненді
Күн көрмеген көбенді;
Бестісінен үйретті
Жібек арқан құлаштап (27-б.);
Қырық күнге шейін бурылға
Құлықтың сүтін емізді.
Және қырық күн біткенше
Қысырдың сүтін емізді (125-б.);
Екі тоқты, бір саулық
Берер едім қырқарға (33-б.).

4-тапсырма. *Қарамен жазылған сөздерді берілген баламалармен сәйкестендіріңіз.*


тай	Үш жастан асқан қозылы қой
құнан	Екі жасқа әлі толмаған жылқы
дөнен	Үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы
бесті	Төрт жасар мал
құлық	Бес жасар жылқы
тоқты	Тұмса құлындаған жас бие
саулық	Қойдың алты айдан асқан төлі

5-тапсырма. *Мәтінді қажетті сөздермен толықтырыңыз.*

Дүрия ... белсеніп,
Бұл дүниені кең салып,
Алтынды ... қолға алып,
Абжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады (Қыз Жібек, 29-б.);
Көш алдына қараса, бір қыз кетіп барады;
Қара ... мінгені,
Қара ... кигені (Қыз Жібек, 31-б.);
Танадай көзі жалтылдап,
Алтынды ... сартылдап,
Көшті тартып барады (Қыз Жібек, 33-б.);
Кебісінің өкшесі
Бұхардың гаухар тасындай (Қыз Жібек, 42-б.);
(бешпент, қамшы, жорға, торқа, кебіс).


6-тапсырма. *Төменде берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыз.*
Арқан, күйме, дарбаза, арба, мазар, бақал, әбдесте, сандық, қоржын, қап, т.б.

7-тапсырма. Төмендегі сөздерді (зергерлік атауларды) лексика-семантикалық топтарына сәйкес кестеге орналастырыңыз.



1. Бет моншақ
2. Білезік
3. Жырға
4. Қапсырма
5. Көзотаға
6. Балдақ
7. Айшық
8. Алқа
9. Тана
10. Белбеу

8-тапсырма. Фразеологиялық тіркестер құрамындағы этномәдени атауларды дұрыс анықтаңыз.



9-тапсырма. Кестеде берілген қолөнер бұйымдарының қайсысы мына мағынаға сәйкес келеді.

Аяққап	Кептірілген шикі теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырып, содан кейін ысқа салып төрт бойдан құрастырылған тері ыдыс.
Жанторсық	
Саба	
Асадал	

10-тапсырма. Сабақтың соңында жаңа сабақты қорытындылау мақсатында студенттерге үй тапсырмасы беріледі:

Қазақтың бай мәдени лексикасындағы сөздер мен сөз тіркестерін (этномәдени атауларға қатысты) мәтіннен тауып, түсіндірме сөздік арқылы мағынасын ашыңыз:

- а) Еңбек құралдарының атаулары
- ә) Ыдыс-аяқ атаулары
- б) Киіз үйдің құралдарының атаулары
- г) Малға қатысты қолданылатын құрал-жабдық атаулары
- д) музыкалық аспаптар атаулары
- е) тұрмыс бұйымдары жасалатын материалдың атаулары
- ж) қару – жарақ атаулары
- з) ұлттық тағам атаулары

Жалпы, бұл тақырыпты таңдауымыздағы негізгі мақсат өзге тілді аудиторияның жалғастырушы топ студенттеріне халық фольклорында белсенді қолданылған, кеңінен бейнеленген мәдениет атауларын таныстыру, сөздердің ішкі мәні мен мағынасын, түрлі семантикалық қасиеттерін жете меңгерту болып табылады. Қазақ фольклорында жинақталған лексика тарихи құндылығымен бағаланатын қазақ халқының рухани және материалдық байлығын бейнелейтін заттарды атап көрсететеді [4,185]. Сол себепті, лексикалық тапсырмаларды анықтап, оларды әдістемеге енгізу барысында сөздердің мағынасына, тақырыпты ашу қызметіне, айтылуына, әуезділігіне назар аударылады. Ұсынылған жұмысымызда лексикалық дағды қалыптастыруда қолданылатын жаттығулардың ең тиімдісі ретінде лексикалық тапсырмалар жүйесі алынды.

Әдебиеттер:

1. //Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы, - 2013. - №1 (40)
2. Жұматаева З.Н. Қазақ тілін түріктілді студенттерге лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемесі: пед.ғыл.канд. ... дисс. –Алматы, 2007.
3. Бейсенбекова Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйретудің әдістемесі: пед.ғыл.канд. ... дисс. –Алматы, 2001.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы, 2008.

СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ТІЛДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАСТЫРУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

К.С.ҚАМЗАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекетінде тілдің қатысымдық тұрғыдан қарастырылуы сөз етіледі. Білім беру әдістерінің қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген бірнеше түрлеріне тоқтала отырып, автор олардың тіл меңгертудегі маңызына тоқталады. Оқытуда тілдік материалдарды игерудің диалогтық, үйрету әдістері, ауызша мазмұндау, мәнерлеп оқу әдістерінің ерекшеліктерін айқындайды. Жалпы тіл меңгертудегі практикалық және теориялық үйрету әдістерінің басты артықшылықтарын ашып көрсетеді.

Автор баса көңіл бөлген екінші мәселе – сөйлеу әрекетін қатысымдық тұрғыдан оқыту. Сөйлеу әрекетінің бірнеше қырларын айта келіп, оның сөйлемнен аражігін ажырататын тұстарын сөз етеді. Сөйлеу әрекетіндегі басты тіл - сөйлеу, тіл - ойлау, олардың ішінде қазақ тіліндегі жиі кездесетін сөйленімнің басқа тіл бірліктерінен айырмашылығы мен ұқсастығы, өзара байланысы, талдау әдістеріне тоқталады. Мақала авторы сөйленімнің басқа тіл бірліктерінен айырмашылығы мен ұқсастығы, өзара байланысын нақты мысалдарды негізге алады. Сөйленімнің пайда болу тетіктерін, оның қатысымға әсерін және қарым-қатынаста қалай жүзеге асатыны мен түрлерін анықтау әдістерін көрсетеді.

Кілт сөздер: *диалогтық оқыту, қатысымдық оқыту, сөйленім, тіл - сөйлеу, тіл - ойлау, тілдік құзыреттілік, қатысымдық құзыреттілік.*

Аннотация

В статье рассматривается вопрос использования коммуникативного метода обучения при изучении предложений в казахском языке. Автор статьи останавливается на некоторых широко используемых современных методах обучения и подчеркивает их значение при изучении языка. Особое внимание уделяется таким методам обучения, как обучение диалогической речи, устный пересказ, выразительное чтение; выявляются преимущества использования данных методов при практическом и теоретическом изучении языка.

Следующий вопрос, которому уделяется внимание в статье, – это вопрос изучения произношения, особенности высказывания. Рассматривая особенности приложения, автор останавливается на их отличии от говорения. В статье дан анализ приложений, наиболее часто используемых в текстах. Это обособленные, двойные и добавочные приложения. При анализе и классификации приложений автор приводит конкретные примеры: в работе показаны методы анализа приложений, используемых в ряде художественных произведений.

Ключевые слова: коммуникативное обучение, диалоговое обучение, высказывание, говорение, коммуникативный компетентность.

Annotation

The author of the article dwells on some widely used types of modern teaching methods and emphasizes their importance in the study of the language. Particular attention is paid to such methods of teaching as the training of dialogical and monologic speech, oral retelling, expressive reading; The advantages of using these methods in the practical and theoretical study of the language are revealed.

The next question, which is given attention in the article, is the question of studying applications. Considering the features of the application, the author dwells on their difference from

the definition. The article analyzes the applications most often used in the texts. These are separate, dual and additional applications. In analyzing and classifying applications, the author gives concrete examples: the work shows methods for analyzing applications used in a number of works of art.

Keywords: The language of communication Language and Thinking Communicative competence Linguistic competence Speaking pronunciation

Тілдің қатысымдық тұрғыдан қарастырылуы сөйлеу әрекетінде пайда болған сөйлеу бірліктерінің табиғатын ашуға мүмкіндік береді, басқаша айтқанда, тілді әрекет ретінде қарастырады. Тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау проблемаларының анықталған уақытында, олардың мәнін, ара жігін ашып көрсететін бірліктерді айқындау қажет. Қарым-қатынас ауызша жүзеге асатындықтан, тілдің қандай бірліктері қатысымдық шарттарды толықтай орындай алатынын анықтау, сөйлеу әрекетіндегі сипаты мен тыңдаушының қабылдау үдерістерінің ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туады. Сөйленімнің пайда болуы мен қабылдануының тетіктері, сөйленімнің басқа тіл бірліктерінен айырмашылығы мен ұқсастығы, өзара байланысы, оның сөйлеудегі актуалды мүшеленуін меңгерту көзделді.

Сөйленімнің пайда болу тетіктерін, оның қатысымға әсерін және қарым-қатынаста қалай жүзеге асатынын мен түрлерін анықтау, ұлттық-мәдени т.б. факторлардың ықпалын қамтып, оқушыларға меңгерту: сөйлеудің нақтылы бірлігі – сөйленім. Оны жүзеге асырушы – сөйлеу әрекеті. Сөйленімдердің жұмсалымдағы қалпы тікелей мидың қызметіне байланысты болғандықтан оның белгілері қатысымда көрініс табады; сөз-сөйленімдермен сөйлесушілер қатысымды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады және сөйлеу тілінің нақтылы бірлігі бола алады. Білім алушылар оқу машық- дағдыларының екі типін меңгеруі керек: олардың біріншісі- қойылған мақсат пен міндеттерге сай келетін ауызекі сөйлеу машық- дағдылары, екіншісі- жазба тілдің нормативтік –сауаттылығын қалыптастыратын орфографиялық және пунктуациялық машықтар десек, сөйленім тақырыбының осы мақсатты анықтауда орны ерекше.

Сөйленім тақырыбын анықтауда оқушылардан *тілдік құзыреттілік*- сөйлесім біліктіліктері мен тілдік білімдердің бірлігі және оларды қолдану дағдысы (фонетикалық, лексикалық,грамматикалық) мен *қатысымдық құзыреттілік*- әлеуметтік – қоғамдық ортада сөз мәдениетінің талаптарына сай ауызша және жазбаша қатысымға түсу, қатысымдық міндеттерді шешу, тілдік құралдарды дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдану, өзінің көзқарасын жүйелі білдіре алу және пікірлесушінің көзқарасын тыңдап, түсіне алу біліктілігі қамтылады. Сөйленімнің ерекшеліктері: сөйлем - сөйлеу тұрғысынан сөйленім болады және сөйленім кез келген бірліктерден жасалуы мүмкін. Сөйлем мен сөйленімді салыстыру тілдегі құрылымдық және қатысымдық көзқарастардың қарама-қайшы келуіне әкеледі. Сөйлем – тілдің заңдылығы бойынша грамматикалық құрылған, ойдың құрылуына, айтылуы мен берілуіне басты құрал болатын сөйлеудің біртұтас бірлігі. Сөйлемде тек ақиқат (шындық) туралы ақпарат ғана емес, оған сөйлеушінің де көзқарасы білінеді. Сөйлеу актісінде сөйлемнің жұмсалуды сөйлесім деп аталады.

Мәтін: *(Станцияға) келдік, - деген кондуктордың даусы естілді. (Сыртта сары аяз). Бұл соңғы станция екен. Бұдан ары вагон жүрмейді. Осыдан кейін қайтады. Бұл жерде де қаптаған адам.*

Мәтін үзіндісіндегі сөйленімнің бәрі ақиқат мазмұнға ие. Сөйленімнің белгілі бір нәрсеге бағыттылығы нәтижесінде сөйлеуші мен тыңдаушы ақпарат алмасады. Сөйлеуші мен тыңдаушы мәтінде де, сөйленімде де басты орында ақпарат алмастырушылар болып саналады. Мысалы:

Түндікті жаңа ашып жүрсің бе? – деген даусы естілді Еркіннің.

Көбірек ұйықтайтын күніміз боп... – деді Қалиса, - жолаушылап кеткен жерімнен таңға жақын қайтып...

Жуық арада келгенде жолаушы кеткеніңді естіп ек. Қатты өкініп ек оған!.. Әсіресе, Бүркіт.

Бұл есім аталғанда жүрегім дір ете қалды. “Оның да даусы естілер ме екен?” дегендей сыртқа құлақ тіктім.

Шымылдық не? – деді төрге отыра берген Еркін Қалисаға қалжыңды дауыспен, - Қиқаң жатқан жоқ па ішінде?

Не бопты оған шалшы түске дейін шымылдық ішінде жататын? – деді Қалиса да қалжыңды дауыспен, – үйі жаңа түсіп пе?

Енді кім жатқан?

Жәй бір балалар!.. (С.Мұқанов)

Бұл диалогтағы Қалисаның сөздері өзінің кеш тұрғанын және іштегі адамның кім екенін сездірмеу мақсатында айтқан жауабы (*Көбірек ұйықтайтын күніміз боп... Қалиса, - жолаушылап кеткен жерімнен таңға жақын қайтып... Жәй бір балалар!*)шын мәнісінде жалған, яғни бұлай болмаған.

Сөйленімнің ақиқат немесе жалған екендігін сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан алатын болсақ, онда оның пайда болу үдерісіне дейінгі жадыдағы сақталған ақпарат пен түпкі ойдың атқаратын қызметін ескеру қажет. Сөйлеуші өзінің түпкі ойын орындау немесе жүзеге асыру үшін жағдаяттың анық-қанығына жету мақсатымен сөйлеу актісінде ақиқат, жалған сөйленімдерді пайдаланады:

Естігім келмей жатқан бұл сөз құлағыма шалынғанда, мен бетімді басып жылап жібердім. Тегі жылаған дыбысым естіліп қалды ғой деймін:

Кім бар, мұнда?! – деді Еркін елеңдеген дауыспен.

Жәй... бір... сырқат бала... –деді Қалиса, сөздерін бөле айтып, – сонымен,—деді ол, ендігі сөздерін жылдамдатып, – қайда кетіп қалды Бүркіт?

“Қайда” болсын? .. Оқуына!..

Онысы қалай жаным-ау?!

Не “қалайы” бар? Орыстың: “Зорлықпен сүйкімді бола алмайсың” деген мақалы бар. Сүйдім деп жүрген қызы айнып кетсе, не істей алады оған!.. Күш қолданатын емес бұл. Қыз бетіне түкірген соң амалы құрыды да кете барды.

Іштеңе деместен бе?

Жүрер алдында “жолың түссе тастай кетерсің”деп конвертке сап хат тастап кетті маған. Сыртқы жазуына қарасам, ғашығына арналған. Ішінде не жазылғанын білмеймін: ол айтқан да жоқ, мен сұраған да жоқпын. Соны, егер үйіңде болсаң сол хатты саған тастап кетейін деп, тура жолымнан әдейі бұрылыпкеп отырмын! (С.Мұқанов)

Келтірілген мысалдағы алдыңғы айтылған (*Жәй... бір... сырқат бала... – деді Қалиса, сөздерін бөле айтып, – сонымен, – деді ол, ендігі сөздерін жылдамдатып, – қайда кетіп қалды Бүркіт?*) сөйлеушінің жалған сөйленімдермен қатысым жасау мақсатының шешімі соңғы диалогтық сөйлеуде көрінеді, яғни, өзіне керекті ақпаратты алғандығы, өз мақсатына жеткендігі болып табылады. Келтірілген мысалдардан тыңдаушының (оқырманның) контекст арқылы сөйленімнің негізгі мәнін таба алатындығын байқаймыз.

Сөйлеу тілінде жағдаяттық нақтылық үшін сөйлеу кезінде кейбір заттың кеңістіктік-уақыттық мазмұны, интонация, ым, ишарат қажет болады.

Сонымен қатар сөйлеу тілінде интонацияның да атқаратын қызметі алуан түрлі. Сөйлесу кезінде әр сөзді өз мәнерімен айтпасақ, сөзіміз түсініксіз болып, мағынасы толық ашылмай қалады. Сондықтан сөйлесу процесі әртүрлі дауыспен ерекшеленеді. Әсіресе дауыстың күшеюі кейде өз пікірін жеткізу үшін қажет болса, кейде тыңдаушының назарын өзіне аударуды талап етеді.

Сұраулы сөйлемдердің мағынасын кейбір жағдайларда нақтылау (сендіретін) немесе теріске шығарылған сөйленімдерге алмастыруға болады. «Саясатқа кім қызықпайды?» деген сөйлем «Бәрі саясатқа қызығады» деген оймен тең. Сол сияқты «Оны ренжіткім келді ме?» деген сөйлем «Оны ренжіткім келген жоқ» деген оймен тең мағынада. Хабарлы сөйлемдер де белгілі жағдаятта ақиқаттығын бағалау мүмкін болмайтын ойды білдіре алады. Мысалы, Мұғалім сыныпқа қатысты ерекше дауыс ырғағымен (интонациямен) айтылған *«Шыбынның*

ызыңы естілмесін» деген сөйлем тыныштық сақтауға шақыру, әмір беру мәнінде қолданылады.

Диалог түрінде сөйлеуші мен тыңдаушының мақсатының да өзіндік орны бар. Себебі сөйлеушінің кез келген сөйленіміне тыңдаушы жауап бере бермеуі де мүмкін. Сөйлеудің негізгі белгілері сөйлеу әрекеті үстінде көрінеді. Оларға: 1) сөйлеуші мен тыңдаушының міндетті қатысы, яғни диалогтік белгі, 2) дайындықсыз, еркін түрде жүзеге асуы, 3) тақырыптың әр алуандығы, 4) сөйлеу жағдаятына тәуелділігі, 5) дайын сөйлеу құрылымдарының болуы жатады.

Қатысым (коммуникация) эмоция мен сезімге толы адам қоғамында, адамдар арасында асатындықтан, сөйлемнің тек хабарды жеткізіп, сөйлеуші адаммен байланысты белгілерді жеткізбеуі немесе сөйлесім мазмұнында сөйлеушінің эмоциясы, белгілі құбылысқа қатысты жасалатын қорытындылары, көзқарасы қамтылмауы, берілмеуі мүмкін емес.

Сөйлеп үйрену – сөйленімді құрып үйрену деген сөз. Сөйлеу жанрын білмей, сөйлеу қарым-қатынасын құру да мүмкін емес.

Сөйлем – сөз сияқты тілдің мағыналы бірлігі. Сондықтан әрбір жеке алынған сөйлем, мысалы, «Күн шықты» сөйлемі әбден түсінікті. Яғни мағынасы мен сөйленімдегі қызметі байқалады. Осы сөйлеммен сөйлеушінің айтпақ болған ойын, мақсатын түсінсек, онда бұл сөйлем емес, бір сөйлемнен тұратын толыққанды сөйленім болады. Бірақ бұл сөйлем басқа контекспен қатар келсе, мағынасы осы контексте, яғни біртұтас сөйленімде толығымен түседі. Сөйленім мынандай болуы мүмкін: «Күн шықты. Тұратын уақыт болды». Жауап: «Иә, шынында тұру керек» немесе: «Күн шықты. Бірақ әлі ерте. Тағы да ұйықтау керек». Мұнда сөйленім мазмұны мен жауап реакция басқаша болады. Сөйлем аяқталған сөйленім қызметін атқарса, өзінің толыққанды сипатын сөйлеу қарым-қатынасының белгілі бір нақтылы шарттарында табады. Ол сөйлем басқаның сұрағына жауап болуы мүмкін: «Күн шықты ма?» Мұнда бұл сөйленім белгілі бір дәлелдің мақұлданды болып табылады, ол мақұлдау дұрыс не дұрыс емес, келісуге болатын не болмайтын болуы мүмкін. Түрі бойынша мақұлдау сөйлемі белгілі бір сөйленімнің контекстінде ғана нақтылы мақұлдау бола алады. Кез келген сөйленім – сөйлеу қарым-қатынасы тізбегіндегі топ. Бұл – сөйлеушінің белсенді ұстанымы. Сол себепті әрбір сөйленім белгілі бір заттық-мағыналық мазмұнымен сипатталады. Тілдік құрал мен сөйлеу жанрын таңдау бірінші сөйлеу субъектісінің (немесе автордың) заттық-мағыналық (түпкі ойымен) тапсырмасымен анықталады. Бұл – сөйленімнің композициялық-стилистикалық өзгешелігін анықтайтын алғашқы сәт.

Сөйлеушінің өз сөзіне эмоционалды бағалаушы қатынасын білдіру құралдарының бірі экспрессивті интонация болып табылады. Экспрессивті интонация – сөйленімнің конститутивті белгісі. Тіл жүйесінде, яғни ол сөйленімнен тыс болмайды. Тіл бірліктері ретінде сөздің де, сөйлемнің де экспрессивті интонациясы жоқ. Мысалы, «Тамаша!», «Керемет!», «Масқара!» т.б. Барлық мұндай жағдайларда тіл бірлігі ретіндегі жеке сөздер мен олардың мағынасымен емес, аяқталған сөйленім мен нақтылы мағына – берілген сөйленімнің мазмұнын нысанға аламыз. Сөз мағынасы сөйлеу қарым-қатынасының белгілі бір нақтылы жағдайында нақтылы бір ақиқатқа қатысты болады. Сондықтан сөздің мағынасын жай ғана түсініп қоймай, оған қатысты белсенді жауап ұстанымын иемденеміз (әрекетке келісу, келіспеу, ынталану). Осылайша экспрессивті интонация мұнда сөзге емес сөйленімге тән.

Екеуара тілдескенде немесе қатысым әрекетінде сөйлесушілердің қажеттілігі, ниетін толыққанды іске асыру үшін сөйленімдердің өзіне тән ақиқатқа қатыстылығы мен қатыссыздығы, әлеуметтік, ұлттық сипаты т.б. болуы шарт.

Сөйленімге тән белгілердің бірі белгілі бір пікірді мақұлдау не теріске шығаруға негізделеді. Мысалы:

Кінә өзіңізде дейсіз ғой...

Кінә жалғыз ғана сізде болмауы да мүмкін...

Солай ма? – деді Бану күлімсіреп. – Несі бар, “жаман” деген сөзді өмірден жою үшін бұдан былай бәріміз де сізден үйренетін боламыз.

Мұныңыз орынсыз шенеу, ал мен дұрыс түсінуіңізді сұрар едім: мен білгенім болса үйретуге де, білмегенімді үйренуге де әзір адаммын...

(Иманжанов Мұқан. Алғашқы айлар).

Келтірілген мысалдан бірінші айтылған ойға екінші сөйлеушінің қарсы пікір көрсетуін байқаймыз. Яғни Банудың сөзін Жақыпбектің теріске шығаруымен дәлелденбек. Ендеше, сөйленімнің мақұлдауы немесе теріске шығаруы предикативтілік сипатқа тән.

Осыған байланысты зерттеуші *Қап, айрылып-ақ қалғаным ба! Адамның анасы болу қандай жақсы!* деген сөйлемдерді сөйлеу мақсатына қарай лепті сөйлем ретінде танып, интонация арқылы ғана емес, лексика-грамматикалық тәсіл арқылы сөйлемнің қандай түрі екендігін ажыратып алуға болатындығын айтады.

Интонацияның сөйлеу тіліндегі атқаратын қызметі зор. Ол арқылы сөйленімнің мағыналық қыры ашыла түседі.

– *Тоқашты абақтыға салдырып, жайбарақат жатқаныңыз қалай, жолдас комиссар? – деді Құрышбай тиісе.*

Тоқашты?...Абақты?...Қашан? (З.Шашкин).

Келтірілген мысалда (*Тоқашты?...Абақты?...Қашан?*) интонацияның орны басты орында. Интонация арқылы сөйлеуші эмоциясы көрінеді. Мұндай кезде мидың оң жақ жарты шарының қызметі белсенділік танытып, дауыс ырғағын ретке келтіріп отырады.

Сөйленімде бір нәрсені теріске шығарылса не ол мақұлданса, онда ол предикаттылық сипатқа ие бола алады.

Категориялы-грамматикалық талдау сөйленімнің прагматикасына әкеледі. Сөйлеу тілінде сөйлем мүшелерінің орнын еркін ауыстыра беруге болады. Мысалы:

Ия, қайдан келдіңіз?

Өзің білетін Торғыздан.

Қандай шаруаңыз бар еді, кеңсеге неге келмедіңіз?

Кеңсең не, ей, сенің айтып отырған. – Оның даусы жарықшақтанып, ашуланғандай жаман шықты.

Жұмысы бар адам кеңсеге келер болар.

Апыр-ау, жиендердің бетінен сүйіп, мына әкелген қойдың етін қалай бермей кетемін. – Ол қоржынның екі басын тықшита салған етке тұра жүгірмек болып еді, Еркін қолын көтеріп “сабыр ет” дегендей отыруға бұйырды. Ол қайтадан лыпың етіп отыра қойды (Б. Қыдырбекұлы. Ақпа құлақ).

Сөйленімнің сөйлеу актісіндегі жұмсалатын шылаулардың атқаратын қызметі ерекше. Мысалы мына сөйленімдегі шылаудың қызметіне назар аударсақ: *Төртеуі көп болар дейсің бе? – Төртеуі көп болар деймісің?* Екі сөйленімнің де мағынасы бір. Екеуінде де сұрақ беруден гөрі кекесін, жақтырмау, эмоция көрінеді.

Сөйленімнің жалпы семантикасында нақты оқиғаларды суреттеумен қатар айтылу барысында толықтай сақталуы да мүмкін. Мәселен, сөйлеуші белгілі бір оқиғаны баяндағанда оның кейбір детальдарын әңгіме арасында қайталап айтып отыруы мүмкін.

Қарабай ақырын ғана жымылып күліп қойды. Сонан соң заң қызметкерлеріне тән аптықпайтын, байсалдылықпен жсауап берді:

- Қылмыстың бетін ашу да қиын іс. Бірақ ең қиыны артында. Қандай іс болсын ең қиыны баға беру, әділіне шешу. Мысалы, қараңызшы, шешесін өлтірген әкені жаңағы жетім қалған балалар жамандыққа қияды дейсің бе? Әкеге, шешеге келгенде балалар әйтеуір солар жанында болса болды ғой. Ал бірақ заң кісі өлтірген адамды әкең еді деп енді балалардың жанына қалдыра ала ма? Бұл өте нәзік, өте күрделі іс. Б. Қыдырбекұлы. Ақпа құлақ

Бұл мысалдағы (қарамен белгіленген сөйленімдердегі) Қарабайдың қылмыстың қаншалықты күрделі екендігін қайталап ескертуінен байқаймыз. Сөйлеу актісіндегі белгілі бір бірліктердің жиі қайталануы сөйлеу тілінің ерекшелігі болып есептеледі. Ол сөйлеушінің өз ойын жеткізудегі еркіндік пен тілдік табиғатын ашатын көрініс ретінде қабылданады.

Сөйленім қарым-қатынас актісінде жүзеге асып, сөйлеудің құралы қызметін атқарады. Сөйлем мен сөйленімнің айырмашылық, ұқсастықтарын былайша көрсетуге болады:

<i>Грамматикалық сөйлем</i>	<i>Сөйлеу тіліндегі сөйленім</i>
Тілде болады	Сөйлеуде болады
Тілдегі заңдылықтырға байланысты түсінікті сөйлемдер	Жағдаятқа қатыстылық, келісім немесе қарсылық
Жақ категориясы	Біреуге бағытталып, соның жауабын керек етеді
Шақ категориясы	Кеңістіктік-уақыттық мазмұн
Біршама аяқталған ой	Толық немесе біршама аяқталған ой
Предикативтілік қатынас	Шындыққа қатынасы
Модальділік	Модальділік
Номинативтілік	Номинативтілік
Мағынасына қарай бөлінеді	Мазмұнына қарай (ақиқат, жалған)
Тема мен ремаға ажыратылуы	Сөйлеу тілінде реманың орны маңызды
Грамматикалық интонация	Экспрессивті интонация
Сөйлемнің рай категориясы арқылы берілуі	Иллокутивтік қызмет

Қорыта айтқанда, сөйленімнің ақиқат немесе жалған екенін ажыратуда ақпарат алушының (тыңдаушының) тарапынан келсек, мәтін мен ақпарат алушының аялық білімінің арасындағы өзара әсердің нәтижесінде пайда болған ақпарат алушының санасында шындық болмысы психикалық тұрғыда бейнеленеді. Ол ақпарат жіберуші сияқты, ақпарат алушының да заттық-материалдық, рухани танымы болып саналады. Яғни, ол ақпарат алушының аялық білімі мен басқа да кейбір жеке психикалық ерекшеліктеріне байланысты болады.

Әдебиеттер:

1. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. М., Прогресс, 1977.-155 с.
2. Ерназарова.З.Ш. Сөйлем құрылысы және сөздердің категориалды-грамматикалық мәні. //Хабаршы. Филология сериясы. 4 (13) 2005.-88б.
- 3.Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. –Алматы: Мектеп 1977.
- 4 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А.2001.-71б.
- 5.Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі. –Алматы: 1999.-4 б.
6. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. -Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2006. – 6б.
7. Байтұрсынов А.Тіл тағылымы. –Алматы: “Ана тілі” 1992.-40б.
- 8.Кәрімов А. Қарама-қарсылыққа негізделген синтаксистік құрылымдар мәселелері Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері: ғылыми прак. конф. материалдары – Алматы: 2007. II том

КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ СИПАТЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСТЕРІ

ХУЛИЯ КАСАПОГЛУ ЧЕНГЕЛ, филология ғылымдарының докторы,

Гази университеті, Түрік Республикасы,

Ә.Б.АЛМАУЫТОВА, филология ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі (еңбек-құралдары, ыдыс-аяқ, киім-кешек т.б.) болатыны белгілі. Қазақтың ұлттық киімдері – этностың өткен өміріндегі өзіне тән ерекшелігін бүгінге дейін сақтап келген мәдениеттің ең қажетті де, құнды белгісінің бірі. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі киім атаулары ұлттық сөздік қорымыздың сүбелі қабатын құрайтын тілдік бірліктердің мағыналы жүйесі болып табылады. Қазақ тілінің сөз байлығында ерекше топ ретінде орын алатын киім атауларына тек тілдік тұрғыдан емес, экстралингвистикалық мәнділіктермен байланыста ономазиологиялық тұрғыдан уәжілік қасиеттерін анықтау арқылы және ұлттық болмыс, ұлттық таныммен етене байланысты «ұлт пен тіл» біртұтас деген теорияға сай этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасау өзекті мәселе. Бұл мақалада қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты этномәдени және этнопсихологиялық факторлар арқылы анықталады.

Кілт сөздер: Ұлттық болмыс, материалдық құндылық, этникалық құндылық, рухани мәдениет, материалдық мәдениет, этномәдени қор, этномәдениеттаным.

Аннотация

На протяжении многих веков каждый народ в результате хозяйственной и культурной деятельности создает свой материальный мир (орудия труда, предметы быта, посуда, одежда и т.п.), в котором находит отражение его культура, быт, обычаи и традиции, национальные ремесла.

Казахская национальная одежда – один из важных элементов культуры, сохранивший в себе и донесший до сегодняшнего дня особенности жизни и быта этноса.

Наименования видов одежды образуют значительный пласт в словарном фонде казахского языка. И этот пласт необходимо изучать с ономазиологической точки зрения, исходя из теории этнолингвистики, что «нация и язык» - единое целое, связанное с национальным бытием, национальным познанием.

В данной статье анализируются наименования видов одежды в казахском языке с учетом этнолингвистического фактора.

Ключевые слова: национальное бытие, материальные ценности, этнические ценности, духовная культура, материальная культура, этнокультурный фонд, этнокультурное познание.

Annotation

For many centuries, each people as a result of economic and cultural activities creates their material world (tools, household items, dishes, clothes, etc.), in which its culture, way of life, customs and traditions, national crafts are reflected.

The Kazakh national clothing is one of the important elements of culture, preserving in it and brought to the present day features of life and life of the ethnos.

The names of types of clothing form a significant layer in the dictionary fund of the Kazakh language. And this layer must be studied from the onomasiological point of view, proceeding from the theory of ethno linguistics, that "nation and language" is a single whole, connected with national existence, national knowledge.

In this article, the names of the types of clothing in the Kazakh language are analyzed, taking into account the ethnolinguistic factor.

Keywords: national existence, material values, ethnic values, spiritual culture, material culture, ethno cultural fund, ethno cultural knowledge.

Қазіргі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің өзара байланысын сабақтастыра, нақты мол деректер негізінде айқын танытуда маңызы айрықша тың бағыттың бірі – лингвомәдениеттану. Демек, мәдениет, ұлттық менталитет құндылықтары оның құдіреті мен тілінде бейнеленеді. Тіл мен мәдениет сабақтастығы тіл білімінің өзекті салаларының бірі ретінде қарастырылып келеді.

«Тіл – өмір шындығы. Ол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұраларымыздың тілінен де кездестіреміз» [1,40].

Осындай асыл мұраларымыздың өзектісі – қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын ашудағы негізгі уәжділіктің бірі – этномәдениеттанымдық уәжділік. «Этнолингвистиканың құзырына жататын барлық тілдік объектілер, нысандар, элементтер тіл білімінде *этнографизмдер* деп аталады. Этнографизмдер дегеніміз – өткен дәуірлерде тұрмыс-тіршілігімізде болған, әлі де күнделікті өмірімізде қолданып келе жатқан тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, белгілі бір шаруашылық – кәсіп түрлеріне, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырым-нандарға байланысты жұмсалатын жекелеген аталымдар мен сөз орамдары» [2, 52-53]. Демек, этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы. Сондықтан да, қазақ халқы туғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім – кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуінде этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Осыған байланысты, ұлт өмірінде үлкен мәнге ие болған бірнеше киім атауларының этномәдени уәжін ашуға тырыстық. Мысалы, «Тымақ – аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім» [3]. Оның қазақ тіліндегі қолданысының мәнін ғалымдар атап көрсеткен: «Тымақ – очень своеобразный и оригинальный головной убор, характерный, пожалуй, только для казахской одежды. У соседних народов такая форма меховой шапки известна только юго – восточным башкирам (колаксын) и кундровским татарам» [4,71]. Нақтылақ талдасақ, тымақ - әртүрлі аңдар мен мал терілерінен жасалатын ерлердің қысқы бас киімі. Осыған орай сеңсең, қарсақ, сусар, бұлғын, елтірі, түлкі, сәлде, үкілі, қайырма, шошақ төбе, әлім, адай, арғын, қыпшақ – төбе, найман, үйсін т.б. Тымақтың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әртүрлі болады. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап тани білген.

Қазақ ұлты мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының, оның ішінде «тымақтың» этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық нақты көріністің тілдік дәйектелуін ғалым Е.Жанпейісовтің еңбегінен көре аламыз. Мысалы, *төрт сай қарақаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы* т.б.» [5,130]. Мысалы, *Тобықты тымағы Қарақаралыныыкіндей төрт сай емес, алты сай болатын*(«Абай жолы». 12 том, 75-б). *Солардың артында Найман тымақты қалың топтар, қауырт көріне бастады* (М.Ә. «Абай жолы», 1 том, 200-б). Немесе этнографиялық еңбектерде: *Үстіне алабажақ шапан, басында Қарқаралы қазақтарына тән үш құлақты тымақ* [6, 306].

Бір қызығы туыстас тілдерде төрт құлақты тымақтың жасалуына ұлттық ырым жоралғылар себеп болған. «С заботой о предложений рода в Хорезме связан еще один любопытный обычай, зафиксированный полка лишь в Ханки. Здесь в прошлом на мальчика, через несколько дней после его рождения надевали особый головной убор – «турт тимакти

туппи»(тюбтейка с четырьмя «ушами»), стеганную ватную шапочку весьма оригинальной формы; у нее как бы четыре орна по углам. Значение этого ритуального головного убора весьма определенное; у ребенка в будущем должны проявиться три брата. Перед нами пример того, как желание родителей как бы материализуется в магический предмет, имитативность воздействия которая весьма наглядна»[7, 95].

Шапан. Ертеде ерлердің, әйелдер мен балалардың да күнделікті, киіп жүруге ыңғайлы да ықшамды киімі болған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «астарына жүн не мата салып, сырып тігілген немесе астарсыз жасалған сырт киім» [3,140] – деп берілген.

Этностың өмірінде елеулі орын алған киімнің түрі екендігі, оның құндылығы:

Бар екен осы ауылда үш күн бәдік,

Шапанымның етегі үш ділдалық,

Жоғарғының үйіне сөйлес қылып,

Төменгінің үйіне түскен бәдік [8,29]. – деген өлең жолдарынан көрінеді. Сондай-ақ, бұрын байлар мен билер жағасына құндыз ұстатып әшекейленген қамқадан тігілген қаптал шапан киген. Ертеден қалыптасқан салт-дәстүрімізде сыйлы қонаққа, яғни, құрметті кісіге, құдаларға «шапан жабу» күні бүгінге дейін ұмытылмай сақталып келеді.

Оған: Қыздардың мен де айтыстым талайымен,

Саспай-ақ Сараға да барайын мен.

Жығылсаң нардан жығыл деген сөз бар,

Жеңілсем шапанымды жабайын мен,- [9,108] - деген айтыстың мына жолдары дәлел бола алады.

Тілімізде шапанның түріне байланысты қызықты этнографиялық деректі кездестірдік: «Шығыт шапан». Жекжаттан қыдыра барып киетін шапан. Бірақ кит емес. Китті құдалықтан киеді. *Шығыт* – меншіктену «Баршындай сұлу сіздің шығытыңыз болды деп ханды қуандырып тастады» («Алпамыс батыр» 190-б). Шығыт – үлес, иелік, меншік. Сонымен қатар «шығыт (сиыт) – ұзатылған қыздың сиытқа апаратын киімдері, -деген де деректер кездеседі. Сондай-ақ, шапанның этнос өмірінде алатын орнына байланысты халықта «шапанды желбегей жамылма» деген тыйым сөз кездеседі.

Ішік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Ішік* – іш жағы аңның, малдың терісінен тігілген жылы сырт киім» [3,457] – деп берілген.

Шернияз:

Масаты төрден – есік қызыл кілем

Қырсық ішік керегеде жанат, тиін (Б.ғ., 2-т, 31-б)

және

Жақсы адам, жатық мінез кішік болар,

Кигені кілең торқа, ішік болар [10,220] - деген жыр жолдарына қарағанда, «ішік» қазақтың қасиетті киімдерінің бірі болғанын көрсетеді.

Ішікті сәнді етіп тігу үшін жағасынан бастап, өңірі мен етегіне дейін жұрындайды. Әйелдер мен жастарға арналған ішіктер әшекейленіп, түрлі ою-кестелер салынып тігіледі.

Ішіктердің халқымыздың әдет-ғұрпында орын алғаны соншалық, сәндік үшін терінің бағалылығына қарай бай-дәулетті адамдар кереге іледі және қалың мал төлегенде қымбат материалды (құндық, қасқыр, бота, т.б.) ішіктерді сыйға, китке беретін болған.

«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында ішіктің алатын өзіндік ерекше тәлім-тәрбие мен құқықтық ережелер де бар. Мысалы, қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды. Себебі, жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады [11,88]» - деген этнографиялық дерек этнос өмірінде киім-кешекті (тон, ішік, т.б.) тұтынуды өзіндік мәнерге ие екендігін аңғартады.

Жалпы адамзат үшін басты материалдық игілік болып табылатын киімнің қоғамдағы орны айрықша маңызға ие. Яғни, заттық мәдениеттің ішіндегі киім-кешектің көбі жалпы адамзатқа тән.

Бірақ, әр ұлттың оларға деген көзқарасы әртүрлі және өзіндік танымына сай ұлттық ерекшеліктер байқалып тұрады.

Жер бетін мекен еткен түрлі этностардың өздеріне тән мәдениеті: салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жалпы дүниетанымы бір-біріне ұқсамайтын өзіндік ментальдық ерекшеліктерге ие. Осындай ерекшелікті басқа халықтардың киім кию үрдісінен көруге болады:

«Халықтар тарихында дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихтың терең сырларын игереді. Мәселен, оның өте анық іздері кейбір халықтарда ерекше сақталған. Мысалға ғалымдардың пікірінше Гватемаладағы индеецтердің киімдері қазіргі заман модаларына қарамастан, осыдан мың жылғы жағдайын сақтап қалған көрінеді. Осы елде ұлттық костюмдердің 310 түрі бар екен. Киіну, оның түсін анықтап пайдалану индеецтер үшін тек ұлттық белгі ғана емес, сонымен бірге, қоғамдағы орнын, әлеуметтік және жихаз-мүліктік жағдайын бейнелейді. Олардың киімдерінің түсі белгілі мән, мағынаны білдіреді. Осындай костюмдерді кию өте күрделі әрі жауапты нәрсе. Гватемалада бұл қолөнерге балаларын екі жастан даярлайды екен» [12,279].

«Ал, славяндарда князьдік арнайы киімдер, әдетте, салтанатты жағдайларда немесе түрлі рәсімдерде киілгендіктен олар ресми киімдердің бір түрі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, соғыс жағдайында князьдар әскер басқарып, қол бастағандықтан, олардың киімі неғұрлым арнайы әскери киімнің бір түрі болып қабылданған» [13, 13]. Сондай-ақ, Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрін зерттеген ғалым Б.Кәмалашұлы киім-кешекке байланысты мынадай этностық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерден деректер келтіреді:

«Балалы болғанға дейін желек жамылып, балалы болған соң, кимешек, шылауыш киеді. Кимешекті қызыл жіппен шым кестелеп кесе күйеуі барлығын, ал ақ жіппен жай ғана су тартып кесе, жесір әйел екендігін көрсетеді», «Қасқыр терісін қазақтар қастердеп келген. Қасқыр ішікті ауқаттылар кесе, аңшылар бала-шағасына мұралыққа қалдырған. Екі кісінің арасындағы сый-сияпаттың айғағы ретінде де жүрген», «Аңшы, құсбегілер ұзатылар қызына арнап түлкі терісінен ішік ашып, қыздың төсек орнын апарғанда жасауына апаратын салт бар. Қазіргі кезде қайтыс болған адамдарға арнап киім таратқанда түлкі тымақты міндетті түрде береді». Демек, ұлт өміріндегі үлкен мәнге ие салт-дәстүрімізде киім-кешектің қызметі өте жоғары тұрады. Соның ең құрметтісі – Бас тон. «*Бас тон* деп жоғары сортты жібекпен тысталған, қалыңдық жасауына енетін ас қымбат тонды айтқан» [15, 17].

Ұлттық ерекшелігімізді анықтайтын киімнің бір түрі – ілімтон.

«*Ілімтон* – киім. Құдалыққа барғанда китке кигізетін бастоннан кейінгі екінші жағалы киім».

Кит (дәстүр). «Құдалық белгісі - кит, қоныс белгісі – бейіт» (мақал). Құдалықтың белгісі және олардың арасында жүретін, соған ғана лайықталған сый, сияпат. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді. Мысалы, құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, жақсы кілем, т.б. қымбатты бұйымдар, киімдер мен заттар берілген. Кит қазір де бар [11, 24]. (С.Кенжеахметов «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары». Алматы, Ана тілі, 1994. 24-б.).

Халқымыздың бүгінгі күнге ұмытылмай келе жатқан негізгі дәстүрлерінің бірі – кит беруге байланысты мынадай қызықты деректі келтіре кетейік:

Байсақал келген құдаларға:

«Өздерің жүз болып келмей, елу болып келген екенсіңдер. «Жүз болып келсең, жүз-жүзден қылар едім, менен көрме, өздеріңнен көр» деп, ер басына елуге жеткізіп кит қылды. Түйеден елу, аттан елу, тай-тұяқ жамбыдан елу, қоя-тұяқ жамбыдан елу, не болса, ол болсын, елу түрлі қылды» [16, 12].

«Иткөйлек» (ғұрып). Ырымшыл халқымызда баланы «қырқынан» шығарғаннан кейін оның көйлегіне тәтті түйіп, оны иттің мойнына байлап жіберетін дәстүр бар. Итті балалар қуып жетіп, мойнындағы «иткөйлекті» шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Көйлекті баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады [11, 22]. «Байғазы (дәстүр) – Уа, сатира сарбазы, Адырнаңа байғазы (С.Әбілқәкімов)! Байғазы – балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай, заттай сый».

«Киім беру»

«Ежелгі дәстүрде қайтыс болған адамның тұтынған киімдерін, оның сүйегін жууға кірген адамдар мен өзі қатарлас адамдарға үлестіретін салт болған. Егер киімі берілмей, үй іші қараулық жасаса, әруақ жалаңаш жүреді деген ырым бар».

«Ырым» (ғұрып)

«...анасы иткөйлекті берген кезде ырымдап, бір шетінен кішкене ырымдап кесіп алып қалды» («Ана тілі» газеті). Ырым – халықтың жақсы ниеті мен тілегінен туған ғұрып.

Халықта жасы жүзге жеткен адамның киімін, ұстаған затын осындай жас берсін деп үлестіріп, бөліп алу салты бар [17, 41-123-140]. Бөрікке ғана емес, кейде күйеу баланың тымағына үкі тағы ерекше салт болған тәрізді. Себебі, «қазақ ұғымында үкі – қасиетті құс, Үкінің үлпілдек жүні, бас, сирағы және қауырсынын жын-сайтаннан қорғайды деп төсектің басына, бесікке, бас киімге қадайды» [18, 34].

Әрбір халықтың менталитетінің ерекшелігіне, яғни тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына, наным-сеніміне байланысты түр-түстің символдық мәні қалыптасқан. Академик Ә.Қайдар бұл жөнінде: «түр-түс атаулары тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады» - дейді [19,34].

Демек, киім-кешек түрлерін жасауда ата-бабаларымыз әлеуметтік, рулық т.б. да ерекшеліктерге байланысты оның түр-түсіне ерекше мән берген. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісін этнографиялық түсінік ұғымдарынан анық байқауға болады. Мысалы, Г. Смағұлова: «көк» түсті қазақтар ерекше пір тұтқан. Ұлт ерекшелігін тұтастай тану үшін оның тілдік, танымдық қасиеттерін зерттеп білмейінше пәлендей ой пікір түюге болмайды. Тіл дүниенің ұлттық-мәдени айшықтарын бейнелеуде адамдардың когнитивтік (танымдық) әрекетін қоршаған ортаның ықпалымен ұштастырады» - деп түйіндейді [20,168]. Осы пікірдің растығын мынадан көруімізге болады: «*Көксауыр*. Осындай былғарыдан тігілген етікті бояу түсіне қарай көк етік, көксауыр етік деп айту қалыптасқан. Ертеде қазақы тондардың *бас тон, қызыл тон, көк тон, қара тон, ақ тон* деп аталатын түрлері болды. Тонды белгілі бір түске бояудың салттық мәні болды. Мәселен тонның көк кездемемен тысталып, өңіріне, етегіне құндыз ұстаған тері көк тон аталады. Мұндай тонды ертеде тек белгілі, атақты кісілер ғана киген». Басқа түркі халықтарында көк түстің қолданылуына байланысты Р.Шойбеков мынадай салттық дерек келтіреді: «Қаралы кезде көптеген халықтарда әйелдердің қара жамылатыны белгілі. Мәселен, өзбек әйелдері, жақын адамы қайтыс болғанда, үш күн бойы қара не көк кездемемен көйлек тігеді екен. Төртінші күні оған осы көйлекті кигізу салтын жасайды. Осы күнді және ғұрыпты «көк киді» деп атаған. Бір жыл өткенде ол көйлекті шешіп, ақ көйлек кигізген жора «ақ киді» деп аталады екен» [21,17].

Академик Ә.Қайдар түске байланысты туындаған мынадай деректерді келтіреді: «Зерттеуші А.Диваевтің еңбектерінде қазақ дәстүрі бойынша қара, ақ, қызыл түстердің қазаға байланысты синкретикалық қолданысының болғанын көреміз. Бұл түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, осы түстерге боялған *мата, киім-кешек*, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. А.Диваевтың жазуына қарағанда, ертеректе күйеуі өлген қазақ әйелдері бастарына қара және қызыл түсті орамал, желек жамылған. Қайғылы қаза символы ретінде кейбір жерлерде ақ түсті де пайдаланған. Мәселен, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйел үстіне қара түсті көйлек киіп, басына қара орамал жамылған, ал кей жерлерде ақ жамылу салты да болған. Мысалы, Ғ.Мүсірепов өзінің «Жат қолында» деген романында «*Қара күйік пеіштер қара жамылған әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айганишаның осындай бір кезеңін көрген бар еді. Мына қара жамылғандардың бірі – сол Айганиша болып шыға келмесін...*» (283-б.) деп суреттесе, осы шығарманың енді бір жерінде: «*Назыкеш басына ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің басына қара жамылғаны осы: ақ жамылады...*» (37-б.) – деп жазады [22, 66]. Сондай-ақ, «Абай жолы» роман-эпопеясында: «*Тап орта тұста басына қара желек жамылған Бөжейдің бәйбішесі аңырап отыр*», «*Бөжейдің екі қызы да*

бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты» - деген деректер де мысал бола алады.

Көк, қызыл, ақ, қара т.б. түстердің номинациялық мағынасынан басқа халқымыздың түсінігінде ақ түс – кіршіксіз тазалықтың, махаббаттың, қызыл түс – жастықтың, қара түс – қайғының белгісі болып саналған. Осымен байланысты бұл жөнінде: «дүниенің тілдік бейнесіндегі қара, ақ сөздерінің мағыналық спектрінің өте кең екендігі байқалады.

Қара жамылу, ниеті қара сияқты тіркестердегі қара сөзінің «қайғы», «қаза», «жамандық» мағынасында жұмсалып, символдық мән алуы лингвомәдени коннотация болып табылады» [23,13].

Осы тәріздес мысалдарды «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсы-бұйрықты жоқтаудан көруге болады. Мұнда былай деген:

Ақ үйдің ішінен зарлаған дауыс шықты,
Сұқсырдай бой жеткен жас қыз
Ақ киімін шешіп, қара жамылды.
Бамсының ақ боз атының құйрығын кесті,
Және
Қырық беске келген жігіттер
Тегіс қара киім киісті
Бастарына көксәлде салысты,
Қазанбектің алдына келіп,
«Бұйрық қайда» -деп жыласты [24,124].

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, тура мағынасымен уәжделген ауыспалы-метафоралық қолданыстағы түстердің көрінісі, яғни, әр ұлттың өзіне тән мәдени-танымдық ерекшеліктерінен «дүниенің тілдік бейнесі» түрліше болатындығын дәлелдейді.

Осыған байланысты тілші Р.Авакова: «Сол тілде сөйлеуші халықтың тілдік құбылыстарының көріністерін тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени нышандарымен тығыз байланыста зерттеу тіл – этнос – мәдениет үштігінің негізін құрайтыны сөзсіз. Тілдік бірлік болып табылған фразеологизмдер, кез-келген халықтың рухани байлығының жемісі. Халықтың мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, бейнелі ойлау болмысының, танымы мен санасының, қиялы мен дүниетанымының көрінетін тұстары да осы фразеологизмдерде» [25, 58]– дейді.

Әдебиеттер:

- 1.Уәлиұлы Н.Фразеология және тілдік норма. –А., 1998.
- 2.Сарбалаев Б. Этнолингвистика және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы //Қазақ тілі мен әдебиеті, №10, 2002.
- 3.ҚТТС, 9-т., 36466.
- 4.Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. -А., 1964, с. 71.
- 5.Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. А., 1976, 130б.
- 6.Сейсен Мұқтарұлы. Шоқан және өнер. -А.,1985.
- 7.Снесарев Г.С. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. - М., Наука, 1969.
- 8.Айтыс. I том. Алматы: Жазушы, 1998.
- 9.Қалимақанов Т. Ақын Сара. Алматы: Жалын, 1993.
- 10.Т.Ізтілеуов. Назым. Алматы: 1982.
- 11.Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар. –А.,1994.
- 12.Елікбаев Н. Қазақтың ұлттық психологиясының қалыптасуы мен дамуының тарихи және әлеуметтік-мәдени негіздері. Философ.ғ.д.ғылыми дәр.алу үшін дай.дисс.-Алматы, 2000.
- 13.Миронова Г.М. Название одежды в древнерусском языке. Автореф.к.ф.н.-Киев, 1978.
- 14.Кәмалашұлы Б. Монголиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері.- Өлгей,1995.
- 15.Шойбеков Р. Кейбір түр-түс атауларының мағыналары, Қазақ ССР Хабарлары. Филология сериясы, 1990.

- 16.//Қазақ әдебиеті, 2-9 қаңтар, 1996.
17.С.Кенжеахметов. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 200-түрі. -А.,1998.
18.А.Қайбарұлы. Б.Бопаұлы. Қазақ энциклопедиясы. –А., 1998.
19.Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбек Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы, 1992.
20.Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Ф.ғ.д. дисс: 10.02.02. Алматы, 1998.
21.Шойбеков Р.Н. Кейбір түр-түс атауларының мағыналары. //Қазақ ССр хабарлары. Фил.сер.Алматы, 1990. №3.
22.Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. Алматы, 1986.
23.Снасапова Г.Ж. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктері.фил.ғыл.канд. автореф: 10.02.02. Алматы, 2003.
24.Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
25.Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.

ӨОЖ 809.434.2

ҚҰРМАЛАСТАРДЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ ЖАЙЛЫ С.ЖИЕНБАЕВ ПЕН ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ХУЛИЯ КАСАПОГЛУ ЧЕНГЕЛ, филология ғылымдарының докторы,

Гази университеті, Түрік Республикасы,

Б.Е.БОРАНБАЙ, филология ғылымдарының кандидаты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Андатпа

Аталмыш мақалада қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі С.Жиенбаевтың құрмаластардың айырым белгілері және таптастырылуы туралы пікірлерімен қазіргі таңда қазақ тіл білімінде қалыптасқан аталмыш тақырыпқа қатысты ой-пікірлер салыстырыла талданған. Құрмаластарды айырудағы қазіргі таңда қалыптасқан мағыналық-құрылымдық қағидатқа сай кейбір таласты пікірлер әлі де болса жоқ емес. С.Жиенбаев пайымдары осы таласты пікірлердің табиғатын жете түсінуге негіз болатыны мақалада жан-жақты талдаулар жасау арқылы дәлелденген. Ғалым пікірлері, сонымен қатар, замандастарының құрмалас сөйлем мәселесіне қатысты ойларымен, солардың пікірлеріне қатысты талдауларымен маңызды. Сабақтас құрмаластарды үйірлі мүше қатарында талдауы болмаса, қазіргі танымда таптастырудағы қайшылықты мәселелердің шешімін табуға көп септігін тигізетіндігі мақалада дәлелденген, атап айтқанда құрмаластардың интонациялық табиғаты турасында бізге дейін айтыла қоймаған.

Кілт сөздер: құрмалас, мағыналық-құрылымдық, қағидат, интонация, үйірлі мүше, сабақтас, салалас

Аннотация

В данной статье сопоставлены научные мнения одного из основателей казахского языкознания С.Жиенбаева и сложившееся в современном казахском языкознании мнение о классификации сложных предложений, даны выводы по этому вопросу. Смысловый-структурный принцип, применяемый при классификации сложных предложений оставляет много нерешенных вопросов, а предложенные С.Жиенбаевым по этому вопросу критерии способствуют решению этих вопросов, о чем было доказано в этой статье. Научные мнения ученого по этому вопросу, кроме этого, были закреплены в сопоставлении современниками,

то есть мнениями основателей казахского языкознания, были приведены примеры доказывающие правильность учения С.Жиенбаева. Выводы ученого ценны тем, что помогут решить те проблемные вопросы, которые актуальны по сей день в данной сфере.

Ключевые слова: сложные предложения, смысловой-структурный, принцип, интонация, развернутые члены, сложноподчиненный, сложносочиненный

Annotation

This article mapped the scientific opinion of one of the founders of Kazakh linguistics S. Zhienbaeva and developed in modern Kazakh linguistics opinion on the classification of complex sentences, the conclusions on this issue. Semantic-structural principle Promenada in the classification of complex sentence leaves a lot of unanswered questions, as proposed by S. Zhienbaeva on this issue, the criteria contribute to the solution of these problems that has been proven in this article. Scientific views of the scientist on this issue, moreover, were enshrined in сопоставлении contemporaries, that is, the opinions of the founders of Kazakh linguistics, examples were given to prove the correctness of the doctrine of S. Zhienbaeva. The scientists valuable insights that will help solve those problem questions which are relevant to this day in the field.

Keywords: complex sentences, semantic-structural, principle, intonation, deployed members, compound, compound

С.С.Жиенбаевтың құрмалас сөйлем жөніндегі пікірлері, негізінен, «Синтаксис мәселелері» (Құрмалас сөйлемдерді таптастыру принциптері) атты еңбегінде жинақталған.

Еңбек жалпы алғанда, құрмалас сөйлемдерді таптастыруға арналғанымен, бұнда сонымен қатар сөйлем мәселелері де қоса қамтылған. Бұлайша құрмалас сөйлем мәселелерін жай сөйлеммен бірлікте, байланыстыра қарауын «жай сөйлем мен құрмалас сөйлем арасында белгілі бір байланыс, тетелісілік болу шарт. Сонда ғана синтаксисте система сақталады» [1.3.] деп түсіндіреді. Сол сияқты, «Құрмалас сөйлем синтаксисінде де сөйлем мүшелерінің қызметі қарастырылады. Бірақ құрмалас сөйлем мүшелері деген жай мүше емес, сөйлем мүше» екенін айтып, құрмалас компоненттерінің байланысы екі жай сөйлемнің жай тіркесі емес, бірін-бірі анықтаушы, толықтырушы ойлар тіркесі, яғни сөйлемдер тіркесі екенін дұрыс ескерткен. Еңбек, жалпы құрмалас сөйлем синтаксисіне арналғанымен, бұнда, негізінен, сабақтас сөйлемдерге көп орын берілген. Бағыныңқылардың қызметтерін сөйлем мүшелерінің қызметімен пара-пар қойып, оның мағыналық негізі ретінде алдымен сөйлем мүшелерінің қызметтерін саралауда оның ішінде тұрлаусыз мүшелерді жіктеудегі қиын мәселелерден бастаған. Қазақ тіліндегі тұрлаусыз мүшелердің жіктелуіне, жалпы түркітанудағы тұрлаусыздарды жіктеудегі көзқарастарға (Дыренкова. Грамматика ойротского языка; Санжеев. Грамматика калмыцкого языка.), орыс тіліндегі тұрлаусыз мүшелер мен қазақ және түркі тілдеріндегі тұрлаусыз мүшелердің тұлғалық, мағыналық ерекшеліктеріне тоқталып, жан-жақты талдау жасаған. Оның ішінде жалпы түркі тілдерінде көп шатастырылатын мекен пысықтауыш пен толықтауыштарды ажыратуға байланысты ұсыныстарының мәні зор болды.

Синтаксис мәселелері жөніндегі зерттеулерге зер салсақ, құрмалас сөйлем, әсіресе, оның сабақтас түріне байланысты еңбектер өте көп кездеседі. Жалпы, тіл білімінде сабақтастардағыдай қарама-қарсы пікірлер сайысы көп кездесетін сала аз. Ғылымдағы қарама-қарсы ағымдардың түйісетін, ымыраға келетін тұстары да болады. Тілші-түркітанушылар арасында сабақтастарды тануға тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін негізгі алатын екі пікірлер тобын ерекше атауға болады. Олар – тұлғалық және мағыналық (логикалық) бағыттар.

Тұлғалық бағыттар бағыныңқының негізгі белгісі ретінде оның тек баяндауышның тұлғасын алады. Егер баяндауышы бастауышымен қиысса, сөйлем ретінде танып, олай болмаса, оларды тек үйірлі, жайылма, сөйлем тектес мүшелер деп таниды.

Бағыныңқыны мағыналық жағынан танитындар бағыныңқыны танудың негізі (критеріі) ретінде тіркестің беретін мағынасын алады: орыс тіліне аударғанда бағыныңқы

болатын болса, оның формасының қандай болғанына қарамастан, бағыныңқы сөйлем деп таниды.

Бұдан шығатын қорытынды: біріншілері бағыныңқылардың көбін бұл топтан шығарып тастаса, екіншілері анықтауыштық және предикативтік қатынастар арасына шек қоймайды, яғни тілдің өзіндік ерекшеліктерін (спецификасын) ескермейді.

Бұның алғашқы түрі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде де орын ала қойған жоқ.

Бағыныңқыны, оның ішінде сабақтастарды тануда қазақ тілшілерінің ішінде екінші бағытты (мағыналық) ұстаушылардың қатарында С. Жиенбаев та бар.

Жалпы «құрмалас сөйлем – компенеттері бір-бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұратын және бір-біріне бағынышты, өзара шарттас болып келетін мағыналық бір бүтін» [2.148.] болады, яғни ондағыдай сөйлемдер бір-біріне мағыналық, тұлғалық немесе интонациялық жағынан байланысты, бағынышты болады. Екі компоненттің алдыңғы сыңары мағыналық болсын, тұлғалық болсын, интонациялық болсын тиянақсыз болып келеді. Құрмаластарды байланыстыруды олардың алдыңғы сыңарының баяндауышы, сол баяндауыштың формасы негізгі қызметтердің бірін атқарады. Осы ретте баяндауыштардың жалпы тұлғалық ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Есім мен есімше тұлғалы баяндауыштардың қолданыстарын талдай отырып, қазақ тілінде етістіктермен қатар есімдердің де баяндауыш қызметінде көп қолданылатынын атап көрсетеді, сонымен қатар баяндауыштарды жіктік жалғауынан емес, тек мағынасынан айырамыз дейді. Мысалы: Сауытта су бар – Бар су сауытта. «Есімше, көсемшелердің жалпы құрылысы орысшадағыға біраз сәйкес бола тұрса да, олардың синтаксистік қызметі орысшадан көп өзге, онан анағұрлым кең жатыр. Қазақша біз барған ауыл, біз келген ауыл деп бәріне есімшенің бір-ақ формасын жаратамыз және біз келген ауыл дегеніміз біздің келген ауылымыз, біздің шыққан ауылымыз деген мағынаны да көрсете алады. Орыс тілінің синтаксисі мұндайды білмейді. Мысалы, жоғарыдағы есімшелі сөйлемдерді орыс тіліне аударамыз десек, оған орыстың причастиесі жеткіліксіз, басқа формалар қолдануға тура келеді»–деп[1.7.], өзі үйірліні сабақтастың бір түрі деп таныса да есімше формалы сөздерді қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі екендігін дұрыс көрсеткен.

Құрмалас сөйлемдерді таптастыруға баяндауыштың қызметін «құрмалас сөйлем системасындағы формалық критеридің ең негізгісі, біздіңше – бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштық формасы. Жалғыз сабақтаста ғана емес, салаласта да осы белгі (салаласқан сөйлемнің алдыңғысының формасы) зор орын алады. Сондықтан, сөйлем таптастыру жөніндегі әңгімемізді, алдымен, баяндауыштың формасына байланыстыра отыруға тура келеді»–деп[1.9.], ерекшелеп көрсеткен.

Құрмаластағы бағыныңқы сыңардың көсемше формасында келген түрін сабақтастарға жатқызамыз ба, салаластар қатарына қосамыз ба деген пікір таластары тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркітануда да таласты болғаны белгілі. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлемдерде көсемше пысықтауыштық қызметте көп қолданылатын форманың бірі болса, құрмаластарда мағынасына қарай алдыңғы сыңары көсемшеге біткен сөйлемдер бірде тең дәрежеде, бірде екіншісіне бағынышты болып келеді. С. Жиенбаев құрмаластағы көсемше баяндауыштың қызметін логикалық тұрғыдан танып, «көсемшелі құрмаластарымыздағы салалас пен сабақтастарымыздың ара жіктері тым жақын»–деп есептейді [1.10.]. Мысалы: Қайғыдан халқым айырылып, Бақыт құсын ұстадым (Жамбыл). Әуеде жыршы құстар өлең айтып. Қику салар көлдегі қаз бенен қу (Абай) дегендер – салаластар; Бастықта жұмысым болып, кеңсеге келдім деген – сабақтас. Бұны қазақ тілінің құрмалас сөйлем системасындағы бір ерекшелік деп таниды. Шындығында да, бұндай формалы сөйлемдерді салалас мәнді болсын, сабақтас болсын, оларды тұлғалық тиянақсыздығына сәйкес шартты түрде сабақтасқа жатқызып жүргеніміз рас.

Міне, осы ыңғайда салыластарды топтастырғанда олардың түр-түрінің қалыпты түрлерінен кейін көсемше баяндауыштар деп қарастырған. Бұл типті сөйлемдерді С. Жиенбаевпен қатар, Қ.Жұбанов та [3.359.], кейінірек Н.Т. Сауранбаев [4.193-194.] пен

Ғ.Бегалиевтер [5.4.] де осы мәнде қарастырған. М. Балақаев мұндай сөйлемдерді екі жақты [2.125.] деп қарастырып, шартты түрде сабақтастарға жатқызған. А. Ысқақов тұлғалық жағын негізге алып, сабақтастарға жатқызған [6.]. Ал С. Аманжолов бұларды үлестес сабақтастар деп атайды [7.132].

С. Жиенбаев салаластарды 1.) ыңғайлас салалас, 2.) қарсылас салалас, 3.) талғаулы салалас және 4.) себеп –салдарлы салалас құрмалас сөйлем деп төрт топқа бөліп қарастырады.

Салаластардың негізгі тұлғалық белгісі етіп алдыңғы сыңарларының бастауыш, баяндауыштарының өзара қиысып тұруын алады. Ал көсемшелі құрмаластарды салаластардың ерекше түрі ретінде қарастырады.

Енді осыларды жеке-жеке қарастырып көрейік:

1.) Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. «Ыңғайлас салаластардың мағыналары бірыңғай келеді. Олардағы уақиға, фактілер я бір мезгілде, я біріне-бірі тете келеді, немесе бірін-бірі анықтап, толықтырып тұрады»–деп[1.11], қазіргі қазақ тілінде мезгілдес, салыстырмалы, кезектес және түсіндірмелі деп жүрген салалас сөйлем түрлерін ыңғайлас құрамында бір жерде қарастырған.

Мысалдарын қараңыз:

1. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай).

2. Көшелерім көк плюш,
Өмір қызық, көңіл шат (Саяділ).

3. Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем (Абай).

4. Ел еңсесін көтерген
Шаттық заман кез келді
Өмір берді Сталин,
Бозбаламын мен де енді (Нұрпейіс).

5. Қарабай мен Сарыбай аңға шықты,
Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты («Қозы –Көрпеш ...»).

6. Әлібектің оқыған мектебі де – үлгілі мектеп, және де өзі де тырысып оқиды.

7. Колхозда, бір жағынан, шөп те шабылып жатыр, әрі ерте піскен егінге де орақ түсті.

8. Арықтың құйысы телегей-теңіз, айдын көл: бұл күріштің егістігі (Әбділдә).

Бұлардың 1,2,5,7 сөйлемдер қазіргі жіктеу бойынша мезгілдес салалас та, 3-іншісі – салыстырмалы салалас, 4-іншісі – себептес, 8-іншісі –түсіндірмелі салаластар. С.Жиенбаевтың түсіндіруінше, «ыңғайлас салаластардың мағыналары бірыңғай келеді, олардағы уақиға, я фактілер –бір мезгілде, біріне-бірі анықтап, толықтырып тұрады». Сонымен қатар, «салаластың ең дағдылы түрі де – осы ыңғайлас сөйлемдер болу керек». Сондықтан тілімізде мұндай конструкциялар да жиі ұшырасады. Қарсылықты мен себеп-салдарлы сөйлемдер негізінде тек формалық белгілерінен ғана білінеді, ал мағыналық жақтарына келсек, олар сабақтастарға барып ұштасады (мұндай ара қатынас сабақтаста да бар)–дейді[1.11]. Бұлай деуінің де негізі жоқ емес. Бұлардағы салаластардың мағыналық түрлерінің көбеюін, олардың мағыналарын нақтылайды, дегенмен де, мектеп бағдарламасында олардың санын азайтып, жинақтаған да артық болмас еді. Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, ыңғайлас құрмалас құрамында мезгілдес салаластармен қатар, салыстырмалы, себептес және түсіндірмелі салаластарды да қамтыған. Себептес сөйлемдердің бір тобын ыңғайластар қатарында қарау себебін бұлардағы себептестік мән өте кең жалпылама мағынадағы себептестік деп түсіндіреді. Ал салыстырмалы және түсіндірмелі салаластарды ыңғайластың құрамында қарастыру себептерін оған берген ережеден-ақ байқауға болады [1.11].

Ыңғайлас салаластардың көсемше баяндауыштыларына мынадай мысалдар келтіреді:

1. Әуеде әнші құстар өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бенен қу (Абай).

2. Аздан соң ас жиылып, тілмаш кетті (Мұхтар).

3. Олар ауылда қалып, біз жүріп кеттік [1.11].

2.) Қарсылықты салалас құрмаластар. «Қарсылықты салаластың бірінде айтылған сөз (ой) екіншісіне қайшы келеді. Бұлардың араларына –бірақ, сонда да дегенмен, сүйтсе де деген сияқты жалғаулықтар, я болмаса жалғаулық мәнді сөздер тұрады. Өлеңді сөздер, әсіресе, ауыз әдебиетінде жалғаулықтардың айтылмайтындары да болады»–деп анықтама береді[1.11-12]. Берілген сөйлем қарсылықты болу үшін оның жалғаулықсыз түріне жалғаулық қою арқылы тексеру керек дейді. Мысалы: «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» дегенді «Қылыш жарасы бітер, бірақ сөз жарасы бітпес» деп, өзгертуге болады, яғни оның қарсылықты мәні айқын көрініп тұр. Ал, «Ол әрі кетті, мен бері кеттім» дегенді «Ол әрі кетті, бірақ мен бері кеттім» деп айтуға болмайды, оның қарсылықты мәні әлсіз болғандықтан, ыңғайластың құрамында қарастырылуы керек дейді.

3.) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем. «Мағыналары я бірыңғай емес, я біріне-бірі қарсылықты емес, екі жақты болып келген сөйлемдер талғаулы салалас болады. Талғаулы деген термин кең мағынада алынады. Дәл мағынасындағы талғаулы сөйлемдер де, бұрынғы кезектес, бейтарап аталып жүрген сөйлемдер де осы талғаулының тобына қосылады» [1.12] деген анықтама береді.

Автордың талғаулы мен кезектесті ажыратпай, екеуін де бір жерде талғаулы салалас деп қарастырудың мәні – олардың бойындағы жалпылық «екі жақты» мағына ұқсастығын алған. Қазір бұлар ажыратылып, жеке қарастырылып жүр. Басты себеп – олардағы оқиға, іс-әрекеттердің орындалу көрінісінің әр жақты болуына негізделеді: жоғарыда көрсетілгендей, талғаулы салаласта оқиғаның орындалуы көрінісінің әр жақты болуына негізделеді: жоғарыда көрсетілгендей, талғаулы салаласта оқиғаның орындалуы компоненттің біреуінде ғана болса, кезектесте –екеуінде де кезектесіп орындала беретін болады [8.43].

4.) Себеп-салдарлы салалас құрмалас сөйлем. «Салаласқан сөйлемдер бір-бірінің себеп нәтижесі болып келсе, себеп-салдарлы болады. Олардың жалғаулығы үйткені, сондықтан, сол себепті және т.б. осы мәндес сөздер» [1.12]. Салаластың бұл түрінде де кейбір салаластарды себептестік мағыналарының кең, жалпылық сипатта болуына байланысты жоғарыдағы қарсылықты салаластардағыдай ыңғайластардың құрамында қарауды ұсынады. Мәселен, «Қоңырау соғылды да, балалар класқа кірді». «Үйге Әлішер келді де, екеуіміз киноға бардық» дегендерді ыңғайлас салаластар деп, «Қоңырау соғылмады да, балалар далада тұра берді». «Үйге Әлішер келді де, киноға бара алмадық» дегендерді себеп-салдарлы салаластар деп ажыратады.

Салаластарды жіктеудегі С.Жиенбаев классификациясының ерекшеліктері: біріншіден, оларды неғұрлым жинақылап, топтауға ұмтылуында; екіншіден ерекшелігі салаластарды логикалық тұрғыдан танып, көсемше баяндауышты құрмаластарды тұлғасы жағынан – сабақтас, мағыналық жағынан салаласа байланысқан сөйлемдерді ғылыми әдебиеттерде болса да (мектеп оқушыларына қиындық келтірмес үшін жоғарыда аталғандарды шартты түрде сабақтас құрамында қарастыруға болады деген пікірі бар [1.10] салалас құрамында қарауды ұсынуы. Сонымен қатар, ыңғайластарға көп мән беріп, оларды салаластардың нақтылы түрі ретінде тануы, қарсылықты және себеп –салдарлы салаластарды нақтылай түсу үшін жасаған әрекеттері негізсіз емес деп ойлаймыз. Тіліміздің сөздік қоры молаюымен қатар, оның жаңа стильдік қолданыстарына сәйкес жаңа синтаксистік құрылымдар пайда болды. Сол ыңғайда құрмаластардың мағыналық ауқымдары да кеңейді. Қоғамдағы ғылымның, ойдың дамуы формаларды да дамытатыны сияқты, салаластарға байланысты грамматикалық ұғымдардың кеңеюі де заңды нәрсе. Олай болса, салаластарға да байланысты «С. Жиенбаевтың мынадай қателері болды, мына айтқан ойлары дұрыс емес» деген сияқты сыңаржақтылықтан гөрі, олардың, ғалым пікірлерінің маңызды жақтарын жинақтауға тырыстық.

Құрмаластың салаласынан гөрі сабақтастарына байланысты зерттеу еңбектер жалпы тіл білімінде болсын, түркітануда болсын. өте көп кездеседі. Бұндай ерекшелік, сонымен қатар, қазақ тіл біліміне тән. Және аталмыш категорияға қатысты қайшылықты пікірлер қазақ тіл

білімінде де болмай қойған жоқ. Ондай қайшылықтардың туындауына ең басты себеп тіліміздің алғашқы грамматикаларын жазушылар, негізінен миссионерлік бағыт ұстады, соған орай тіліміздің ішкі заңдылықтарына жете мән берілмеді, тек ауыз әдебиеті материалдарына сүйеніп, тіліміздің ерекшеліктерін орыс тіліне аударылған мағынасында түсіндірді. Сонымен қатар, «кеңес үкіметі тұсында қазақ әдеби тілінің қарқынды дамып, осындай дәрежеге жетуімен қатар (өсуімен қатар – Б.Б.), келешегінің күңгірттеніп, құрылымдық-жүйелік сипатының өзгере бастау тенденциясының болғанын, орыс тілінің әсері мейлінше ұлғайып, тек жекелеген сөздердің, терминдердің аударылмай, сол күйінде, орыс тіліндегідей түрінде ғана емес, сонымен бірге сөйлем құрылысында, сөз саптау ерекшеліктерінде, сөз байланыстарында орыс тілінің танымсыз ықпалы байқалып отырды» [9.294].

Жалпы бағыныңқының, немесе сабақтастардың формалық ерекшеліктері құрмалас сөйлемнің даму тарихына байланысты нәрсе. Құрмаластардың даму тарихы туралы С. Жиенбаев: «Қай тілдің болса да ілгері дәуірлерінде сөйлем структурасы онша күрделі болмайды. О бастағы негізгі конструкциялар жай сөйлем болып отырады да, сол сөйлем туады. Лингвистиканың қорытындылары бойынша, құрмаластың сабақтас, салалас түрлерінің өзі қатар тумады. Құрмаластың алғашқы түрі – салалас құрмалас. Салаластың өзі де – тілдің, онымен қатар, ойлау процесінің біраз күрделіге айналғанының белгісі» - деп [1.11], дұрыс қорытынды жасаған. Профессор П.Ф.Яковлевтің құрмалас сөйлемдердің даму тарихы туралы айтқан пікірлерін келтіре отырып, «тілдердің даму тарихында көп мәселелерле бірыңғайлық барын ескерте кетпекшіміз. Бұл жалғыз Яковлевтің ұсынып отырған принципі емес, лингвистикада жалпыға танылған принцип» дей келе, тілді зерттеудегі тарихи принциптің маңыздылығын көрсетеді.

Жай сөйлем құрамына енген сөздер бір-бірімен грамматикалық қалай тығыз байланыста тұрса, құрмаластар құрамына енген жай сөйлемдерде бір-бірімен сондай тығыз байланыста болады. Тек мағыналық байланыс арқылы жай сөйлемдердің бастары бірігіп, күрделі бір бүтін болады. Бұндағы жай сөйлемдер байланысы бірде теңдік дәрежеде салаласа байланысса, бірде бір-біріне меңгеріле, бағына байланысу арқылы сабақтаса байланысады. Жалпы құрмалас сөйлемдер бір-бірімен әр түрлі дәнекерлер, амал-тәсілдер арқылы байланысады. Құрмаластардағы компоненттерді бір-бірімен байланыстыратын өнімді жолы – бірінші сөйлем баяндаушының тиянақсыз тұлғада келуі. Осы ыңғайда, С.Жиенбаев та: «Құрмалас сөйлем системасындағы формалық критеридің ең негізгісі, біздіңше – бағыныңқы сөйлемнің баяндаушының формасы»—деп [1.11] сабақтастар жөніндегі талдауларын бағыныңқының формасынан бастайды.

Көсемше арқылы байланысқан құрмалас сөйлемдерді салаластарға да, сабақтастарға да мағыналық тиянақтылығына байланысты жатқызғанын жоғарыда айттық. Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы сабақтастардың бірсыпырасында бағыныңқы компонент басыңқы компонентке тек тұлғалық жағынан ғана тәуелді болады да мағынан жағынан тиянақты, басыңқының ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен салаласа байланысады. Бұндай қатынастағы сабақтастар шартты түрде (формалық тиянақсыздығына қарай) танылған деп түсіну керек сияқты. Бұл туралы Қ.Есенов: «Мұндай мақсат – тұлғалық тиянақсыздықтағы бірізлілікті сақтау» [9.17-18] деп ескерткен болатын

Көсемшеден басқа бағыныңқы баяндауыштарының формасына келтірілген бірлі-жарым мысалдары болмаса, жалпы бағыныңқы баяндауыштары «я етістіктен, я есімнен болады» [1.11] - деп қана кетеді.

Сабақтар мен салаластар арасында мағыналық параллельдер болатыны белгілі (қарсылықты бағыныңқы – қарсылықты салалас, себеп бағыныңқы – себеп-салдар салалас, т.б.) Бұлардың ерекшелігі ретінде салаластарда – алдыңғы сыңар баяндауышының бастауышымен қиысуын, сабақтастарда бағыныңқы баяндауышының тиянақсыз болып келуін алады.

Орыс тіліндегі «придаточное предложение» мен қазақ тіліндегі «бағыныңқының» мағыналық сәйкестігі бары, балама ретінде жұмсалатыны белгілі. Бірақ бұлардың арасында

елеулі айырмашылықтар да бар, С.Жиенбаев осындай айырмашылықтардың бірі ретінде интонациялық ерекшелікті атайды: «Орыс тілінің бағыныңқылары мен басыңқыларының арасында арнаулы пауза болады және дауыс та құбылып тұрады. Бағыныңқылардың барлығы да онда басыңқыға түрлі көмекші сөздер арқылы жалғасады (что, когда, который, т.б.). Ал біздің бағыныңқыларымыздың ішінде баяндауыштары шартты раймен келгендердің және есімшеге –мен қосымшасы жалғанғандарында ғана айрықша интонация болады да, онан басқаларының айтылуы жай мүшенің айтылуындай, жай мүше сияқты келесі мүшеге жанасып тұрады және араларында жалғаулық дәнекер болмайды» [1.14].

Мысалы: Поезд келгесін, билет сатыла бастады – Билет поезд келгесін сатыла бастады. Шындығында екінші қолданыста, яғни бағыныңқы басыңқының алдына кіріккенде дауыс кідірісі мүлдем білінбейді. Құрмаластың сабақтас түрлеріндегі бағыныңқы сөйлемдердің басыңқыларынан бұрын орналасуы – түркі тілдерінің табиғатына тән құбылыс. Солай бола тұрса да, бағыныңқы компоненттердің басыңқысының ортасына кірігуі, басыңқысынан кейін келуі сияқты құбылыстар жиі кездесіп отырады. Бұндай құбылыстардың мәні:

1.) Жай сөйлемдерді жанаса байланысқан сөздердің айтылмақ ойдағы мәніне қарай баяндауышна бірде алшақ, бірде –қатар орналасуы сияқты құбылыс (Мен ауылдан кеше келдім –Кеше ауылдан мен келдім.) және де бұлар, көбіне, мезгіл бағыныңқы сабақтасқа тән құбылыс, сонымен қатар, бұнда сабақтастың бағыныңқысы басыңқының ортасына кірігеді;

2.) Бағыныңқының басыңқы сөйлем соңынан орын ауысып келуі, инверциялануы, Қ. Есеновтің айтуы бойынша, бұндай сирек кездесетін құбылыс, көбіне халықтық поэзияда, ішінара прозада, мәселен С. Мұханов шығармаларында, кездесіп отырады және шартты сабақтас құрмаластарда болады [8.111], қазақ тілінде, жалпы түрік тілдерінде де, құрмаластардың құрамындағы жай сөйлемдердің орын тәртібі туралы А.Н.Кононов [8.113], А.Ысқақов [10.80], Р. Сыздықова назар аударған болатын, бірақ олар бағыныңқының басыңқыдан кейін келу жайын ғана айтқанды. Жалпы, бағыныңқының басыңқыға кірігуі, онан кейін тұруы сияқты тілдік құбылыстар арнайы зерттеуді керек ететін мәселе деп ойлаймыз. С. Жиенбаев бұл сияқты құбылыстарды мысалға келтіргенде олардың мәнін ашу емес, бағыныңқының басыңқыға кірігуі ыңғайында интонациялық жіктің ары қарай әлсізденіп, тіпті білінбей кететінін білдіруді көздеген.

«Таң біліне ауылдан шықтық», «ауылдан таң біліне шықтық», «ауылдан күн көтеріле шықтық» дегендердегі асты сызылғандарды тәуір көру, қадір тұту, ауыз ти, таң қалу сияқты тұрақты тіркестермен шатастырып, жай пысықтауыш деп түсінуге болмайды деген пікірімен келісу керек.

«Күн жоқта күлімсірер жұлдыз бен ай» деген мысалдағы пысықтауыш дейміз бе деген сұраққа бағыныңқы сөйлем деп жауап береді де, бұндай сөйлемдерді «шала сөйлем» деп атайды.

Бағыныңқылардың басыңқылардан бірде интонациялық жігі бөлініп, оқшауланып тұрса, біразында интонациялық жік өте әлсіз, білінбейді де. Соған сәйкес олардың алғашқыларын бағыныңқы, соңғыларын үйірлі мүше деп атауды ұсынған. Интонациялық жіктердің әлсіздігінен мезгіл, себеп бағыныңқылы сөйлемдерді үйірлілер қатарында талдайды, әрине бұларымен келісуге болмайды.

Бағыныңқы сөйлемдердің таптастырылуы туралы: «Бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлемнің бір мүшесі қатарында есептеу керек. Басыңқы сөйлем дегеніміз – жай сөйлем. Олай болса, бағыныңқыларды да жай сөйлемнің мүшелеріне жіктейміз. Жай сөйлемдерде қандай мүшелер болады? Ондағы мүшелер – бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар. Олай болса бағыныңқылар да негізінде сол ізбен анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш бағыныңқы болып, бастауыш, баяндауыш бағыныңқы болып жіктелуге тиіс. Осылай еткенде жай сөйлем мен сабақтас сөйлем арасында белгілі бір тетелестік сақталады, жай сөйлемді талдауды меңгеріп алсақ, сабақтасты да сол принциппен тексереміз» [1.17] – деп, сөйлем мүшелері мен бағыныңқылардың қызметін пара-пар қояды да, сабақтастарды сол ыңғайда жіктеуді қолдайды. Бұлай жіктеу 50-жылдарға дейін қазақ тіл білімінде болып келді, кейіннен бағыныңқы компоненттің тиянақсыз формасы негізге

алынып, салаластардағыдай мағыналық қарым-қатынасы ыңғайында талдана бастады. Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында бұл принцип әлі де сақталуда» (Исследование по сравнительной грамматике тюрских языков. III Синтаксис. Э.А.Грунина, Н.З.Гаджиева, Н.А.Баскаковтарды қараңыз). Бағыныңқы компоненттің сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметтерімен тепе-тең қарастырылуының негізсіз еместігіне Қ.Есеновтың: «Қазақ тіліндегі бағыныңқы сөйлемдердің дені өз басыңқыларымен қарым-қатынасына қарай пысықтауыштық ыңғайда жұмсалады» [8.73] деуі дәлел.

Дегенмен, шартты бағыныңқы мен қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді бұлайша талдауға болмайтынын айтып, оларды сабақтастың нақтылы түрі деп берген. Сөйтіп, сабақтастарды нақтылы және үйірлі мүше деп екіге бөледі.

Осы ыңғайда нақтылы бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыштарының формасы екі-ақ түрден – шартты рай мен есімшеге -мен қосымшасы жалғанған түрінен болатынын көрсеткен. Оған үйірлі мүшелер қатарында қате қарастырған үйірлі пысықтауышты жасаушы есімшенің –ған формасынан кейін жалғанатын соң, сайын, бойға (бойда) , т.б. деген сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын формаларды, есімшенің жатыс септікті түрі, есімшеден соң –дықтан құрама қосымшаның, -ба қосымшасының жалғанылуын, көсемшенің –п, -қалы, -а жұрнақтарының жалғанылуынан жасалған формаларын қосуға болады. Қазіргі қазақ тілінде , мәселен Т.Қордабаев еңбектерінде, бағыныңқы компонент баяндауыш қызметін атқарып, оны басыңқымен сабақтаса құрмаластыратын етістік түрлеріне төмендегілер жатады делінеді: 1) көсемше формалы етістіктер, 2) есімше формалы етістіктердің кейбір септікті немесе септеулік шылаулы түрлері, 3) шартты рай формалы етістіктер, 4) кейбір септік жалғауында , болмаса септеулік шылауларға тіркесе айтылатын –у, -ыс, -іс формалары» [11.84]. Бұл айтылғандарды , жалпы алғанда, С.Жиенбаев пікірлерінен туындаған деп есептеуге болады.

Жоғарыда С.Жиенбаевтың сабақтастарды нақтылы және үйірлі мүшелі сабақтастар деп екіге бөлгенін айттық. Бұлай бөлудің мәні, біздіңше, құрмаласқан жай сөйлемдердің интонациялық жігінің көрінуіне байланысты. Бағыныңқы (нақтылы) сөйлемдердің формасы екі-ақ түрлі дейді: шартты рай мен есімшеге –мен қосымшасының жалғануы арқылы. Шындығында да, жік үйірлі мүшелі бағыныңқыларына қарағанда (үйірлі мүшеліге сабақтастарды қате келтірілген) айқын да, үйірлідегі сабақтастарында интонациялық жік әлсіз, тіпті білінбейді де. Мысалдарын қараңыз :

Бағыныңқы сөйлемдер:

- 1) Шартты бағыныңқы: Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы (Жамбыл).
- 2) Қарсылықты бағыныңқы: Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асылан, жүк орнынан қозғалмады (Крылов)
- 3) Мезгіл пысықтауыш бағыныңқы: Асқар жолаушылап келе жатса, жолда шөпшілердің қосы түр екен (Сәбит).
- 4) Толықтауыш бағыныңқы: Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің.
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым, тұра қаштым жалма-жан (Абай).
- 5) Анықтауыш бағыныңқы: Өзіңе қандай көйлек алсаң , маған да сондай көйлек ал.
- 6) Пысықтауыш бағыныңқы: Адам қалай жүрсе, көлеңке де солай жүреді. Қалай тәрбиелесең, бала да солай өспек.
- 7) Баяндауыш бағыныңқы: Ағашы қандай болса, жемісі де сондай. Еңбегі қандай болса, өнбегі де сондай.
- 8) Бастауыш бағыныңқы: Кімді айтсаң сол келер.

Үйірлі мүшелер қатарында қате қарастырылған сабақтастар: Мен барған сайын Сәлім кітап оқып отырады. Қоңырау соғылған соң, класқа кірдік. Поезд келген бойға жолаушылар перронға шықты. Күн жоқта күлімсірер жұлдыз бен ай (Абай). Көзінді көзіңе беттетпейтін күннің өткір сәулесі аппақ қарға шағылысқанда, күрттіктің бетіндегі ұлпа, жұмсақ қардың әр түрлі жұлдыздары көпірде шашқан күістің шаңындай жылт-жылт, жарқ-жүрқ етеді (Сәбит).

Заманнан заман өткенде, жас жетпіске жеткенде, Лениндей ер көрдім (Жамбыл). Тұяқбай Итбай аулына көшкелі, Амантай қатысқан жоқ-ты (Сәбит). Жүрегі орнына түсіп жайланғанша, Асқар Сағиттан Ботагөз жайын сұрамады (Сәбит). Көсе қой айдап келе жатса, бір адам пар өгізбен жер жыртып жүр екен (ертегіден). Ойы ұнамды шыққан соң, Ботагөз қуанып кеті (Сәбит). Күн кешкіріп қалғандықтан, тоқтауға командир қарсы болған жоқ (Сәбит). Тағы да солай тістей ме деп, Ботагөз ұмтылған қаздан қаша жөнелді (Сәбит).

Құрмалас сөйлемдер жөніндегі пікірлерін қорытындылай келе, оларды салалас, сабақтас деп екіге бөледі. Ал аралас құрмалас туралы: «Жай сөйлем мен салалас я сабақтас сөйлем, я болмаса құрмалас сөйлем екеу-үшеуі қабат келсе, аралас құрмалас сөйлем деп аталып жүр. Төл сөзі бар сөйлемдер де аралас құрмаласқа жатады. Аралас құрмалас сөйлемнің өз алдына басқа бір заңдары жоқ. Сондықтан синтаксисте ондай аралас келген сөйлем түрлерін бөлекше категория деп есептемеуге болады» [1.33] - дейді. Бұндай көзқарас онан кейін қазақ тіл білімінде де орын алды: «... дұрысында жасалу жолы жағынан келгенде, аралас құрмалас сөйлемдер құрмаластың ерекше бір түрі деп саналмайды. Өйткені мұнда оның өзіне тән амал-тәсілдері болмайды, тек бұрыннан белгілі сабақтаса, салаласа байланысу амалдарының қабаттаса келуіне ие болып отырады» [8.114], аталмыш тақырып соңғы кезеңдерге дейін арнайы зерттелмей келді де, 1997 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды [12].

С.Жиенбаев салаластарды: 1) ыңғайлы салалас, 2) қарсылықты салалас, 3) талғаулы салалас және 4) себеп-салдарлы салалас құрмаластар деп бөліп, «ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдарлы салаластар жалғаулықпен де, жалғаулықсыз да айтыла береді. Талғаулы салалас жалғаулықсыз кездеспейді» [1.32] - деп қорытады. Салаластардың компоненттерін байланыстыратын жалғаулықтар туралы: ыңғайласта - да, және, әрі; қарсылықтыда – бірақ, алайда, дегенмен; талғаулыда – я, не, немесе, біресе, бірде, кейде; себеп-салдарлы салаластарда – сондықтан, сол себепті, үйткені жалғаулықтары болатынын көрсеткен. Да жалғаулығының мағынасына қарай ыңғайласта да, қарсылықтыда да, себеп-салдарлы салаластарда да қолданылатынын айтқан. Мысалы: Кәрім қағаз жазды да, Кәрім кітап оқыды – ыңғайлас, Машина болмады да, Кәрім жүре алмай қалды – себеп-салдарлы, Кәрім келді де, Кемел келе алмай қалды – қарсылықты.

Жалпы салаластардың жалғаулықсыз келетін түрі – түсіндірмелі салаласты ыңғайлас құрамында қараған. Бұл оның ыңғайласқа берген анықтамасына сәйкес. Қазіргі қазақ тіліндегі салалас құрмаластардың аталып жүрген жеті түрі (мезгілдес, себептес, қарсылықты, шартты, салыстырмалы, талғаулы, кезектес және түсіндірмелі [8.19] С.Жиенбаев классификациясында жалпылама қамтылған. Соңғы кездерге дейін салаластардың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлерін құрмаласу жолдарына қарай деп бөлу орын алып келді [13]. Компоненттерінің мағыналық қатынастары белгілі бір топқа жататын салаластарды С. Жиенбаев бірге қарастырған. Соңғы шыққан оқулықтарда да салаластың жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлерін екі бөліп қарастырмай, бірлікте алып жүр [8.32].

Салаластардың, жалпы құрмаластардың да қолданылуының жиіленуі қоғамдық дамумен байланысты. Соған орай салаластардың мағыналық топтарының іштей сараланып, жаңа категориялар ретінде қолданыла басталуы да заңды нәрсе. Ғылым тарихындағы салаластардың жіктеудегі ала-құлалықты оның сандық я терминдік айырмашылықтарына қарап емес, мәніне қарап бағалаған дұрыс шығар.

Сабақтастарды жіктеуде олардың бағыныңқыларының қызметін, негізінен, сөйлем мүшелерінің қызметімен пара-пар қояды: «Сабақтастар бағыныңқысының мағынасына қарай жіктеледі. Бағыныңқылар жеті түрлі, оның бесеуінің функциясы сөйлем мүшелерінің функцияларымен бірдей» [1.32].

Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастардың қатарында қолдану себептерін кезінде айтып өткенбіз.

Сабақтастарды былайша жеті топқа бөледі:

- 1.) Шартты бағыныңқы.
- 2.) Қарсылықты бағыныңқы.

- 3.) Анықтауыш бағыныңқы.
- 4.) Толықтауыш бағыныңқы.
- 5.) Пысықтауыш бағыныңқы.
- 6.) Бастауыш бағыныңқы.
- 7.) Баяндауыш бағыныңқы. [1.32-33].

Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастармен бірге қарастырғанымен, олардың ішіндегі жеке бір категория ретінде ерекшелеп көрсеткен: «Шартты бағыныңқы мен қарсылықты бағыныңқының үйірлі мүше формалары жоқ. Қалғандары я бағыныңқы, я үйірлі мүше түрінде кездеседі» [1.33]. Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастың тұрлаусызы деп те атайды [1.33]

Жалпы тіл білімінде сабақтастардың бағыныңқыларын бір топ ғалымдар деформацияға ұшырап, басыңқының құрамына сіңісіп кеткен деп таныса (В.А. Богородский, А.А.Шахматова, А.М.Пешковский, Г.П.Ломтев, М.С.Бархадуров, Г.В.Кольшанский, Е.В.Гулыга, т.б.), өзгелері бұларды сөйлем дәрежесінде таниды [8.52]. Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы сабақтастың бағыныңқысын «бітпеген шала сөйлем», «басыныңқының шылауындағы қосшы сөйлем»- деп, басыныңқыны «сөйлемдік қасиеті молырақ»- деп көрсеткен болатын [14]. С.Жиенбаев сияқты Н.Т.Сауранбаев та: «... бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі бір жай мүшенің қызметін атқарады, я соның орнына жүреді» [15.49] –дейді. Бұл жайында М. Балақаевтың: «... жеке сөйлемдер құрмаластың қарамағында мағыналық және интонациялық тиянақсыз қалыпқа түскенімен, олар негізгі сөйлемдік белгілерін жоғалта алмайды» [13.167].

Жалпы салаластарға қарағанда сабақтас құрмалас сөйлемдердің тілімізде көп қолданылуы – ондағы шешімі қиын мәселелердің жиі туындауына әкеліп соқтыратын факторлардың бірі. Екіншіден, сабақтастардың кейбір түрлерінің интонациялық ара жігі айқын көрінгенімен, бағыныңқы мен басыңқы аралығындағы интонациялық әлсіздік те сабақтастар жөніндегі пікір кереғарлықтарының көбеюіне әкеліп соқтырады. Сабақтастардың мағыналық, құрылымдық және т.б. ерекшеліктері сараланып, бір жүйеге түсті деуге негіз жоқ сияқты. Бұндай пікір, сонымен қатар, жалпы құрмаластарға да, құрмаластың құрылыс материалы – жай сөйлемдерге де байланысты.

Сонымен, С. Жиенбаевтың құрмалас сөйлемдер жөнінде айтқан пікірлерінің бірқатары қазір де мәнін жоймаса, бірқатары қазіргі түсінік бойынша жаңсақ болғанымен, көкейтесті мәселелерді көтеруге оң септігін тигізеді.

Құрмалас сөйлем туралы өз пікірлерін білдірумен қатар, осы мәселелерді жөніндегі айтылған өзге ғалымдар пікірлеріне де сындарлы пікірлерін білдіріп отырған. Біз сөз етіп отырған «Синтаксис мәселелерінде» профессор С. Аманжоловтың «Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсына» [16] айтылған бірқатар мәселелер жөнінде көзқарастарын жарияланған. Атап айтқанда, қиысу туралы, атаулы сөйлем туралы, құрмалас сөйлемдердің классификациялануы туралы өз ойларын ортаға салған. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық:

1.)Қиысу туралы. С.Аманжоловтың: «Жалпы есімдіктен басқа, есімдерден болған бастауыш баяндауышпен үшінші жақта ғана қиысады. Бастауыштарға тәуелдік жалғау жалғанса да, баяндауыш үшінші жақта ғана қиысады. Бастауыштарға тәуелдік жалғау жалғанса да, баяндауыш үшінші жақта қалады, қиыспайды. Мысалы:

Кітап оқылды (кітап –үшінші жақ).

Кітабың оқылды (кітабың –екінші жақ).

Кітабым оқылды (кітабым - 1-жақ) –деген пікірін С. Жиенбаев: «Зат есім атауларының бәрі тек үшінші жақтық категория екенін, сондықтан олар өздерінің баяндауышымен үшінші жақта тұрып қиысатынын өзі дұрыс айтқан ... кітабым оқылды дегенде қиыспай тұр деуі – жіктік жалғау мен тәуелдік жалғауды шатастырғаны. Автор қазақ тіліндегі жақ категориясын көп шатастырған. Бұл қателердің бәрі де автордың жақ формаларының тарихы мен осы күнгі тілдегісін шатастырғанынан болып отыр. Тілдің өткен дәуірлерінде тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауларының өзара байланысы болған деп

есептеледі. Мәселен, мен алдым, сен алдың дегендегі –м,-ң элементтері о бастағы бірінші, екінші жақтық тәуелдік жалғаудан туған да болар. Бірақ бұлар бәрі де тіл өмірінің ертеректегі дәуірінен қалған қалдықтар. Ал, қазіргі тілімізде бұл сөздерді ешкім де тәуелдеулі сөз деп ұғынбайды, олай ойлау мүмкін де емес, Қазіргі қазақ тілінде тәуелдік пен жіктік жалғау арасында толық дифференция бар [1. 36].

2.) Атаулы сөйлем туралы. С.Аманжолов «Оқу оқыған жігіт ауылға келді», «Бізге кеше баяндама жасаған кісі келді» деген сөйлемдердегі асты сызылған тіркестер атаулы сөйлем, ал жігіт, кісі деген сөздер алдыңғысының баяндауышы, соңғысының бастауышы дейді. Және де оларды салалас құрмалас деп танып, оны «Такая переходность имен и способность причастия воплощать в себе значение союзных слов, является характерной особенностью языков тюркской системы вообще, казахской в частности» [1.36-37] - деп түсіндіреді. Бұл жөнінде С.Жиенбаев пікірі былай: «Бұл жердегі ерекшелік, біздіңше, қазақ тілінің сөздерінде емес, есімшелерінде. Есімшелер анықтауыш та, баяндауыш та бола алатындығына байланысты, олар орыс тіліндегі бағыныңқы сөйлемдерді әр уақытта жай мүшеге айналдырып жібереді. Ал енді Сәрсеннің ... зат есімге де (жігіт, кісі – Б.Б.) есімше сияқты функция беріп отырғаны атаулы сөйлем категориясы дұрыс емес, анықтауыштары есімнен болған тіркестердің орыс тіліне аударылу ерекшелігін Э.В.Севортян ыңғайына қарай атрибутивтік, кейде предикативтік қатынаста аударуға болатынын көрсеткен. Оның айтуы бойынша, «ай жарық кеште» деген тіркес орыс тілінде «ночь (в которой) луна светлая» деп те, «лунно-светлая ночь» деп те түсінуге болатынын ескертеді [17.7-8].

С. Жиенбаевтың атаулы сөйлемдер жөніндегі мынадай ойларын ерекшелеуді жөн көрдік:

а) Атаулы сөйлемнің бір-ақ сөзден келуі, ол сөздің атау тұлғалы зат есім болуы, күрделенген жағдайда сол атау сөзге қатысты, соны анықтайтын сөздер тіркесе келуі;
ә) Атаулы сөйлемнің мағынасы контекстік мағына арқылы айқындалатыны;

б) Толымсыздан айырмашылығы – толымсыз сөйлемдерде түсіп қалған сөйлем мүшесінің орны көрініп тұрса, атаулы сөйлемде ол сөйлемді толықтырудың қажеттілігі жоқтығы;

в) Тіл білімінде атаулы сөйлемдегі бас мүше бастауыш па, баяндауыш па деген сұраққа, тіліміздің структуралық ерекшеліктеріне қарай баяндауыш болады деуі;

г) Атаулы сөйлемнің структурасы ерекшелігі туралы, оның ішінде тұрлаулы мүшеге талданбау-талдануы туралы қазақ тіл білімінде «атаулы сөйлем тұрлаулы мүшеге талданбайды, басқаша айтқанда, оған ұйытқы, тірек болып тұрған сөзді бастауыш не баяндауыш деп тап басып айтуға келмейді» [2.130] тексерудің қажет ететіндігін ескертеді де, «қазақ сөйлемінде аяқта баяндауыш тұрмаса, тиянақталмайды. Бұған қарағанда, біздің атаулы сөйлемдеріміздегі атау сөздің өзі бастауыш болудың лайығы да жоқ, ол сөз сөйлемді аяқтап тұрған баяндауыш делініп есептелуі керек» [1.39] - деп, атаулы сөйлемнің тірек сөзін баяндауыш ретінде тануды ұсынады.

Ал жалпы атаулы сөйлем мәселесі кейінгі бірқатар еңбектерде аталғанымен, оның нағыз ғылыми тұрғыдағы анықтамасы, дәл белгілері айқындалған жоқ [18]. 3.)Құрмалас сөйлем туралы. Әрине, автордың бұл еңбегі жеке мысалдардың ыңғайына қарай құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен мағыналық белгілері сараланып берілгендіктен, оның мәні қазір де жойылған жоқ. Сабақтастың үлестес деп аталатын түрі Қ. Есеновтың соңғы еңбегінде бұрынғы ыңғайлас аталып жүрген сабақтастың атауы ретінде қалыптасты [8.112]. Құрмаластардың жіктеудегі С.Аманжоловтың кемшілігі ретінде С.Жиенбаев салаластардың «ылғи ойдан шығарылған жасанды сөйлемдер алынғанын», «көздейсоқ белгілерге қарап жіктелгенін», «егер мағыналық, структуралық белгілеріне қарай таптастыратын болсақ, бұл 20 түрдің ішінде бірінің шеңберіне бірі еніп кететін түрлері барын» атаса, сабақтастарға байланысты салаластардағы кемшіліктермен қатар, кейбір жай сөйлемдердің сабақтастар қатарында қате қарастырғанын дұрыс сынаған.

Әдебиеттер:

1. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері.- Алматы:1941 ж.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. 2-бөлім. Синтаксис. –Алматы:1967.-140б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: 1966.
4. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. –Алматы: 1966.
5. Бегалиев Ғ. Құрмалас сөйлем. –Алматы:1941.
6. Есенов Қ. Құрмалас сөйлемдер синтаксисі.-Алматы: «Білім»1995.
7. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: 1996.
8. Ысқақов А. Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолы туралы /ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1948., №3.
9. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі.-Алматы: «Білім» 1995.
10. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдер. ҚДА.А-ты. 1997.
11. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: «Білім»1974.
12. Байтұрсынұлы А. Тіл –құрал. –Ташкент: 1925.
13. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі.-Алматы:1946.
14. Аманжолов С. Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсы.- Алматы: 1937.
15. Севортян Э.В. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. III. Синтаксис. 1961.
16. Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері. ДДА. –Алматы,1997.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 336.012.23: (025.88)

ІРО БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

У.Д.БЕРИКБОЛОВА, Ж.Қ.НУРЕКЕШ, студент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала қазіргі күні қазақстандық нарықта белсенді дамып келе жатқан компанияның өз бизнесін кеңейту үшін акционерлік қаржыландырудың бір құралы ІРО мәселесіне арналған.

Авторлар ІРО-ны жүргізудің тәсілдерін, Қазақстанның ашық нарығында акцияларды орналастыру кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастырады.

Республикамыздағы ІРО-ға сұраныстың төмен болу себептері, ІРО нарығын дамытуғы теріс ықпал етуші факторлардың әсерін азайту жолдары талданады.

Сол сияқты, мақалада ІРО – бұл компанияға инвестиция тартудың тиімді тетігі ретінде көрсетілген. Бұл кәсіпорынды әрі қарай дамытудың оңтайлы құралы болып табылады. Қор рыногының дамуымен бірге қор рыногына тек ірі компаниялар ғана емес, сонымен қатар шағын инновациялық компаниялар да шығу мүмкіндігін алады. Нәтижелі ІРО эмитент-компанияларға жаңа активтерді сатып алып, жаңа идеялар және өндемелерді енгізу мүмкіндігін ұсынады.

Кілт сөздер. ІРО, акцияны орналастыру, қаржы рыногы, қазақстандық қор рыногы.

Аннотация

Статья посвящена такой активно развивающему на казахстанском рынке акционерного финансирования компаний для расширения их бизнеса как ІРО.

Авторы подробно рассматривают способы проведения IPO, этапы размещения акций на открытом рынке в Казахстане.

Анализируется причины низкого спроса на IPO в республике, а также пути решения задач по устранению негативных факторов развития рынка IPO.

Также, в статье показано, что IPO - это действенный механизм привлечения инвестиций в компании. Этот инструмент дает возможности дальнейшего развития предприятия. С развитием фондового рынка выход на фондовый рынок могут использовать не только крупные компании, он доступен и малым инновационным компаниям. Результативное IPO позволит компании-эмитенту приобретать новые активы, внедрять новые идеи и разработки.

Ключевые слова: IPO, размещение акций, финансовый рынок, казахстанский фондовый рынок.

Annotation

This article investigated the rapidly growing on the Kazakh market equity financing of the company for developing their business as a IPO.

Authors particularly considered the tools of conducting IPO, stages of offering shares in the open market of Kazakhstan.

Analyzed the reasons for low demand for the IPO in the republic, as well as ways to solve problems to eliminate the negative factors in the development of the market IPO.

IPO - is an effective mechanism to attract investment in the company. This tool provides opportunities for further development of the company. With the development of the stock market, this mechanism can be used not only of the ordinary, but it is available to small innovative companies. Efficient IPO will allow the issuing company to acquire new assets, introduce new ideas and developments.

Keywords: IPO, placement of shares, the financial market, Kazakh stock market.

Дамушы елдердің экономикалары қарқынды дамып және олардың қор биржалары қалыптасқан сайын қосымша капиталды қатыстырудың басты аспаптарының бірі ретінде Initial Public Offering (IPO), яғни компаниялардың акцияларын көпшілік арасында жайғастыру әдісін қолданатын компаниялар көбейе бастады. Осылайша, аталмыш қаржыландыру түрінің барған сайын көптеп танымал бола бастауы IPO-ны жұмыстың зерттеу объектісі ретінде таңдауға, сондай-ақ осы саладағы зерттеудің өзектілігін негіздейді.

Қазақстанда экономиканың қарқынды индустриалды-инновациялық дамуы саясатын жүзеге асыру шеңберінде ішкі қаржы ресурстарын тарту мен тиімді қолдану мәселесі өзекті бола бастауда. Аталмыш саясат шеңберінде елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Нұр-Отан» ХДП-ның 2011 жылдың ақпан айында болып өткен XIII съезінде «Халықтық IPO» – ірі қазақстандық кәсіпорындардың акцияларын халықтың арасында жайғастыру бағдарламасын жариялады, ол ел экономикасының дамуына күшті түрткі болуы мүмкін [1].

В статье дан анализ состояния промышленности в регионе, инвестиционной и инновационной, технико-технологической базы и отраслевой структуры промышленности путем совершенствования и повышения индустриального уровня, рассмотрены методологические основы, экономический механизм ее реализации, даны конкретные рекомендации.

Уточнено содержание понятия устойчивое развитие промышленного комплекса региона. Под которым понимается поступательное количественное и качественное изменение состояния промышленного комплекса с последующим сохранением достигнутых результатов в определенный промежуток времени и ориентацией на гармоничное взаимодействие с природной средой. При этом устойчивое развитие промышленного комплекса региона рассматривается в трех направлениях: экономическая, социальная и экологическая устойчивость.

Обоснованы приоритетные цели и задачи перехода промышленного комплекса региона к устойчивому развитию, направленные на совершенствование инвестиционного процесса, активизацию инновационной деятельности и повышение качества кадрового потенциала.

Разработана и предложена система индикаторов оценки устойчивого развития промышленного комплекса региона, позволяющая выявить возможности его перехода к устойчивому экономическому росту.

Ключевые слова: промышленность, инвестиция, инновация, регион, экономический механизм

Annotation

The article gives an analysis of the state of industry in the region, investment and innovation, technical and technological base and branch structure of industry by improving and improving the industrial level, the methodological bases, the economic mechanism for its implementation, specific recommendations are given.

The content of the concept of sustainable development of the industrial complex of the region is clarified. By which is meant the progressive quantitative and qualitative change in the state of the industrial complex with the subsequent preservation of the achieved results in a certain period of time and orientation to harmonious interaction with the natural environment. At the same time, sustainable development of the region's industrial complex is considered in three directions: economic, social and environmental sustainability.

The priority goals and tasks of the transition of the industrial complex of the region to sustainable development aimed at improving the investment process, enhancing innovation and improving the quality of human resources are substantiated.

A system of indicators for assessing the sustainable development of the region's industrial complex has been developed and proposed, which makes it possible to identify the possibilities for its transition to sustainable economic growth.

Keywords: Industry, investment, innovation, region, economic mechanism

Әлемдік экономикада алдыңғы қатарлы мемлекеттерге қосылу үшін бүгінгі таңда индустриалды-инновациялық экономиканы қалыптастыру маңызды болып отыр. Индустриалды-инновациялық экономиканың басты ерекшелігі-технологиялық өңделу деңгейі жоғары өнімдерді шығаруға икемді өндірістік, ғылыми сыйымды және инновациялық бизнестің болуы.

Бәсекелестік ортада ел экономикасының жоғары болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарына жатады. Ашық нарықта тұтынушы өз қажеттілігін қанағаттандырса, онда экономика құрылымын жасақтау басты міндет болып табылады.

Нарықта өзгермелі және үдемелі сұранысты қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да, ұлттық экономиканы жедел және тұрақты даму еліміздің инновациялық орта мен инновациялық бизнестің нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Адамзат Үшінші индустриялық революция табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз. Цифрлық және нанотехнология, регенеративтік медицина және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін трансформациялап, күнделікті ақиқатқа айналады. Біз осынау үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз» - деп атап өтті [1].

Индустриялық-инновациялық инфрақұрылым инновация жүйесінің маңызды құраушыларының бірі. Оның тиімді қызмет етуі тікелей де, жанама да инновациялық жүйенің жалпылай дамуына, оның басқа да құраушыларының ұтымды қызмет етуіне тығыз байланысты.

Қызылорда облысы өзінің бірегей бәсекелестік артықшылықтарын құрайтын елеулі ресурстарға ие. Аймақ темір және полиметаллдық кендердің, мұнай, уран, тұз, әктас, кварц құмы тәрізді табиғи ресурстардың қорларына бай. Облыста мұнай саласында 27 жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде мұнай, уран өндірумен айналысатын шет елдіктермен бірге 8 кәсіпорын жұмыс жасайды.

Индустриалдық-инновациялық даму шеңберінде Қызылорда облысының индустриалдық-инновациялық дамуының өңірлік бағдарламасы қабылданған.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарының бірі ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерциялау, жоғары технологиялық өнімді шығару жөніндегі өндірістерді құруға жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кірудің мемлекеттік стратегиясын іске асыру шеңберінде және индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша бірнеше ірі жобалар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қызылорда облысын дамытуда қазіргі бар жүйелік проблемаларды шешу үшін мынадай мақсаттар қалыптасты:

1-мақсат – Прогрестік құрылымдық жылжулардың негізінде өңірдің бәсекеге қабілетті экономикасын құру.

2-мақсат – Облыстың теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамуына жету.

3-мақсат – Адам әлеуетін дамытудың жоғары деңгейіне жету.

4-мақсат – Өңірдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

5-мақсат – Шаруашылықты нарықтық жүргізу шарттарына сәйкес келетін өңірлік басқару шешімдерін қабылдау жүйесін оңтайландыру.

Стратегиялық бағыт өңдеуші салаларды жеделдете дамыту және инновациялық технологияларды енгізу есебінен өңір экономикасының теңгерімдік дамуын қамтамасыз етуге бағытталады [2].

Қызылорда облысы – еліміздегі экономикалық тұрақты дамушы аймақ болып табылады. Соңғы бірнеше жылда облыста қолайлы экономикалық жағдай, яғни макроэкономикалық көрсеткіштер оң динамикасын көрсетті. Бір мезгілде өндірістің өсуі, аймақтағы табыстың артуына әсерін тигізді. Қызылорда облысы прогрессивті және әртараптандырылған экономикамен сипатталады.

Аймақта 15,1%-мырыштың баланстық қоры, 9,6%-қорғасын, 13,7%-уран, 4,7%-мұнай, газ және конденсат, 3,4%-жалқы Қазақстандық жер асты суларының қорлары бар. Облысымызда ең маңызды минералдар көмірсутекті шикізат, түсті металдар (қорғасын, мырыш), уран, ванадий, тұз және жер асты сулары бар. Аймақта ванадий қорлары Баласауысқандық пен Құрымсақ кен орындарында орналасқан.

Қаратау жотасының ванадий таситын тақтатаас көп мақсатта пайдаланатын шикізат болып табылады. Ванадийден басқа кендерде үлкен құндылықты сирек және жиі сирек элементтердің, алтын мен шунгиттің қорлары бар. Одан басқа, облыс аумағында бірқатар темір, фосфорит, мыс, мұнай кен орындары бар.

Өнеркәсіп Қызылорда облысы экономикасының басты саласы болып табылады. Аймағымызда халықтың 4-тен жоғары бөлігі өнеркәсіп саласында жұмыс жасайды және қазіргі уақытта жалпы өңірлік өнім 52,5%-ды құрап отыр.

Қиыршық тасты өндіру, қиыршық тас 7 есе, керамикалық кірпіш 3 есе, дайын және консервіленген балық 2 есе және т.б. салалар көлемі өсті.

Қызылорда облысының ірі кәсіпорындары – «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Торғай Петролеум», «ҚазГерМұнай» ЖШС БҚ (мұнай өндіру), орташа кәсіпорындар – ЖШС «Қызылордаэкспорттастық» (керамикалық кірпіш), ЖШС «ҚазПромҚызылорда», ЖШС «Қазвернал» (қиыршық тас) және басқалары.

Аймақтық өнеркәсіп – халық шаруашылығының барлық салаларында маңызды, жетекші рөлді алады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарында еңбек құралдары, табиғи шикізаттар, жеке тұтыну заттары өндіріліп, сонымен қатар, ауыл шаруашылық шикізаттарын қайта өңдеуді қамтамасыз етеді. Бәсекеге төтеп беретін, қуатты өнеркәсіп еліміздің қауіпсіздігінің, тұрақтылығының негізі болып табылады.

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру, жаңа өндіріс орындарын ашу, экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту бағытында облыс әкімдігі тарапынан индустриялық аймақтар құру бағытында белсенді жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда

облыстың 7 ауданы мен Қызылорда қаласында индустриялық аймақ құру үшін 906 га жер телімі бөлінген.

2015 жылдың желтоқсанында облыс әкімінің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары қабылданған болатын. Оның іске асырылуы жағдайын қарастыратын болсақ, ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 82 іс-шаралар орындалған, 125-і орындалу барысында. Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы, кейбір мемлекеттер арасындағы қатынастардың асқынуы, біздің еліміздің экономикасына әсер етеді, тиісінше, біздің аймақтың экономикасына әсерін тигізеді. Сондықтан, әрине, біз белгілі бір қиындықтарға жолығамыз, және өкінішке орай, кейбір нәтижелерге қол жеткізу аймақта жасалып жатқан әрекеттерге тәуелді бола бермейді. Сондықтан әрбір кішігірім жетістік, әсіресе дағдарыс кезеңінде, белгілі бір құндылық болып табылады, себебі, оның ар жағында бір қарағанда байқала бермейтін үлкен жұмыс жатыр.

Соңғы жылдары бізде мұнай-газ саласында күрделі жағдай қалыптасты. Қызылорда облысы, мұнайдың әлемдік бағасы төмендеуінен болған экономикадағы дағдарыс құбылыстарынан республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда көп зақымданды. Біздің облысқа республика бойынша 2015-2016 жылдарда шығаратын 4 млн тонна мұнай көлемінің 2.5 млн тоннасы тиесілі, яғни бүкіл мұнай көлемінің 60%. Бұл Жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық бюджеттерін қысқартуға әкеп соғады, ол өз кезегінде өнеркәсіп өндірісінің көрсеткіштерінің төмендеуіне себепші болады (жылдың 10 айы ішінде 2016: ИФО 89.6%), құрылыс жұмыстарының (ИФО 95.2%) және аймақ экономикасына инвестицияның жалпы көлемінің (ИФО 70.6%) [3,4].

Экономиканың құрылымын өзгерту процесі - бұл бір жылдық процесс емес екендігін түсінеміз, және аймақ көмірсутегі шикізаты мен мұнай бағасына әлі өте ұзақ тәуелді болады. Сондықтан, қазір аймағымыз энергетика министрлігімен бірлесіп, жаңа көмірсутек шикізаты кен орындарын барлау және пайдалануға беру мәселесін шешіп жатыр. Онсыз біз өңірдің тұрақты экономикалық дамуын сақтай алмаймыз, себебі біздің өңір үшін (мұнай, уран) шикізат секторының рөлі әлі ұзақ уақыт маңызды болмақ. (76.6% Өнеркәсіп құрылымында). Бұл факт.

Сонымен, аймақта жыл басында міндеттемелер алынған, бірқатар маңызды көрсеткіштердің нәтижелері жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастырушылық жұмысына тәуелді жұмыстар үшін оң динамикасы қамтамасыз етілді.

Атап айтқанда, өңдеуші секторының өсімі ағымдағы жылы 15.4%. Ал егер неғұрлым ұзақ динамикасын қарайтын болсақ, онда, мысалы, 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шикізаттық емес сектордың өндіріс көлемі 2.8 есе ұлғайды, ал осы кезеңде ол республика бойынша орташа алғанда барлығы 17.8%. Осы кезеңде біздің аймақтың шикізаттық емес секторында еңбек өнімділігі 5.2 есеге өсті (ҚР - 195%), ал өңдеу өнеркәсібінің үлесі - шамамен 2 есеге (5.2% ЖӨ өңірдің 2015 дейін 2.3 %2012). Біздің өңір шикізаттық емес секторының даму қарқыны бойынша көшбасшы болып отыр, басқа облыстардың арасында көш басында тұр. Өңдеу саласындығы айқын өсу 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап орнады. Яғни экономиканы әртараптандыру тренді байқалып тұр. Бүгінгі күні индустрияландыру картасының бірінші бесжылдығында(2010-2014 ж.) іске асырылған 17 жобасының 10 жобасы индустрияландыру картасының 90%-дан 100%-ға дейінгі, 3 жоба 50-ден 90%-ға дейінгі жоспарлы қуатпен қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда бұл кәсіпорындарда мыңға жуық адам жұмыс жасауда.

Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы шеңберінде құны 619.5 млрд теңгені құрайтын, 6.3 мыңнан астам жұмыс орнын қамтамасыз ететін 24 жоба іске асырылатын болады.

Енді жеке инвесторлардың қатысуы жөніндегі жобаларды жүзеге асыруға шешім қабылдаған кезде мемлекеттің экспорттық әлеуеті, жоғары өнімділігі мен инновацияландыру бағдар болады.

Сонымен қатар, біздің индустриялық аймақтардың толтырылуына талдау жүргізілді. Олар, бізде 6 (Қызылорда қаласында, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Шиелі

аудандарында). Өкінішке қарай, индустриялық аймақтардың жобалармен толықтырылуы бүгінгі күні 18% құрап отыр.

Әрине, мұнда қолайлы емес экономикалық ахуал әсер ететіні белгілі. Оның үстіне, банктер облыстағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ұзақ мерзімді кредиттеу көлемін 2 есеге қысқартты.

Сондықтан да бүгін екінші деңгейдегі банктермен индустриялық аймақтарды толықтыра алатын қабілетті жобаларды іздестіру жөніндегі белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Шикізаттан тәуелділікті азайту мақсатында индустриялық екінші бесжылдық шеңберінде жаңа (ірі) өндірістерді құру жөніндегі жұмыстар жалғастырылып келеді.

Салынып жатқан шыны зауытына қажет жабдықтардың 88.2% астам (американдық инвестормен бірлесіп) қойылды. Жабдықтарды ұсынушы әлемдегі ең танымал жақсы кепілдеме беретін американдық, герман, итальян компаниялары болып табылады.

Желтоқсанда дайын өнім қоймасының құрылысы аяқталатын болады, ал жылдың соңына қарай жабдықты құрастыра бастау жоспарлануда.

Зауытты іске енгізуді кесте бойынша 2017 жылдың екінші жартысында жоспарлап отыр.

«Бала Сауыскандық» ванадий кен орнындағы (британ «Фер - ролойс Рисорсиз ЭлТиДи» компаниясымен бірлесіп) тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру аяқталды. Аммоний метаванадатының сынамалық партиясы АҚШ, Тайвань және Ресейге байқаудан өткізу үшін бағытталды. Жеткізу нарықтары зерттелуде.

Оның үстіне, ағымдағы жылдың 22 қарашасында Лондонда Қазақстан-британ үкіметаралық комиссиясының отырысында «Бала сауыскандық» кен орнындағы «Қара сланецті автоклавты өңдеу» инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі ҚР инвестиция және даму министрлігі, Қызылорда облыстық әкімдігі мен британдық «Рисорсиз ЭлТиДи Ферролойс» компаниясы арасындағы үш жақты келісімге қол қойылды.

«Шалқия» мырыш-қорғасын кен орнында «Таукен-Самұрық» компаниясы ЕҚДБ және «Аутотек» фин тау-кен байыту комбинатымен бірлесіп, тау-кен байыту комбинатының және осы комбинат үшін қажет газды-турбиналы электр станциясының құрылысы бойынша дайындық жұмыстарына кірісті. Бір мезгілде кен орнындағы гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы бойынша ТЭН әзірлеуде.

Ағымдағы жылдың 6 желтоқсанында мемлекет басшысының қатысуымен болған Индустрияландыру күніне арналған жалпыұлттық телекөпір өтті, оның шеңберінде Қызылорда облысындағы «Шалқия» кен орнындағы қуаты жылына 4 млн тонна болатын полиметалды кендерді өндірістік игеруге арналған байыту зауыты» жобасы ұсынылды.

Ферроқорытпа (неміс серіктесі ІСМБ бірлесіп) зауыт жайындағы жұмыс жалғасуда. Жобаның ТЭН әзірленді, инфрақұрылым жүргізілді. Қазір тәжірибе-өнеркәсіптік сынау жұмыстарын өткізу үшін жобаның жоғары ғылыми-техникалық комиссияның мақұлдағанын күтеміз. Ал 23 тамызда Варшавада (Польша) поляк компаниясымен («EMP enerdgy and metallurgical Products spolka z.o.o») ферроқорытпа зауыты жобасын іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Сонымен қатар, Польшаның Ұлттық банкі 300 млн. АҚШ доллар инвестиция құюға дайын екендігін растады.

2016 жылдың маусым айында ресейлік компаниямен бірлесіп, Жаңақорған ауданында құрылыс цементін өндіретін зауыт құрылысын салуға бастама берілді. Осы жылдың қазан айында Шиелі ауданында тампонажды цемент өндіретін зауыт құрылысы басталды. Осы екі жобалар бойынша инвестициялардың жиынтық көлемі - 277 млн АҚШ долларын құрайды. Оларды іске асыру шамамен 400 жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. 2018 жылдың басында зауыт іске енгізіледі.

Қазақстан Даму банкі арқылы «Арал тұз» акционерлік қоғамының Аралда кальцийленген сода зауыты құрылысы жобасын іске асыру үшін инвестициялар тарту мәселесі пысықталуда. (ТЭН мен бизнес-жоспар дайын, жобаның құны 81.3 млрд теңге). «Арал тұз» индустрияландыру картасы аясында тұз өндеудің испандық цехын іске қосқалы,

өз өнімдерінің 57% шетелге экспортқа шығарады және тек соңғы 2 жылда Ресей нарығының 10% жаулап алды.

Ал биыл тамақ және техникалық тұз шығаратын екінші цехты қосты. Нәтижесінде тартылған нөлдік ас тұзының өндіріс қуаты 7 есеге артты, шығарылатын өнімдердің ассортименті ұлғаяды және 200-ден астам жаңа жұмыс орны құрылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықаралық қаржы институттары мен мемлекеттік-жекеленген серіктестік қорлары пайдаланылады. Бүгінде жалпы құны 400 млрд теңгеден астам 24 жобалармен жұмыс жасалып жатыр. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қызылорда облысы Қазақстан аймақтарының арасында бұл ұйыммен белсенділігі жөніндегі жұмысты бағалау бойынша көшбасшы болып табылады. Бүгінгі күні бізде жалпы сомасы шамамен 250 млрд теңге болатын ЕҚДБ бірлескен 10 жобамен жұмыс жасалуда. Олардың 4-і, жолаушылар тасымалдары жүйесін жаңғыртуға, облыс орталығының коммуналдық инфрақұрылым автоматтандыруға және кеңейтуге (жылумен, сумен, электрмен жабдықтау) бағытталған, қазірдің өзінде іске асырылуда. Алғашқы нәтижелеріде бар. Қызылордадағы жолаушылар тасымалдарының жағдайы осыдан бірнеше жыл ғана бұрын шағын автобустар, жолаушыларға толы “Газелдер” тасымалдайтын еді.

Ал бүгін ЕҚДБ бірлескен қалалық автобус паркін құру жөніндегі жобаны іске асырудың арқасында, қала көшелерінде жолаушы-жарымжандар үшін аппараттармен, GPS жол сілтеушілермен және бейне камералармен жарақтандырылған заманауи 112 жаңа автобустар жүріп жатыр. Барлық автобустар кешенді техникалық тексеруден өтті. Олар табиғи газбен жұмыс істейді. “Евростандарт” бойынша персоналда жұмыс істейді: бақылаушылар қарым-қатынас мәдениеті бойынша оқыту курсынан өтті. Үкімет мұндай жобаларға жалпы құнының шамамен 40% -ы мөлшерінде өтеусіз гранттар береді, ал аймақ бар болғаны 10% қаржыландырады. Бұл ең ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар, олар аймағымызға аса қажет. Одан да қолайлы жағдайды бізге ешкім ұсына алмайды. Сондықтанда аймағымыз бюджет қаражатының тапшылығы жағдайында бұл мүмкіндікті барынша пайдаланады. Әрине, тек ең қажетті және ақысы қайтатын жобаларға, бюджетке салмақ түсірмеу мақсатында МФО қарыздар есебінен іске асыруды көздейміз. Бұдан басқа, кәсіпорын-қарызшылар енді өз шоттарына кредиттер бойынша міндеттемелерін өтеуге қажетті соманы жинай бастады.

Қазан айында Қызылорда облысында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салуға ЕҚДБ қарыз беру туралы келісімге қол қойды.

Қызылорда қаласының сол жақ жағалаудағы бөлігін игеру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қазірдің өзінде облыс орталығының халық саны 280 мың адамнан асады. Жақын болашақта қалаға шоғырлану деңгейін, демографиялық және көші-қон факторларды есепке ала отырып, қала тұрғындарының саны 350 мың адамға дейін артады. Қосымша тұрғын үй құрылысын дамыту үшін аумақтар қажет болады. Себебі, солтүстік бөлік жеке тұрғын үй құрылысына, оңтүстік өнеркәсіп алаңдарына, ал батыс бөлікте индустриалды аймақ орналасқан, осы себепті қаланың оңтүстік-батыс бөлігін игеру туралы шешім қабылданды. Сол жақ жағалауға апаратын көпір салу осы жылы аяқталады. Сол жақ инженерлік инфрақұрылымы дайын және мемлекеттік сараптамамен мақұлдады. Қазір инвесторлармен, Азия Даму Банкімен өзара серіктестік шеңберінде, сондай-ақ оларды іске асыру мәселесі талданып жатыр.

Қызылорда облысы экономикалық мамандануы бойынша индустриялық өңірлердің қатарына кіреді, оның ішінде өнеркәсіп үлесі 50% құрайды. Аймақ экономикасы аграрлық-индустриялық бағытты жолға қойған. Алайда, аймағымызда тау-кен өндіру өнеркәсібі үлесі өңдеу өнеркәсібіне қарағанда басым келеді, яғни өндіріс құрылымында маңызды сәйкессіздік байқалады. Аймақ кварц құмы, балық өнімдері мен ас тұзы бойынша ірі өндірушілердің бірі және жеткізуші. Облыстың аумағына мырыштың - 16,4%, қорғасынның - 11,1% теңгерімдік қорлары, уранның -14% , мұнай, газ бен конденсат қорларының - 4,7%, 3,4% - жалпықазақстандық қорлардың жерасты сулары шоғырланған. Облыстың аса пайдалы қазбалары түсті металдар (қорғасын мен мырыш көмірсутекті шикізат), ванадий, уран, пісірілген тұз және жерасты сулары болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық және экономикалық өсім, іскерлік белсенділікті арттыру – облысымыздың алдағы 5 жылдықтағы дамуының басты басымдықтары болып табылады. Олар «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясат және бес институтционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сай келеді.

Аймақта «Өнімділік-2020», «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламалары арқылы арқылы өнеркәсіптің дамуына мемлекет тарапынан қосымша қолдаулар көрсетілуде.

Өңірде индустриялық аймақтарды құру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Қызылорда қаласы мен барлық 7 ауданда оларды құруға жер телімі бөлініп, бюджет есебінен Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарында олардың инженерлік және коммуникация қондырғылары тартылды. 2 ауданда (Сырдария және Қармақшы) индустриялық аймақтың жобалық-сметалық құжаттары жасалды. Облыстың индустриялық аймақтарынан 34 кәсіпкерлік субъектілеріне құны 102,3 млрд. теңге құрайтын инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 137,9 га жер телімдері бөлінді.

«Байқоңыр (Байконур)» ӘКК» ҰК» АҚ-ның қатысуымен Өңірдегі индустриялық-инновациялық саясат жүзеге асырылуда. Акционерлік қоғаммен бірлесе отырып 13 жоба іске асырылды. Соның нәтижесінде 3 балық өңдеу зауыттары құрылды. Олар Қазалыда – 1 балық өңдеу, Арал ауданында - 2 балық өңдеу зауыты. Сонымен қатар, Шиелі ауданында мия тамырын өңдейтін экспортқа бағытталған зауыт, Арал ауданында сервистік дайындау орталығы, Қызылорда қаласында ауыз су тазалауға арналған мембрана құрылғысын өндіретін құрау зауыты және Жалағаш элеватор зауыттары қайта жаңғыртылды.

Аймағымызда игеріліп жатқан мырыш, қорғасын, ванадий кен орындарынан бөлек, Ақеспе титан кен орны, мыс рудасының қоры, Қаратау алтын кен орындары орналасқан және бұлар өңіріміздегі өнеркәсіпті өркендетудің негізі бола алады. Сонымен қатар, пайдалы металл емес қазбаларда кеңінен тараған. Олар: сазбен құмнан тұратын кірпіштік тау жынысы, силикат бұйымдары және құрылыс үшін қажетті құмдар, құм-киыршық тас материалдары, әктастар.

Жоғары сапалы шыны құмдары және ас тұзының кен орындары (Арал теңізінің солтүстік жағалауы және оған жақын жатқан көл қазандықтар) бар.

Осы аталған ресурстардың барлық түрлеріне қарамастан, Қызылорда облысы жиырма жылдан бері шикі мұнайды өндіруге маманданған аймақ болып табылады. Бірақ бұл қарқынмен жер қойнауларын пайдалану келешекте өңір ресурстарының сарқылуына алып келеді. Сондықтан аймақтарды дамытудың 2020 жылға дейінгі арналған болжамды дамыту жоспарына байланысты мынадай салаларды дамыту көзделуде: инфрақұрылымды, сумен, энергиямен қамтамасыз етуді және құрылыс материалдарын өндіруді.

Аймақта өнеркәсіпті дамыту үшін бәсекелік қабілеттілігі жоғары, тұтынушылық қасиеті ерекше және сұранысқа ие, әлемдік нарыққа бағытталған, қосылған құны жоғары, ғылыми жаңалығы бар, жаңа технологияларға негізделген инновациялық өнім түрлерінің санын арттырып көп мөлшерде өндіру қажет.

Өнеркәсіптің индустриялық деңгейін көтерудің тиімді экономикалық механизмі:

Біріншіден, халықаралық келісім шарт қатынастарына сай сыртқы нарыққа өнім өндіру, жеке тұтынушылық пен мемлекеттік тапсырысқа сәйкес ішкі нарық сұранысын, экономиканың, аймақтың және адамдардың сұраныстарын қанағаттандыру;

Екіншіден, өндірісте тұтынушыға қажетті соңғы өнім өндіруді көздеу;

Үшіншіден, мемлекеттік реттеу, қолдау және кәсіпорынның мүддесін қанағаттандыратын шаралар үйлесімділігін қамтамасыз ету;

Төртіншіден, өнеркәсіптік және техникалық өндірісті ұтымды ұйымдастыру, мемлекеттің қаржы ресурстарын өнеркәсіп салаларын дамытуда тиімді қолдану;

Бесіншіден, инновациялық жаңалықтарды енгізуді ынталандыру, техника мен технологияның жаңаша үлгілерін экономикаға енгізу, сала ішіндегі және салалар арасында инновациялық технологияны бөлуде мемлекеттік саясатты белсенді жүргізу;

Алтыншыдан, өндірісті реконструкциялау, жаңғырту шараларын жүргізуді қаржыландыру сияқты маңызды мәселелерді басты мақсат етіп қою жатады.

Өнеркәсіптің инвестициялық белсенділігін көтерудің экономикалық механизмі өңдеу салаларын инвестициялау үшін қажетті салық, бюджет және қаржы-несиелік реттеу құралдарының бүкіл жиынтығын қамтиды, сөйтіп ол өндірістік, делдалдық, коммерциялық және инновациялық технологияға негізделген өндірісті инвестициялауға мүмкіндік береді.

Экономикалық өсу жағдайында бұл механизм мынадай бірнеше бөлімнен тұрады:

- өнеркәсіпке бағытталған бюджеттік қаржыны ұтымды бөлу және тиімді пайдалануға ықпал ететін экономикалық тетіктер мен ұйымдастыру шараларын ұйымдастыру;
- өңдеу өнеркәсібінің инвестициялық қаржылық базасын құру;
- кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаржыларының өсуіне ықпал экономикалық тетіктерін анықтау;
- жеке кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеу;
- өнеркәсіпті дамытуда халықтың жинақтауларын пайдалану құралдарын анықтау;
- тікелей шетелдік инвестицияларды өңдеу өнеркәсібіне тарту шаралары;
- бағалы қағаздар нарығын дамыту және тағы басқа қаржыландырудың нарықтық көздерін анықтау [5].

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан халқына Жолдауы, 17 қаңтар 2014 жыл. <http://strategy2050.kz>.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан халқына Жолдауы, 2015 жыл.

3 Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы, 20 мамыр 2015 жыл, Астана.

4 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 10 тамыз 2014 жыл.

5 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысы.

ӘОЖ 330.4:338.47 (574.54)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

И.В.ТАРАНОВА, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы
Г.Е.ТАЛАПБАЕВА, экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада республикалық, өңірлік, аудандық сипаттағы автожолдарды басқару ерекшеліктері зерттеліп, авторлық тұжырымдамалар бекітілген.

Көлік кешені Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында өңіраралық байланысты және ел экономикасының әлемдік жүйеге ықпалдасуын қамтамасыз ететін маңызды сала. Халық пен шаруашылықтың тасымалдау қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, қалалармен бірге мемлекет территориясының тірегін және де мемлекет инфрақұрылымының негізін, аймақтық еңбек бөлінісін құру мен дамытуда материалды-техникалық базаны құрайды.

Қоғамның мүддесінде көлік кешені инфрақұрылымын дамытуда тараптардың әрқайсысының ресурстары мен тәжірибесін біріктіру арқылы, экономикалық субъектілерге жоғары сапалы қызметтерді көрсету жағдайында шығындар мен тәуекелдерді барынша

төмендету мақсатында мемлекеттік-жеке әріптестікті іске асыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Жол шаруашылығының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің жол инфрақұрылымы даму деңгейіне әсері негізделді және жол инфрақұрылымын бағалауды жетілдіру бойынша әдістемелік тұрғыдан ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: жол инфрақұрылымы, көлік инфрақұрылымы, транзит, көлік шаруашылығы, автомобиль жолдары.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности управления автодорогами республиканского, регионального и районного значения, определены авторские концепции. В интересах общества путем объединения ресурсов и опыта каждой стороны в развитии комплекса транспортной инфраструктуры максимального снижения расходов и рисков, предоставления субъектам экономики высококачественных услуг разработаны рекомендации по реализации государственно-частного партнерства.

Транспорт - важная отрасль, обеспечивающая межрегиональные связи в социально-экономическом развитии Казахстана и интегрировании экономики страны в мировую систему, удовлетворяя потребности населения и народного хозяйства в перевозке, вместе с городами создает «каркас» территории и инфраструктуру страны, а также базу регионального разделения труда и материально-технического развития регионов.

Предложена методика оценки уровня развития дорожной инфраструктуры, основанная на определении влияния основных макроэкономических показателей дорожного хозяйства на уровень развития дорожной инфраструктуры.

Ключевые слова: дорожная инфраструктура, транспортная инфраструктура, транзит, транспортная хозяйства, автомобильная дорога.

Annotation

The article the features of the Republican administration, regional and district roads have been studied and author's concepts are approved.

Transport is an important sector providing interregional relations in socio-economic development of Kazakhstan's economy and integration of the country into the global system. Satisfying the needs of the population and national economy in carriage by road transport together with the cities creates "a skeleton" of the territory and country's infrastructure, as well as basis for regional division of labor and material and technical development of the region.

In the interests of society by combining the resources and expertise of each party in the development of transport infrastructure complex a maximum reduction of costs and risk of high quality services offer to economic entities have been developed the recommendations for the implementation of public and private partnerships.

The methodical approach to assessing the level of development of road infrastructure has been offered, which is based on the identification of the impact of major macroeconomic indices of road facilities to the level of development of road infrastructure.

Keywords: Road infrastructure, transport infrastructure, transit, transport facilities, road.

Қазақстанның географиялық орналасуы, Еуразияның әр түкпірінен біздің ел арқылы өтетін транзиттік ағындардың қозғалысын тарихи анықтады. Осы орайда ең жоғары нәтижеге жету үшін алдымен Батыс Еуропада, содан соң бүкіл Еуразия континентінде көліктік дәліздер қалыптастырылуда. Оларды құруды бастаушылар болып, әртүрлі халықаралық ұйымдар табылады, соның ішінде Еуропалық экономикалық комиссия (ЕЭК) және БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхит аймағы үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (АТМЭЭК).

Қазақстандағы автомобиль жолдарының ұзындығы 128 мың км құрайды, оның ішінде 97,4 мың км – жалпы пайдаланымдағы жолдар және 42,4 мың км – өндірістік

кәсіпорындарға, рудниктерге, фермерлерге және орман шаруашылығына, технологиялық жолдар қызметін орындайтын басқа да өндірістерге кіре берістер түріндегі шаруашылық жолдар [1].

Бүгінгі күні жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тығыздығы мыналарды құрайды:

- 32 км 1000 км²-ға;

- 5,78 км 1000 тұрғынға;

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының тығыздығы мыналарды құрайды:

- 8,44 км 2 аудан 1000 км-ге;

- 1,55 км 1000 тұрғынға.

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары маңызы бойынша ұзындығы 23,5 км – республикалық маңызы бар жолдар және ұзындығы 73,6 км жергілікті маңызы бар жолдар болып бөлінеді.

Жалпы пайдаланымдағы жолдардың үлкен бөлігі асфальт-бетон және қарақиыршықтас жамылғылары – 65 %, қиыршықтасты-шағылтасты жолдар – 29,3 %, жамылғысыз, топырақтағы жай-күйі бүгінгі күні барлық желі бойынша 5,3 % болады.

Соңғы 11 жыл ішінде автожолдарды дамытуға, оның ішінде жергілікті жолдарға 1 263,1 млрд. теңге бөлінген болатын, егер 2006 жылы 7,7 млрд теңге қаржыландырылған болса, 2016 жылы 189,5 млрд. теңге қаржыландырылған. Осы жылдары 97,1 мың км жалпы пайдаланыстағы жолдар ішінен 44 мың км аса жолдар қайта жасау және жөндеу жұмыстары жүргізілген, соның ішінде республикалық желілер – 24,4 мың. км. [1].

2017 жылғы 1 қаңтарға республикалық маңызы бар автожолдар желісінің жай-күйі мынадай: жақсы – 31 %; қанағаттанарлық – 50 %; қанағаттанарлықсыз – 19 %.

Жергілікті маңызы бар автожолдардың жай-күйі: жақсы – 17%; қанағаттанарлық – 49 %; қанағаттанарлықсыз – 34 %.

2014-2018 жылдар кезеңінде шамамен 21,6 мың км автожолды қайта жөндеуден өткізу және жөндеу жоспарлануда, оның ішінде 4,0 мың км – реконструкциялау, 7,6 мың км – республикалық маңызы бар автожолдар және 10 мың км жергілікті маңызы бар жолдар жөндеу жоспарланған [2].

2010 жылы Қазақстан БҰҰ ЕЭК халықаралық автотораптар туралы Келісімге қосылды және өз автотораптарының бір бөлігін әлемдік ынтымақтастыққа пайдалануға ұсынды.

Сонымен қатар ТМД елдерінің мемлекетаралық экономикалық комитеті шеңберінде оның мүшелерінің ұсыныстары бойынша ТМД халықаралық автомобиль жолдарының тізімі жасалды.

Қазіргі жағдайда Еуропалық және Азиялық автокөлік жолдарының субаймақтық жүйелерінің интеграция үрдісі жүріп жатыр. Ол көптеген мемлекеттерге, ірі порттарға, көлік терминалдары мен шиеліністерге шығуды қамтамасыз етеді және де халықаралық автотасымалдау нарығына жағымды әсер етеді [2].

Халықаралық байланыста қолданылатын республика желісіндегі автомобильдік жолдарды үш негізгі бағытта бөлуге болады.

- солтүстіктік – Ресейге және әрі қарай транзитпен Еуропаға және Алыс Шығысқа;

- шығыс – Қытайға және әрі қарай Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне

- оңтүстіктік – Орталық Азия және әрі қарай Кавказ елдеріне, Иран және Түркияға.

Осы бағыттағы қазақстандық автотрассалардың сәйкес учаскілері, құрама бөлігімен Азиялық шосселік жолдарға (АЛТИД жобасы), ЭСКАТО эгидасымен экономикалық қызмет ету ұйымдарын құрастырушы мемлекеттерге, ТРАСЕКА жобасына (Еуропалық одақ) және де ТМД елдерінің халықаралық автомобиль жолдар желісіне кіреді

Жалпы қолданыстағы қазақстандық трассаларынан негізінен 85 % шамасында жолдың ені 7-8 м болатын екі жолақты қозғалыс жолдары III және IV техникалық категориясына жатады. I категорияға жататын төрт жолақты жолдар негізінен Астана, Алматы және кейбір

облыс орталықтарына жақын аймақта орналасқан. Олардың автомобильдік жолдар желісіндегі ұзындығы 1% аспайды [2, 28 б.].

Қазақстандағы жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары толығымен мемлекеттің меншігі болғандықтан, оларды қамтамасыз етуді және бүкіл автожолдар инфрақұрылымын дамытуды мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Автожолдар саласын басқарудың жалпы құрылымы бірнеше рет қайта құруға ұшырады. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігі көліктің барлық түрлерінің қызметін үйлестіру мен толық басқаруды жүзеге асырады және автожолдар саласындағы бағдарламалардың ұйымдастырушысы болып табылады.

Жол шаруашылығына жұмсалатын шығындардың тиімділігі шетелдік зерттеушілердің есептеулерімен дәлелденеді, олардың ойынша орташа қарқынды қозғалысты жолда автомобиль жолдарын қамсыздандыру мен жөндеуге жұмсалған инвестицияның әр доллары пайдаланушыға 3 долларға дейін таза табыс әкеледі [2].

Кесте 1 – 2012-2016 жж. аралығында қатынас жолдарының пайдалану ұзындығы (мың км.)

Жол түрлері	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	Ауытқу, 2016/2012
Жалпы қолданыстағы темір жолдар	15,1	15,1	15,0	14,8	15,3	1%
Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары	93,6	96,8	96,0	97,1	97,4	3,5%
Құбыр жүргізу тораптары	16,3	20,4	20,2	20,2	20,2	19,3%
Су кеме қатынасы жолдары	4,1	4,1	4,1	4,1	4,2	2%
Ескерту –Қазақстан Республикасындағы көлік 2012-2016. Статистикалық жинақ.-Астана, 2016.- 90 б. әдебиет негізінде құрастырылған						

Қазіргі таңда Қазақстандағы автомобиль жолдары желілерін дамыту көліктік инфрақұрылым дамуының басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстанның геосаяси басымдықтары халықаралық экономикалық қатынастар шеңберінде, негізгі транзиттік дәліз ретінде елдің ерекше орналасуымен анықталады. Қазақстан Республикасының кең территориясында темір жол желілері мен кеме жүретін өзен жолдары жеткілікті дамымаған, сондықтан бірінші кезектегі маңызға автомобиль көлігі ие және ол дамыған автомобиль жолдарының желісін қажет етеді. 1-кестеде көрсетілгендей, көліктік жолдар ішінде автомобиль жолдары басым болып келеді.

2016 жылдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы 97,4 мың км болса және 2012 жылмен салыстырғанда 3,5 %-ға, яғни 3,8 мың км артты, соның ішінде ең көбі Оңтүстік Қазақстан облысында – 1 989 км-ге, Атырау облысында – 1163 км-ге, Жамбыл облысында –298 км-ге артты. Республиканың территориялық көлемдерін ескеретін болсақ, аталған сандар өте аз және автомобиль көлігінің дамуы үшін жеткіліксіз болып табылады [1].

Жергілікті қолданыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы статистикалық жалпы қолданыстағы қатты төсемді, автомобиль жолдарының тығыздығы 2016 жылдың соңында территорияның 1000 шаршы км-не шаққанда 32 км болды және жыл ішінде 1,1 км-ге өсті [1].

Автомобиль жолдарымен жүк және жолаушылар айналымы жыл өте қарқынды өсуде. 2012 жылы ҚР бойынша жүк айналымы 63 481 млн.т.км және жолаушылар айналымы 106 877 млн.ж.км құраса, 2016 жылы сәйкесінше 132 297 млн.т. және 184 828 млн.ж. құрады [2].

Кесте 2 – 2012-2016 жж. аралығында ҚР жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары (мың км)

Облыс атауы	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	Ауытқу, 2016/ 2012
Ақмола облысы	7887	7888	7886	7886	8111	224
Ақтөбе облысы	5978	5970	6091	6091	6091	113
Алматы облысы	9617	9472	9472	9472	9482	-135
Атырау облысы	2752	2752	2752	3915	3915	1 163
Батыс Қазақстан облысы	6512	6512	6527	6531	6531	19
Жамбыл облысы	4993	5203	5305	5280	5291	298
Қарағанды облысы	8908	8844	8844	8844	8844	-64
Қостанай облысы	9514	9515	9515	9515	9517	3
Қызылорда облысы	3312	3345	3337	3338	3360	48
Маңғыстау облысы	2423	2489	2489	2489	2586	163
Оңтүстік Қазақстан облысы	5209	8348	7289	7289	7198	1 989
Павлодар облысы	5667	5666	5666	5665	5658	-9
Солтүстік Қазақстан облысы	9003	9005	9003	8998	8998	-5
Шығыс Қазақстан облысы	11837	11837	11842	11842	11836	-1
Қазақстан Республикасы бойынша барлығы	93 612	96 846	96 018	97 155	97 418	3 806
Ескерту – [1]						

Осыған орай, жүк айналымының өсуіне байланысты жолдың сапасы қажетті дәрежеде болуы тиіс. 6-7 тонна осьтік жүктемеге есептелген көптеген жолдар өздерінің төзімділік сипаттамалары бойынша, заманауи көлік ағындарына және қозғалыстың жоғары қарқындылығына сәйкес келмейді. Сол себепті жолдар халық және экономика қажеттілігін қанағаттандыра алмай, заманауи сапалық дәрежеге сәйкес келген жағдайда, жүк айналымы өңірдің экономикалық әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз. Қазақстан Республикасы мен оның аймақтарындағы автожолдар секторының қазіргі жағдайы сауда серіктестерімен тиімді экономикалық өзара қарым-қатынас қалыптастыруға кедергі болып тұр. Қазақстанда 1991 жылдан бастап жол құрылысы мен оны жөндеуге қажетті қаржыландыру көлемі жүйелі түрде төмендеп келеді. Дағдарыстың және бюджеттегі мемлекеттің барлық табысын шоғырландыру, қажеттілігінің салдарынан Жол қорының жойылуы да салаға үлкен әсерін тигізді. Осыған байланысты, Президент әр жолдауында автомобиль жолдарының маңыздылығын атап өтеді. Алдымыздағы 10 жылда жол инфрақұрылымының қажеттіліктеріне 2,3 млрд. доллар мөлшерінде инвестиция тарту жоспарланып отыр. 2016 жылы жол шаруашылығына 25168,1 млн. теңге, ал 2015 жылы – 20236,7 млн. теңге шығындалды (3-кесте). 2016 жылы шығындалған ресурстардың жалпы көлемінің көп бөлігі (61,3%) күрделі салымдарға, соның ішінде 29,2%-ы күрделі жөндеу жұмыстарына, 27,9%-ы жолдарды ағымдық жөндеу мен қамсыздандыруға, 10,7%-ы басқа да шығындарға бағытталды.

Кесте 3 – ҚР 2014-2016 жж. аралығында жол шаруашылығына қаражаттар мен ресурстарды тарту және қолдану, млн. теңге

Көрсеткіш атауы	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	Ауытқу 2016/2014
-----------------	---------	---------	---------	---------------------

Барлық ресурстар соның ішінде:	22101,5	20236,7	25168,1	3066
есептілік кезеңінің басындағы	258,2	441,9	21,9	-236,3
қалдық	22359,8	19794,8	25146,2	2786,2
есептілік кезеңіне бөлінген ресурстар				
Шығындалған ресурстар – барлығы	21636,0	20204,5	25134,6	3498,6
соның ішінде:				
күрделі салымдар	13736,7	12101,0	15410,0	1673,3
оның ішінде –				
күрделі жөндеу жұмыстарына	5224,2	5352,9	7347,9	2321,7
жолдарды ағымдық жөндеу мен	7183,9	6234,9	7019,8	-164
қамсыздандыруға				
басқа да шығындарға	715,3	1868,6	2704,8	1989,5
Есептілік кезеңінің соңындағы	456,6	32,2	33,5	-423,1
қалдық				
Ескерту - ҚР Қаржы Министрлігінің материалдары негізінде құрастырылған				

2016 жыл барысында жалпы қолданыстағы қатты төсемді автомобиль жолдарының 6504 км жөнделді (2015 жылы – 7895 км). 2016 жылы жөнделген қатты төсемді жолдардың сметалық құны – 15954,3 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдағы осындай көрсеткіштен 39,2%-ға артық болды [2]. Жоғарыда айтылғандардың негізінде жол саясатының мақсаты – бар жолдардың жұмыс істеу тиімділігін жоғарылату және жаңа сапа стандарттарына сәйкес келетін, жаңа жолдар салу болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты аталған сала проблемаларына көңіл бөлуді белсендендіру, ішкі және сыртқы қаржыландыру көздерін тарту, жол шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіру қажет.

Қазақстанда автомобильді магистральдік дамуы жол саясатын жүзеге асыруда белсенді ықтимал мен мүмкіндіктерге де және қатал шектеулерге де ие.

Бұл саланың даму мүмкіндіктерінің қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- Қазақстанның автомобиль жолдары шекаралық және орталық аймақтардың сауда мүдделерін қамтамасыз етеді. Осылайша, мысалы, Қазақстан Республикасындағы барлық жүк тасымалдау көлемінің 76%-ы автомобиль көлігіне тиесілі.

- Қазақстанның халықаралық сауда қатынастарына қатысуы, автомобиль тасымалының халықаралық тәжірибесінің қалыптасуына жағдай жасайды.

Қазақстанда халықаралық тасымалдар жүзеге асырылатын алты автокөліктік торап бар. Бұл тораптар Еуропаға шығуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстанда қатаң шектеулер де бар, олар:

- Қатынас жолдарының тығыздығының төмендігі. 2016 жылы республиканың жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі территорияның 1000 шаршы км-не шаққанда 33,7 км болды, бұл көрсеткіш Украина және Белоруссиямен салыстырғанда 6-7 есеге, Ресеймен салыстырғанда 2 есеге төмен [4].

- Қолданыстағы автомобиль жолдарының төсемдерінің заманауи нормаларға сәйкес келмеуі. Кеңес Үкіметі кезеңінде 6-7 тонна осьтік жүктемеге есептелген жолдардың көпшілігі өздерінің төзімділік сипаттамалары бойынша, қазіргі көлік ағындарына және қозғалыстың жоғары қарқындылығына сәйкес келмейтін болды.

- Автожолдар желілерінің төмен техникалық деңгейі. Қазақстанның автомобиль жолдарының бестен бір бөлігі толық бұзылған, ал 60% жол құрылымының сапасы бойынша қозғалыс талаптарын қанағаттандырмайды.

- Экологиялық аспект. Жақын территорияларда улағыш заттарды шығару және ластау экологиялық жағдайды төмендетеді.

- Жөндеуді қажет ететін жолдарды қысқарту.

Соңғы кездері жыл сайынғы қажетті жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес жылына 23-24 мың км жол өңделуі керек, қазір бұл көрсеткіш төмендеді және жылына 6-7

мың км құрайды. Мамандардың есептеулері бойынша, 1 км жолдың күрделі жөндеуіне кететін қаржы орта есеппен 200 мың АҚШ долларын құрайды [3,4].

Жол саласына жүргізілген талдау республикада, қалыптасқан автомобиль жолдарына қатысты дәстүрлі көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігін көрсетіп отыр, бұл көзқарас бойынша олардың экономиканың барлық салаларының жедел дамуы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығы үшін жағымды жағдайлар жасаудағы ролі жеткілікті бағаланбайды. Осының алдында әрекет еткен жол желілерін, мемлекеттік басқару жүйесі тиімді емес болғанын атап өткен жөн. Көлік шаруашылығын қалдықты қаржыландыру, қағидасы автомобиль жолдарын салу және сапалы жөндеу проблемасын түпкілікті шешуге кедергі болды. Осыған байланысты жол шаруашылығын тиімді басқару, республикалық және жергілікті деңгейлерде бірыңғай көліктік стратегия жасау проблемалары өзекті болды.

Жол құрылысы саласында бірыңғай көліктік стратегияны жүзеге асыру келесі шаралардың орындалуын қарастырады:

- автомобиль жолдарын салуға ірі инвестицияларды тарту;
- инвестициялық жобалардың орындауға мемлекеттік басқару органдарының атаулы жауапкершілігі;
- автожолдар құрылысын автоматтандыру, ең жақсы әлемдік технологияларды қолдану;
- автомобиль жолдары құрылысына халықаралық сапа стандарттарын енгізу.

Осылайша, әлемдік жүйеге сәйкестендірілген, дұрыс көліктік-коммуникациялық желі салудағы, жалпыұлттық міндетте автомобиль жолдары желілерін жедел дамыту, маңызды рольге ие [5].

Әдебиеттер:

1. ҚР статистика комитеті. Қазақстан Республикасындағы көлік / Статистикалық бюллетені // электронды ресурс: <http://www.stat.gov.kz>
2. АҚ «ҰҚ «КазАвтоЖол» ресми ақпарат // электронды ресурс: <http://www.kaz.kazautozhol.kz>
3. Лившиц В. Системный анализ экономических процессов на транспорте. - М.: Транспорт, 2009. - 240 с.
4. Автомобильный транспорт Казахстана: 2015-2016 // Ежегодный доклад IRU.- М., 2016.-147 с.
5. Галабурда В.Г. Маркетинг на транспорте: учебное пособие.- М.: МИИТ, 2012.- 108 с.

ӨОЖ 332.142

ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРІНІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫН ТАЛДАУ

И.В.ТАРАНОВА, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы

Э.Т.ТЕМИРБЕКОВА, экономика ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Әлемдік нарықтағы интеллектуалдық еңбек өнімдері экономикалық іс-әрекеттің басқа салаларына қарағанда жоғары бағаланады. Нарық талаптары соңғы жетістіктерді кеңінен пайдалануға, инновациялық белсенділікті күшейтуге жағдай жасау қажеттілігін тудырады. Аталмыш мақалада Қызылорда өнірінің индустриалды-инновациялық даму бағыттары

қарастырылды. Сонымен қатар, мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарламасының орындалуы талданды. Ел экономикасының бүгінгі даму үрдісі бойынша Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық кезеңіне аяқ басты. Алдағы мақсаттың бірі-постиндустриялық қоғам деп аталатын келесі кезең, яғни инновациялар мен технологияларды дамыту кезеңі болмақ. Бұл дегеніміз – Қазақстан экономикасының ғылыми білімге, инновациялық технологияларға, жоғары білікті өндіргіш күшке негізделуі тиіс дегендік.

Кілт сөздер: Инновация, инновациялық технологиялар, индустриалды-инновациялық стратегия, аймақ экономикасы

Аннотация

Важнейшей предпосылкой повышения конкурентоспособности экономики Республики Казахстан является инновационное развитие приоритетных отраслей экономики. Они обеспечивают выпуск продукции с высокой добавленной стоимостью. Накопленный человеческий капитал, природно-ресурсный потенциал, производственная инфраструктура определяют широкие перспективы инновационного развития бизнеса страны. В дальнейшем они могут обеспечить выход на мировой рынок. В статье рассматриваются основные этапы становления индустриально-инновационного развития Кызылординской области. Также итоги успешной реализации Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития региона. И что немаловажно, основные направления дальнейшей работы в свете задач, поставленных Главой государства в Послании народу Казахстана – реализация ключевых отраслевых и функциональных программ, необходимых для дальнейшего экономического роста.

Ключевые слова: инновация, инновационные технологии, индустриально-инновационная стратегия, экономика региона

Annotation

The most important prerequisite of increase in competitiveness of economy of the Republic of Kazakhstan is innovative development of priority branches of economy. They provide production with high value added. The saved-up human capital, natural and resource potential, production infrastructure are defined by the broad prospects of innovative development of business of the country. Further they can provide entry into the world market. In article the main stages of formation of industrial and innovative development of the Kyzylorda region are considered. And also results of successful implementation of the State program of the forced industrial and innovative development of the region. And what is important, the main directions of further work in the light of the tasks set by the Head of state in the Message to the people of Kazakhstan – implementation of the key industry and functional programs necessary for further economic growth.

Keywords: innovation, innovative technologies, industrial and innovative strategy, region economy

Әлемдік қоғамдастықтың даму тенденциялары экономикалық өсу қарқынына инновациялық іс-әрекеттің әсері ұлғайғанын дәлелдейді. Әлемдік нарықтағы интеллектуалдық еңбек өнімдері экономикалық іс-әрекеттің басқа салаларына қарағанда жоғары бағаланады. Нарық талаптары соңғы жетістіктерді кеңінен пайдалануға, инновациялық белсенділікті күшейтуге жағдай жасау қажеттілігін тудырады.

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың үстіміздегі жылдың 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің ертеңі индустрияландыру дамудың айқын бағыты екені баса айтылған еді. Кейінгі жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылған жобалар қазірдің өзінде ел игілігі үшін жұмыс істеп жатыр. Мыңдаған адамдар жұмыспен қамтылды, тауарлар мен өнімдер, жұмыстар мен қызметтер бойынша қазақстандық қамту үлесінің көлемі артты.

Белгіленген стратегиялар мен жобаларды жүзеге асырудағы, қазақстандық мазмұнды арттыру жөнінен инвестор-лармен жұмыстағы, "Жол картасы" және басқа да іс-шараларды жүзеге асырудағы белсенді, жүйелі және Үкіметтің әкімдіктермен, сол сияқты, бизнес-қауымдастықтармен бірлескен жұмысы арқылы Қазақстан алға қойған мақсаттарын орындап келеді. Мемлекет басшысы экономикалық және индустриялық саясаттың барлық мәселелері келесі интеграциялық саты – Еуразиялық экономикалық одақты құруға дайындық жағдайында экономиканың өсуіне ғана қолдау көрсетіп қоймай, сонымен бірге, оның құрылымдық қайта жаңғыруын да жеделдету қажеттігі жөнінде үкіметке тапсырма берген болатын. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында: «Құрметті отандастар! Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Біз мына басым бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді шешуіміз керек. Бірінші. Инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу маңызды. Мен Үкіметке 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустрияландырудың Екінші бесжылдығы жобасы жөнінде бірқатар тапсырмалар бердім. Индустрияландыру басымдықтары санын шектеу керек», - дейді. Сонымен қатар, Жолдаудың соңғы жақтарында: «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі» дей отырып, «Төртіншіден, бұл индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім» деп атап өтеді.[1]

Қазақстанның әрбір аймағы өзіне тән табиғи ресурстарға, олардың қалыптасу ерекшеліктеріне, ұлттық немесе табиғи белгілеріне, өзінің шаруашылық құрылымына, экономикалық дамуы мен мамандандыру деңгейіне ие. Әрбір аймақ, біріншіден, мемлекеттің шаруашылық кешендерінің белгілі бір орнын алса, екіншіден, басқа айналыммен бірігіп бүтін экономикалық бірлік құрайды.

Біздің алдағы мақсатымыз- елімізде болып жатқан демократиялық саясаттағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы инновациялық өзгерістердің мәнін жете түсіну үшін ғылыми-әдіснамалық, қолданбалық зерттеулер жүргізу, оларды жүзеге асыру үшін шарттарын анықтау мен оған ғылыми болжам жасау болып табылады. [2]

Аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттігін жоғарылату механизмдерін іске асырудың екі деңгейін бөліп көрсетуге болады. Бұл ең біріншіден, жалпы мемлекеттік деңгей, екіншіден, аймақтық деңгей. Мемлекет қаржыландырудың пайдалы шарттарын, монополияға қарсы шаралардың кешенін және өндірушілер үшін жағымды айырбас бағамын қамтамасыз ететін тұрақты макроэкономикалық жағдайларды қарастыруға тиіс. Тұрақты макроэкономикалық жағдайларға қарамастан, экономика күтетіндей нәтиженің болмауы мемлекеттік басқарудағы аймақтық деңгейдің артта қалуымен түсіндіріледі. Аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың ұйымдық механизмінің шеңберінде қоғам мен мемлекеттің арасындағы өзара қарым – қатынастарды реттеуге қызмет ететін әртүрлі институттарды ұйымдастыру мүмкіндіктерді қарастырады.

Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін сыртқы факторлар едәуір өзгерді. Бұл, бірінші кезекте, мұнай экспортының өсуінің жоғары қарқынына және мұнайға, газ бен металға әлемдік бағаның ұлғаюына, евроға шаққанда доллардың айырбас бағамы қатынасының өзгеруіне, шетелдік капиталдың едәуір ағынына байланысты.

Осы факторлардың барлығы макроэкономикалық теңгерімнің бұзылуына едәуір қатер төндіреді, өйткені инфляцияның өсуі, теңгенің айырбас бағамының шамадан тыс нығаюы, экономиканың шикізат емес секторларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі және экономиканың «қызып кету» қаупі күшеюде.

Осы жағдайда макроэкономикалық саясат инфляцияның өсу қарқынын төмендетуге, теңгенің айырбас бағамына қатысты икемді саясат жүргізуге, мемлекеттік шығыстар

саясатын шектеуге және бюджеттің мұнайдан болмайтын тапшылықты төмендетуге, бизнесті дамытуды салықтық ынталандыруға бағытталуға тиіс.

Ел экономикасының бүгінгі даму үрдісі бойынша Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық кезеңіне аяқ басты. Алдағы мақсаттың бірі- постиндустриялық қоғам деп аталатын келесі кезең, яғни инновациялар мен технологияларды дамыту кезеңі болмақ.

Бұл дегеніміз – Қазақстан экономикасының ғылыми білімге, инновациялық технологияларға, жоғары білікті өндіргіш күшке негізделуі тиіс дегендік. Атап айтқанда, табиғи ресурстарды жаңаша игеруге, оларды мүмкіндігінше республикада өңдеуге, мүмкіндігінше қосымша құн жасауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ғылыми ауқымды технологияларды барынша аз енгізуге негізделген, тұлғаның шығармашылық қабілеттілігі мен белсенділігін қажет етпейтін шикізаттық экономикадан “өңдеуші және өндіруші” экономикаға өту деген сөз.

Үкіметтің басымдықтарының бірі еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру арқылы бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру болады.

Ел экономикасының дамуының жаңа кезеңі болып табылатын инновациялар мен технологиялар Қызылорда өңірінде қалай шешілген, оның болашағы мен күтілетін нәтижелеріне тоқталайық. Біріншіден, ежелден өркениет орталығы болған Сыр өңірі Орталық Азия мен ТМД-ның еуропалық бөлігін байланыстырады, екіншіден, экономиканың күре тамыры болып табылатын- автомобиль, темір жолдар облысымызды оңтүстік-шығыстан, солтүстік- батысқа қарай жарып өтеді. Және сонымен бірге, Қызылорда облысы, барлық аудан орталықтары осы жолдар бойында жатыр, елді мекендердің 80-85 % осы жол бойында немесе оған жақын орналасқан. Аталған екі жолмен қатарласа Сырдария өзені де осы бағытта ағып өтеді. Республиканың басқа бірде- бір облысында мұндай тиімді орналасқан көліктік жүйе жоқ.

Аймақ экономикасының сипаттамалық ерекшелігі технологиялық даму және инновациялық әлеуеттер салалары деңгейлерінің өзара ерекше алшақтығы болып табылады.

Аймақтық саясаттың негізгі мақсаты өнеркәсіп орындарының импорталмастыратын және бәсекеге лайық өнімдерін өндіру тиімділігін көтеру мен тұрақтандыру және облыстың индустриялық-инновациялық әрі қарай дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Экономиканың қарқынды өсуіне оң ықпал еткен негізгі факторлары облыстағы саяси жағдайдың тұрақтылығы, кәсіпкерлікті дамыту, халықтың тіршілік деңгейін жақсартудағы ішкі сұраныстарды көтеру, сол сияқты қолайлы инвестициялық ахуал болып табылады.

Қызылорда облысы – аграрлы-индустриалық аймақ болып табылады. Облыстың едәуір экономикалық әлеуеті және табиғи ресурстары бар.

Осы орайда алдағы уақытта инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытындағы жұмыс аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ғана емес, жалпы республика үшін маңызы бар ірі жобаларды жүзеге асыруға бағыт-талатынын айта кеткен орынды. Олар «Шыны зауыты құрылысы» жобасы, «Баласауысқандық кен орнында қара тасты автоклавты өңдеу» жобасы, «Жылдық қуаттылығы 4 млн. тоннаға дейін Шалқия қорғасын-мырыш кенішін кеңейту және кен байыту фабрикасының құрылысы», «Кеңлік кен орнында электр энергиясын өндіру үшін ілеспе мұнай газын өңдеу өндірісін ұйымдастыру», «Қуаттылығы 50 Мвт күн электрстанциясы құрылысы», «Мия тамырын өңдеу зауытын ашу және мия өсіру» және «Күн электрстанциясының құрылысы» секілді жобалар.

Бүгінгі өңірдің экономикасының дамуына үлкен септігін тигізетін мұнай өңдеу, цемент, қоқыс өңдеу зауыттары, құс фабрикасы, логистикалық орталықтар және т.б. құрылыстары сияқты маңызды жобаларды іске асыру мәселелері пысықталуда. Облыста жаңа өндіріс орындарын құруды қолдау бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін индустриялық аймақтар құру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Нақты кезеңде қаламыздан 760 гектарды құрайтын осындай аймақ құрылып, оған инженерлік инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жалғасуда.

Облыстағы мұнай компаниялары – «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз», «ТорғайПетролеум» Акционерлік қоғамдары, «ҚазГермұнай» БК және басқаларымен Оңтүстік Торғай ойпатындағы мұнайгаз кен орындарын игерген күннен бастап, **133 млн.** тонна шамасында мұнай және **12 млн. куб.метр** газ өндірілді.

«ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ Құмкөл кен орнында газтурбиналық қондырғы, «ТорғайПетролеум» Акционерлік қоғамының газ өңдеу зауыты, «Кеңлік» кен орнында ілеспе газды пайдаланып, газды бензин шығаратын өндірістер жұмыс істей бастады. Мұнайгаз саласы, уран өнеркәсібі және құрылыс индустриясы дамуда, дәстүрлі күріш шаруашылығы бойынша облыс алда келеді.

Егер, бұрын ЖӨӨ-де жалпы индустрияның үлесі 3 пайызды құраған болса, қазіргі кезде- **49,4 пайыз**. Шикізаттық емес сектордан тұрақты жұмыс істейтін иодталған ас тұзын шығару, полиэтилен трубаларын және темірбетон бұйымдарын шығаратын өндірістер. Келешекте шыны зауытының, мұнай өңдейтін, цемент және әктас шығаратын зауыттардың, тау-кен байыту комбинатының, құс фабрикасының және т.б. құрылыстарын салу жоспарлануда. Облыста республикада өндірілетін күріштің **90 пайызы** өндіріледі.

Облыста мұнай, газ, полиметалл рудалары, уран, тұзды қосқанда минералдық ресурстардың кен орындары бар. Қорғасын, мырыш, кадмий, германий, алтын, күміс, селен, темір, қоңыр көмір, жанатын сланцы, қоңыр темірлер, фосфориттер, молибден-ванадийлі және цирконий-титанды рудалардың қоры анықталған. Онан бөлек, кеңінен тараған металл емес пайдалы қазбалар: саз бен құмнан тұратын кірпішті тау жыныстары, керамзит шикізаты, құм-қиыршықтасты материалдар, құрылыс және силикат бұйымдарына үшін құм, құрылыс тастары, әк өндірісі үшін әктастар кеңінен таралған.

Тиімді географиялық орналасуы, табиғи ресурстары, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті облыстың еліміздің оңтүстік бөлігінде логистикалық орталық болуына мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Үкіметтің қатысуымен «Батыс-Европа – Батыс Қытай» мега жобасының құрылысы жүргізілуде. «Батыс-Европа – Батыс Қытай» магистралы облыстың 7 ауданын және Қызылорда қаласын қамтиды. Трассаның облыстың аумағындағы ұзындығы **812 шақырым**, жобаның облыс аумағындағы құны **184 млрд. теңге**. Сондай-ақ, облыстың шекарасын 7 аудан мен Қызылорда қаласын қамтитын теміржол тармағы қиып өтеді. «Қорқыт ата» аэропорты бар. [3]

Қазіргі таңда, облыстың 7 аудандарында және Қызылорда қаласында индустриалдық аймақтар құру үшін жалпы көлемі 906 гектар жер телімдері бөлінді.

2 ауданның (Сырдария, Қармақшы) индустрияландыру аймақтардың ЖСҚ әзірлеу үшін жергілікті бюджеттен 27,6 млн.теңге қаржы бөлінді.

2016 жылы республикалық бюджет есебінен облыстың 4 аудандарындағы (Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі) индустриялды аймақтардың инженерлік инфрақұрылымдарын жүргізуге 834,7 млн. теңге қаржы бөлінді.

Сонымен бірге Қызылорда қаласындағы «ЦКЗ» «Өндіріс аланын» құру үшін 44 гектар жер телімі бөлінді. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттен 25,6 млн.теңгені құрайтын қаражат бөлініп, тиісті инженерлік инфрақұрылым жеткізілді (*газ, су, электр, кәріз жүйесі, автомобильдік жолдар, жолдарды жарықтандыру, телефондық жүйесі*).

Сонымен қатар, облыс әкімдігі тарапынан 2020 жылға дейінгі облыстың индустриялық-инновациялық дамуы туралы тұжырымдама әзірленіп, алдағы 5 жылдықта өңірдің басымдықта дамитын 6 саласы анықталды. Олар:

- 1) Ауыл шаруашылығы кешенін дамыту
- 2) Туризмді дамыту
- 3) Құрылыс материалдары саласын дамыту
- 4) Машина жасау саласын дамыту
- 5) Металлургия саласын дамыту
- 6) Жаңартылмалы электр энергия көздерін дамыту.

2016 жылғы 6 айда бірінші бесжылдықта іске қосылған 17 жобаның 13 жобасы өнім өндіруді қамтамасыз етті. 11 жоба «жоспарлы қуаттылықты» 90-100% аралығында меңгерді.

1. «Казгермұнай» БК ЖШС – ілеспе газ өңдеу – 111,4%.
 2. «ПетроКазахстанКумкольРесурсиз» ЖШС – электрэнергиясы - 113%.
 3. «Рза» АҚ - сүт өнімдері – 101,7%.
 4. «Тату Агро» ШҚ – томат өнімдері – 100%.
 5. «СКЗ-U» ЖШС - күкірт қышқылы – 107,9%.
 6. «СПК Кызылорда балык» ЖШС - балық өнімдері – 155,3%.
 7. «Дорстрой» ЖШС – қызмет көрсету – 100%.
 8. «Хуа ю интернационал в г. Кызылорда» ЖШС - химиялық реагенттер - 100%.
 9. «Аралтұз» АҚ - ас және техникалық тұз – 128,3%.
 10. «Кристалл менеджмент» ЖШС - электрэнергиясы – 97,1%.
 11. ЖК «Палжанов» - кірпіш өндіру - 100%
- 2 жоба «жоспарлы қуаттылықты» 50-90% аралығында меңгерді.
1. «KazFrac» ЖШС - газ өндірісі – 63,7%, себебі кен орнында газ көлемі азайған.
 2. «УАД» ЖШС - асфальт-бетон зауыты сұраныс төмен болғандықтан - 59,5%.
1. «KazFrac» ЖШС - газ өндірісі – 63,7%, себебі кен орнында газ көлемі азайған.
- 2 жоба есепті кезеңге «жоспарлы қуаттылықты» жоспарламаған.
1. «АзовАралАгроМаш» БК» ЖШС – а/ш техникасы, себебі девальвацияға және Сербия мен Украинадан әкелінетін құрал-жабдықтардың өзіндік құнының өсуі.
 2. «Бис групп» ЖШС мия өсіру және өңдеу зауыты құрылтайшылар арасында сот процесі жүруіне орай өнім өндіре алмауда
- 2 жоба - жоба бастамашылары арасында проблемасы болғандықтан 2014 жылғы желтоқсанда АҰК шешімімен индустрияландыру картасынан шығарылған («Шөгірлі» шаруа қожалығы мал басын сатып жіберуіне орай жабылуда, «Алтын бала-08» ЖШС құрылтайшылар арасындағы сот процесі жүруіне орай жұмысы тоқтап тұр). [4]

Белсенді қалыпта болатын инновацияларға ұлттық қабілеттілікті қалыптастыру мен қолдау үшін бүкіл қоғам осы саладағы жетістіктерді аса маңызды ұлттық басымдық ретінде қарастыратын идеялар мен құндылықтарды жете ұғынуы қажет. Күрделі сипатқа ие және көптеген факторлар мен қоғамдық институттарға тәуелді инновациялардың табиғатын тек қана мамандар тобы емес, тұтастай алғанда қоғам да терең сезінуі керек. Инновациялық проблемалар ғалымдар, менеджерлер, бизнесмендер, саясаткерлер, заң шығарушылар белсенді түрде қатысатын тұрақты жалпыұлттық диалогтың тақырыбы болуы тиіс. Қоғамда инновациялық бағдарды қалыптастыру үрдісінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артуы керек.

Жалпы айтқанда, ел экономикасын өрге сүйрейтін елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты бағытының бірі - индустриялдық-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат.

Жалпы, индустрияландыру бағдарламасы еліміздің 2020 жылға дейінгі дамуы барысында айтарлықтай маңызға ие. Бағдарламаның негізгі ерекшелігі ел экономикасын кешенді әрі жүйелі дамытуын қарастыруында жатыр. Ал енді барлық аймақтарда дерлік жүзеге асырылатын жобалар бюджет пен ұлттық қордың қаражатынан және тартылатын инвестициялар есебінен қаржыландырылады. Мемлекеттік бағдарламаға тартылған инвестицияның жалпы сомасы 45 миллиард АҚШ долларын құрайды. Аймақтар деңгейінде жүзеге асырылатын жобалар еліміздегі бизнес саласының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосады. Өйткені, жер асты, жер үсті қазбаларын ғана пайдалану негізінде даму бүгінгі қарыштап дамыған әлемдік экономикада соншалықты бағаланбайды. Нарықтық экономика шағын және орта кәсіпкерлікті, түрлі кәсіпорындар мен өндіріс саласын демеу негізінде өрістеп, өркендейтіні айқын. Сондықтан, барлық аймақтар бойынша индустриялдық-инновациялық жобалар толықтай жүзеге асқанда, Қазақстан шикізаттық мемлекеттен дайын тауар өндіретін елге айналады.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттік басқару субъектілері ретінде аймақтар белсеніп шыққан елдерде бәскелестік өрлейтінін көрсетіп отыр. Бұлардың әрқайсысына өз әлеуметтік-мәдени

және табиғи-экологиялық ерекшеліктері тән. Аймақтардың қаржы-шаруашылық дербестіктері де әртүрлі. Демек, аймақтар әлеуметтік-экономикалық және инновациялық-өнеркәсіптік кластерлер қалыптастырудың базасы бола отырып, тұтас ұлттық экономика мен тұрғындар тұрмысының сапасының инновациялық даму мүмкіндігін қамтамасыз ете алады. Мұндай мүмкіндіктер индустриалды-инновациялық дамудың аймақтық стратегияларын жасақтау үдерістері кезінде анықтала түседі. Бұл стратегиялар білімнің, ғылымның және өндірістің тығыз интеграциялануына мүдделі болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан жолы -2050 : Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы //Егемен Қазақстан, Астана 17 қаңтар, 2014 ж.

2. Айдарова А.Б., Абдулла Қ.Б. Қазақстан Республикасының аймақтарының инновациялық әлеуетінің қазіргі жағдайын талдау//Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы, №2 (47), 2016ж.,79-84б.

3. Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының орындалуы туралы ақпарат (10.07.2016ж. жағдай бойынша) – e-kyzylorda.gov.kz

4. Индустрияландыру картасының жобаларын іске асыру бойынша ақпарат - www.mint.gov.kz

ӘОЖ 331.5:338.43 (574.12)

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЖАҒДАЙЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

К.А.УТЕГЕНОВА, экономика ғылымдарының кандидаты,
А.М.ШИЛЬМАНОВА, экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аннотация

ЕАЭО жұмысы еркін сауда мен шаруа-экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған. Бұл бірлестіктің құрылуы мен қызмет етуі жолында қыруар жұмыс атқарылды. Қазақстан ықпалдасу мен серіктестікті дамытуға қатысты ұстанымын өзгерткен емес. Ендігі мәселе жұмысын бастаған бірлестікті одан әрі нығайту. ЕАЭО-ның ақырғы мақсаты - жан-жақты интеграция, модернизация, кооперация және ұлттық экономикалардың бәсекелестігін арттыру. Сондай-ақ, мүше-мемлекеттердің тұрғылықты халқының әл-ауқатын көтеру мен тұрақты дамуына қажетті жағдайлар жасау.

Әлемдік экономикалық өсу қарқынының төмендеуі жағдайында Қазақстанның еуразиялық экономикалық интеграциясына қатысуы экономиканың диверсификациялау, еңбек өнімділігін арттыру үшін қажетті негізін құрайды. Бұдан басқа, ЕАЭО қызметінде халықаралық байланыстардың жандандыруына күш салуда. Негізгі әріптестермен және жаңа өсіп жатқан нарықтармен сауда-экономикалық байланыстарды ұлғайтуда ЕАЭО барлық континентте өз ролін нығайту үшін серпін беруі тиіс.

Кілт сөздер: Одақтастық, бірлестік, ортақ келісім-шарт, мүдделік, бәсекелестік, экономикалық өсу, тауар сапасы.

Аннотация

Работа Евразийского экономического союза направлена на свободную торговлю и укрепление хозяйственно-экономических связей. Много работы было сделано для создания и функционирования этой ассоциации. Казахстан не изменил позицию в отношении развития интеграции и партнерства. Дальнейший вопрос - укрепление начатой работы ассоциации.

Конечной целью Евразийского экономического союза является разносторонняя интеграция, модернизация, кооперация и повышение конкурентоспособности национальной экономики, также создать необходимые условия для улучшения благосостояния населения стран-членов и его устойчивого развития.

В условиях уменьшения темпа мирового экономического роста участие Казахстана в евразийской экономической интеграции необходимо для повышения производительности труда, диверсификации экономики. Кроме того, Евразийский экономический союз работает над усилением улучшения международных отношений. В целях расширения торгово-экономических отношений с основными партнерами и новыми рынками Евразийский экономический союз должен укрепить свою позицию во всех континентах.

Ключевые слова: сотрудничество, ассоциация, договор, общие интересы, конкуренция, экономический рост, качество продукта.

Annotation

The work of the Eurasian Economic Union is aimed at free trade and strengthens economic ties. A lot of work has been done for the establishment and functioning of the association. Kazakhstan has not changed position on the development of integration and partnership. A further question - strengthening the association started working. The ultimate goal of the Eurasian Economic Union is a versatile integration, modernization, co-operation and competitiveness of the national economy. Also, to create the necessary conditions for improving the welfare of the Member States of the population and its sustainable development.

World economic growth to reduce the rate of participation of Kazakhstan in the Eurasian economic integration needed to improve labor productivity, diversification of the economy, except quraydı. Budan jandandırwma efforts of international relations in the Eurasian Economic Union. The main partners and new growing markets to increase trade and economic relations of the Eurasian Economic Union should push to increase the role of the European continent.

Keywords: cooperation, association, dogovor, common interests, competition, and economic Growth, Quality product.

Бүгінгідей жаһандану үрдісі қарқын алған заманда инновациялық жаңашыл ізденістерге деген сұраныс артып келе жатқанын көріп отырмыз. Агросектордың сыртқа өнім шығару мүмкіндігі зор. Өндіріс пен сыртқы сауда мәселесін байланыстыру мәселесінде де әлеуетіміз жеткілікті. Экспортты күшейту үшін бұл мүмкіндікті жіберіп алмау қажет екенін ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүрген әр кәсіпкер түсінуі тиіс.

Еуразиялық экономикалық одақ, ЕАЭО - мемлекет-мүшелері Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы болып табылатын халықаралық аймақтық экономикалық интеграциялық ұйым. 2014 жылғы 29 мамырда Астана қаласында қол қойылған «Евразиялық экономикалық одақ туралы келісімнің» 1 бабына сәйкес, ЕАЭО «халықаралық құқық субъектілігіне ие, ауқымында тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілетін, осы Келісім-шартта анықталған және одақ ауқымында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес экономика саласында үйлестірілген, келісілген немесе бірегей саясат жүргізетін аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы» болып табылады [1].

ЕАЭО қысқаша ретроспективасы мынадай: 1994 жылы Қазақстан басшысы Н.Ә. Назарбаев М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде Евразиялық кеңістіктегі интеграция идеясы туралы ойын ортаға салды. Қазақстан Президентінің тың бастамасы кезең-кезеңімен жүзеге асты: 2000 жылы Евразиялық экономикалық қауымдастық (ЕврАзЭҚ) құру туралы келісімге қол қойылды, 2010 жылдан бастап Кедендік одақ (КО) қызмет ете бастады, ал 2012 жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусь интеграциялық құрылыстың үшінші сатысына – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптасты. 2014

жылы жоғарыда аталған ЕАЭО құру туралы келісім-шартқа қол қойылды. Ал 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО нақты қызмет ете бастады.

Негізі, ЕАЭО-ның ақырғы мақсаты экспансия емес, жан-жақты интеграция, модернизация, кооперация және ұлттық экономикалардың бәсекелестігін арттыру, мүше-мемлекеттердің тұрғылықты халқының әл-ауқатын көтеру мен тұрақты дамуына қажетті жағдайлар жасау.

Елбасымыздың жиырма жыл бұрын ұсынған интеграциялық идеясы іс жүзіне асты. Бастапқыда Қазақстан, Ресей, Беларусь бірлесіп құрған экономикалық одаққа жыл басында Армения, мамыр айында Қырғызстан қосылды. Посткеңестік кеңістіктегі ықпалдасу процесі жаңаша сипатқа еніп, ерекше қарқын ала бастады. Алайда, ЕАЭО жұмыс істегелі бергі жарты жыл уақыт ішінде өзара тиімді шаруа-экономикалық байланыстар дамуымен қатар, кейбір түсініксіз жағдайлар да орын алғаны жасырын емес. Бұл негізінен одаққа мүше елдердің әрқайсының өзіндік ұлттық мүдделерін қорғауы, серіктесудің орнына бір-бірімен бәсекелесуі, экономикалық ықпалдасуды тереңдетудің орнына түрлі шектеулер мен тиымдарды қолдану сияқты әрекеттер арқылы көрініс беріп отыр. Одақтас мемлекеттердің әрқайсы өздерінің ұлттық мүдделерін қорғауға тырысып, өз пайдасын жібермеуге тырысып бағуда. Яғни, ұлттық өзін-өзі айқындау (идентификация) басым, одақтастық бірегейлену толыққанды емес. Әсіресе, РФ ешкімге өзінің есесін жібермейтінін, ұлы державалық пиғылы да бар екенін жасырмай көрсетіп отыр. Еуразиялық кеңістіктегі терезесі тең тәуелсіз мемлекеттердің еркін экономикалық одағы қағидасын қолынан келгенше өзінің ыңғайына қарай бұрып, консенсустық шешім қабылдау процесінде басымдық танытуға тырысып бағуда.

ЕО пен ЕАЭО бір-бірінен айырмашылықтары көп. ЕО экономикалық қана емес, 28 мемлекетті біріктіретін аймақтық саяси сипаттағы бірлестік. Орталық басқару институттары – Европарламенті, Еврокомиссиясы, Еуропалық соты, ЕО Кеңесі, Еуропалық Есеп палатасы, Еуропалық Орталық банкі бар. Ортақ валютасы – евро болғанымен, мүше мемлекеттердің жеке ұлттық валютасы болуына құқығы бар. Сол сияқты ортақ паспорттық режимге мүмкіндік берген Шенген келісім-шарты бар, бірақ оған ЕОқа мүше емес еуропалық мемлекеттер де қатысуға құқылы.

Ал ЕАЭО атауынан көрініп тұрғандай, бұл таза экономикалық ұйым, ешбір саяси мақсат-мүддені көздемеуі тиіс. Яғни, таза шаруа-экономикалық, өзара еркін сауда, қаржы және бизнесті дамыту мақсатында құрылған одақ. Бірақ іс жүзінде одақтасуға саясаттың ықпалы бар. Егер де саясаттың ықпалы болмаса экономикалық одақ ішінде нарықтық жолмен реттелуі тиіс қарым-қатынастар неге саясаткерлердің ұстанымына тәуелді? Әсіресе, Ресей билігі тарапынан көптеген саяси ықпал ету орын алуда. Экономикалық тұрғыда қиын жағдайға ұшыраған ресейлік билік енді өздерінің тауар өндірушілерін қорғау үшін, экономикалық дағдарыстан туындайтын жұмыссыздық, сияқты толып жатқан әлеуметтік зардаптарын азайту үшін протекционистік экономикалық саясатқа бет бұрды [2].

Жалпы, мемлекеттік экономикалық саясатта дәстүрлі саналатын негізгі екі ұстаным бар: бірі – протекционизм, екіншісі – фритредерлік. Протекционизм (protection – қорғау) жергілікті, яғни, отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында шетелден импортталатын тауарларға шектеу қою, кедендік баж салықтарын салу, қысқасы, шетел тауарларының бағасын қымбаттатуға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы импорттың бәсекелестік қабілетін төмендету. Сонымен қатар, отандық өнім өндіруді арттыру арқылы импорттың орнын алмастыруға барынша тырысады. Әрбір егеменді ел өзінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында протекционистік бағыт ұстанады. Фритредерлік экономикалық саясат (free trade - еркін сауда) еркін сауда, кәсіпкерлік пен бизнес саласына мемлекеттің араласпауын, сұраныс пен ұсынысқа сай нарықтың өзін-өзі реттеуіне негізделеді. Экономикалық одақтың дамуы үшін оның мүшелері арасында фритредерлік қарым-қатынас болғаны ұтымды, экономикалық одақ құрыларда алға қойылған басты мақсат та осы. Яғни, экономикалық одақтың ауқымында қаржы, тауар, қызмет түрлерінің еркін алмасуына қол

жеткізу, ортақ кедендік шекара, ортақ салық саясаты т.б. арқылы өзара сауданы дамыту көзделді.

Еркін сауда мен шаруа-экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған ЕАЭО 2015 жылдың басынан бастап жұмысын бастады. Оның тиімді-тиімсіздігін, ұлттық мүддемізге қаншалықты сай екендігін уақыт көрсетер. Алайда, қызметін енді бастаған ЕАЭО аясында қазақстандық тауар өндірушілер, автодилерлер, фермерлер, сауда-саттықпен айналысушы кәсіпкерлер ел билігіне Ресейден енетін тауарлардың арзан, бәсекелестікке төтеп бере алмайтындығын алға тартты. Шекарадағы тауар айналымына тосқауыл қою туралы ұсынысты ауыл шаруашылық министрлігі сияқты салалық құзырлы органдар да айтты.

Қазақстандық кәсіпкерлер ұсынғандай, мемлекеттік шекараны жауып, халықтың алыс-берісін, өзара сауда-саттығын шектеу проблеманың шешімі емес. Біздің кәсіпкерлеріміз одан да өздерінің бәсекелестікке неге қабілетсіз болып отырғандарына ойлануы керек. Неге қазақстандық тауарлардың өзіндік құны қымбат? Еліміздегі қызмет ақысы, коммуналдық тарифтер, салық-несие, айыппұл, жанар-жағар май бағасы да шарықтап тұр. Осы сияқты, бәсекелестіктің аяғына тұсау болатын факторлар мен себептерді айқындап, тиісті шаралар қолданылса, қазақ тауары бәсекеге түсуге қабілетті болары сөзсіз. Мұның барлығы Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелер.

Қазақстандық тауарлардың бәсекеге төтеп бере алмауында жоғарыда айтылғандардан басқа да түсініксіз жәйттер көп. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығының (НДС) көлемі 18 %, Белорусияда – 20 %, ал, Қазақстанда бұл салық түрі 12 % болса да, қазақстандық тауарлар қымбат. Сапа өз алдына, бірақ, бағасы көтеріңкі болғандықтан, біздің заттардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі төмен.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың баршаға бірдей осы заманғы мемлекет құруға бағытталған бес институционалдық реформасының бір тармағы индустрияландыру және экономикалық өсім болып табылады. Осы 100 нақты қадамдардың ішінде 35-тен бастап 85-ші қадамға дейінгі аралықта өндірістік-инновациялық даму мен экономикалық өркендеуге септігін тигізетін, жедел атқарылуы тиіс іс-жоспарлар тұжырымдалған. Әсіресе, Елбасымыз салық саласына, тарифтерді реттеуге, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа қатысты көптеген оң нәтиже берерлік қадамдарды айқындап берген. Егер олар нақты іске асатын болса қазақстандық тауарлардың өзіндік құны төмендеп, сапасы жақсарып, бәсекеге қабілеттігі артатын болады.

Қазіргі уақытта, Қызылорда облысы үшін аймақтық даму мақсаттары ретінде төмендегілерді атауға болады:

- Аймақтағы халықтың тұрмыс – жағдайының деңгейін теңестіру;
- Аймақтың кешенді дамуын жеке аймақтық мақсаттармен ұштастыру;
- Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Қызылорда облысының алдағы жылдарда дамуының басты басымдығы ретінде - нарықтық экономика жағдайында қолда бар шикізат әлеуетін тиімді пайдалану есебінен жоғары технологиялық өңдеу өнеркәсібін құру және дамыту арқылы облыстағы халықтың тұрмыс деңгейін көтеру саясаты болуы тиіс [3].

ЕАЭО мүше-мемлекеттер, ЕО сияқты, бір-бірінен экономикалық әлеуеті, территориялық көлемі және халық саны, табиғи ресурстары, ғылыми-техникалық және өндірістік базасы, инфрақұрылымы т.б. көрсеткіштері бойынша бір-бірінен қатты ерекшеленеді.

Ресей территориясының көлемі 17 125 407 км², әлемде бірінші орын иеленеді, сөйте тұра халқының саны 146 267288 адам, бұл әлемдегі 9 орын. ІЖӨ номиналды деңгейі - 2,097 трлн. АҚШ доллары, жан басына шаққандағы ІЖӨ – 14 591 АҚШ долларына тең [3]. Ресей Федерациясының территориясында табиғи шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың мол қоры шоғырланған. ЕАЭО елдері ішінде Ресей Федерациясы күшті дық әлеуетімен ерекшеленеді, мыңдаған зауыттар мен фабрикалар жұмыс істейді, машинақұрастыру, аспапжасау, жеңіл өнеркәсіп, химия және тамақ өнеркәсіптері дамыған. Теңіз флоты мен

теңіз жолдары бар. Ресейдің әскери-өнеркәсіп кешені әлемдегі ең күшті екені де баршаға мәлім.

ЕАЭО келесі қатысушысы – Қазақстан Республикасы, территориясы - 2 724 902 км², әлемде 9-шы орын алады, бірақ, халқының саны аз – 17 439 271, бұл – әлемдегі 63 орын. Халықтың тығыздығы 1 шаршы шақырымға 6,4 адам (әлемде 184 орын алады). ІЖӨ көлемі 224,415 млрд. АҚШ доллары, жан басына шаққанда 12456 \$. Қазақстан да Ресей сияқты, табиғи қазба байлықтарына өте бай. Британдық ВР компаниясы (British Petroleum) дайындаған «Әлемдік энергетиканың статистикалық шолуы» (Statistical Review of World Energy) бойынша, Қазақстан дәлелденген мұнай қоры бойынша әлемде 12-ші орын алса, газ қоры дүниежүзі бойынша 20-шы орын иеленеді. 80 астам кен орындары әзірлік үстінде. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен Үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың (ҮИИД) мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда, қазір оның екінші бесжылдығы жүріп жатыр.

Алайда, Қазақстан өнеркәсібі Ресейден де, белоруссиялық өнеркәсіптен де артта қалып келеді. Осыдан келіп Қазақстанның экспорттық әлеуеті негізінен шикізаттық бағыттан арыла алмай келеді, экспорт негізінен отын-энергетикасы, металлургия, химия саласы өнімдерімен шектелген. Осы себептен Қазақстанның экспорты мен импорты арасында теріс сальдо орын алып келеді. 2015 жыл бойынша Қазақстанның жалпы импорты 78237,8 млрд. АҚШ долларын құраса, экспорты - 41212,8 млрд., теріс сальдо – 37 025 млрд \$. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2015 жылы ЕАЭО ауқымындағы Қазақстан экспорт-импортының арақатынасы мынадай нәтижелерге жеткен (млн. АҚШ долларымен): Ресейге экспорт - 5178,1 млн. \$, Ресейден импорт - 13730,3 млн. \$. Теріс сальдо – 8552,2 млн. \$. Қазақстаннан Белоруссияға экспорт - 29,2 млн. \$, ал Белоруссиядан импорт – 727,6 млн. \$. Теріс сальдо – 698,4 млн. \$ құрайды [4].

ЕАЭО келесі мүшесі – Белоруссия. Оның территориясы 207 600 км², әлемде 84 орын, халқының саны 9 466 000 адам, ІЖӨ 166,786 млрд. АҚШ доллары, жан басына шаққанда 17 620 \$. Белоруссия су ресурстарымен, орман-тоғайымен, өте бай флорасы мен фаунасымен ерекшеленетін ел. Алайда бұл елдің табиғи қазба байлықтары шектеулі ғана, Гомель облысында ондаған шағын мұнай кендері бар, олардан жылына 1,5 млн тоннадан асатын мұнай, аздаған табиғи газ өндіріледі. Белоруссияда энергетика, машинажасау, ауыл шаруашылығы, химия және орман өнеркәсібі, құрылыс материалдары, өңдеу салалары дамыған. Экспорттың ерекше салалары — мұнай өнімдері, калий тыңайтқыштары, машина жасау өнімдері, химия және тамақ өнеркәсібі.

Арменияға келсек, ЕАЭО құрамындағы оның орны мен рөлі айтарлықтай емес: территориясы - 29 743 км² (әлемде 138-ші орын), халқы - 3 017,1 мың адам. (135-ші орын), ІЖӨ 9,951 млрд. АҚШ долл., жан басына шаққанда 3351,63 \$. Ал ең бастысы – Армения ЕАЭО өзге мүше-мемлекеттерімен ортақ шекарасы жоқ томаға-тұйық жатқан ел. Бұл тұрғыдан алғанда Арменияның ЕАЭО мүшелігі экономикалықтан гөрі, таза геосаяси мән-маңызға ие екендігі анық байқалады. Армения сондай-ақ, одаққа қосылуда өзінің жеке ұлттық мүдделерін көздеді. Бірақ, келешекте ЕАЭО ауқымындағы интеграциялық процестерде Арменияның рөлі мен маңызы арта түсуі мүмкін.

- біріншіден, бұл ел геостратегиялық аймақта орналасқан;

Қырғызстан ЕАЭО ішіндегі шағын мемлекет саналады: жер көлемі - 198 500 км², әлемде 86-шы орын алады. Халқының саны 5 919 700 адам. ІЖӨ 4,68 млрд көлемінде, жан басына шаққанда \$1,000 құрайды. Қырғыз Республикасының қаржы министрлігінің ақпараттық қызметінің деректеріне сүйене отырып 2015 жылы 21 сәуірде КирТАГ таратқан мәлімдемеде Қырғызстанның мемлекеттік қарызы \$3 млрд 597,3 млн. екен, ал оның ішінде сыртқы қарыз \$3 млрд 387 млн, ішкі қарыз - \$210,3 млн. Экономикасын негізінен автономды ауыл шаруашылығы құрайды. Еңбекке жарамды халықтың 48 % егін егу және мал шаруашылығымен айналысады. Негізгі экономикалық кіріс көзі – Қытай мен Орталық Азия елдерінің арасындағы транзиттік сауда-саттық.

Жасалған салыстырмалы талдауды қорыта келе мынадай қорытындылар жасауымызға болады:

- біріншіден, ЕАЭО мүшелері арасында ең дамыған экономика Ресейге тән - ЕАЭО ІЖӨ 3/4 тең. Сәйкесінше, Ресейдің экономикалық үстемдік етуі толықтай қисынды. Евразиялық интеграциялық процестердің басынан бастап ынтымақтастықтың барлық бағыттарында ресейлік мүдделер басым болды.

Қорытындылап айтар болсақ, мынадай тұжырымдар жасауымызға болады. Біріншіден, Ресейдің экономикалық үстемдікке ие болуы ЕАЭО өзге қатысушыларының ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуде қиындықтар туғызып отыр, бұл әсіресе экономикалық қауіпсіздікке тікелей қатысты. Мысалы, ресейлік тауарлардың импорты күрт өсіп кетуі Қазақстандағы орта және шағын бизнеске үлкен проблемалар туындатып отыр. Қазақстандық дүкен сөрелерінде көптеген ресейлік тауарлар пайда болды.

Ресей тарапынан болған кейбір шектеулер Белорусия мен Қазақстан тауарларын ресейлік нарыққа жібермеуге бағытталды. Ресей бастапқыда белорусытық ауылшаруашылық техникаларын өз аумағында сатуға тиым салса, 2014 жылдың соңында Россельхознадзор Белорусь жерінде өндірілген ет, сүт, шұжық, ірімшік сияқты ауыл шаруашылық өнімдері мен балық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сай емес деген желеумен ресейлік нарыққа жібермей қойды. Тура осындай шектеулерді Ресей Қазақстан тауарларына да қатысты қолданды. Алайда, ресейлік рубльдің құнсыздануы әсерінен экспорт-импорт керісінше өрбіп, 2014 жылдың аяғы мен 2015 жылдың басында Қазақстанға Ресейден енетін импорт күрт өсіп, отандық экспортымыз құлдырап кетті. Енді ресейлік тауарларға шектеуді Қазақстан қоя бастады, ауыл шаруашылық өнімдерінен бастап, көлік пен жанар-жағар майға дейінгі аралықта түрлі шектеулер қойылып отыр.

Екіншіден, тағы бір өзекті мәселе – ЕАЭО мүше-мемлекеттері арасындағы өзара саудада дисбаланс байқалады, экспорт-импорттың теріс сальдосы, яғни, сауда балансы бұзылып, импорт көлемінің экспорттан асып түсуі әдеттегі жағдайға айналып отыр. Мысалы, Кедендік одақ құрылғалы бері Қазақстанға Ресейден импортталатын тауар көлемі үш есеге өскен, ал Қазақстаннан Ресейге экспорттың көлемі бұрынғысынша қалып қойған.

Үшіншіден, ЕАЭО елдерінің арасында әлі күнге дейін түрлі институционалдық айырмашықтар орын алуда, ал оның барлығы интеграцияның тереңдеуіне кедергі жасайды. Мысалы, бизнесмендер стандарттау, сертификаттау, тауарларды ресімдеуде әр елдің әдістері мен үлгілері әр басқа екенін айтады. Ведомствоаралық келіспеушіліктердің әсерінен бюрократиялық барьерлер, уақыт жоғалту, коррупциялық іс-әрекеттер туындайды. Осының салдарынан шекаралық өткізу бекеттері мен кедендік терминалдарда шақырымдарға созылатын кезек күтулер пайда болуда. Яғни, одактас мемлекеттерде ортақ бірегейлік сана-сезім қалыптаса қоймағаны байқалып отыр.

Дегенмен, уақыт өте келе, өзара тиімді ынтымақтастық тереңдеген сайын, ЕАЭО мүшелері арасындағы барлық қайшылықтар ұлттық мүдделердің ескеріле отырып шешіледі. Бұл үшін ЕАЭО үлкен мүмкіндіктер бар және әлеуеті де зор.

Әдебиеттер:

1. Қазақстанда ЕАЭО көшбасшылары дамудың жаңа кезеңі www.inform.kz/kaz/article/2829286.

2. www.eaeunion.org/?lang=kk. Еуразиялық экономикалық одақ

3. Шайхисламова Г.Ш. Аймақтың өңірлік ерекшелігіне байланысты даму бағыттары. ҚМУ Хабаршысы. № 2 (43) 2014.- 91бет.

4. Магер Ю. Новые горизонты // Қазақстанская правда. 25 октября 2013 года. – С. 2

5. «Договор о ЕАЭО» от 29 мая 2014 года: [электрон. ресурс]. –URL: <http://docs.eaeunion.org/sites/storage0/Lists/Documents/a089f4c6>

МАЗМҰНЫ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ СЕКЦИЯСЫ		
1.	Ембергенов М.А. Исследования по определению основных свойств глин Кызылординского месторождения для применения в производстве керамических материалов	5
2.	Жақыпова Г.М., Ідірісов Б. Металл емес (композитті), арматура, бетон немесе тас өнімдерін армирлеу тәсілі	10
3.	Машкин Н.А., Будикова А.М., Жарасбаев Ж.Б. Сравнительный анализ изменчивости показателей свойств лессовых грунтов	15
4.	Машкин Н.А., Будикова А.М., Оспанова Ә.Қ. Особенности расчета фундаментов на просадочных грунтах	19
5.	Үдербаев С.С. Жергілікті шикізат негізінде қождығазды бетонды өндірудің технологиялық ерекшеліктері	22
6.	Зеленский Г.Л., Тохетова Л.А., Тауменов И.А., Қаймолдаева Қ.А., Демесінова А.А. Күріш ауыспалы егісінде әртараптандыру дақылдарын өсірудің ғылыми негіздері	29
БІЛІМ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРЫ СЕКЦИЯСЫ		
1	Зубова Л.В., Айтбаева М.А. Роль саморазвития в процессе социализации личности студента в условиях вуза	35
2	Kargapolitseva N.A., Aitbayeva M.A. The role of humanization and humanitarization in the process preparation of the future specialis	39
3	Tashenova Z.A. Teaching methods of english as a second language	45
4.	Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі этномәдени атауларды меңгертудің тиімді жолдары	50
5	Қамзаева К.С. Сөйлеу әрекетін тілдің қатысымдық тұрғыдан қарастыру парадигмалары	56
6	Хулия КасаПоглу Ченгел, Алмауытова Ә.Б. Киім атауларының мәдениеттанымдық сипатының тілдік көріністері	62
7	Хулия КасаПоглу Ченгел, Боранбай Б.Е. Құрмаластардың айырым белгілері жайлы С.Жиенбаев пен қазіргі тіл біліміндегі таным ерекшеліктері	68
8	Берикболова У.Д., Нурекеш Ж.Қ. IPO бәсекеге қабілеттілік факторы ретінде	79
9	Balzanikov M.I., Utegenova K.A., Shilmanova A.M. Peculiarities in development of fishery in the Aral area	86
10.	Талапбаева Г.Е., Ерниязова Ж.Н. Развитие транспортно-логистической системы Республики Казахстан	91
11.	Талапбаева Г.Е. Аймақта өнеркәсіп саласының индустриалдық–инновациялық даму жағдайын талдау	96
12.	Таранова И.В., Талапбаева Г.Е. Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын пайдалану жағдайы мен проблемалары	103
13.	Таранова И.В., Темирбекова Э.Т. Қызылорда өңірінің индустриалды-инновациялық даму бағыттарын талдау	109
14.	Утегенова К.А., Шильманова А.М. Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүмкіндіктері	115

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің **ХАБАРШЫСЫ**

1999 жылғы наурыздан бастап шығады

Издается с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады

Издается два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29"А"
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 "А",
Кызылординский
государственный
университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Жауапты редакторы:

Қ.Ә.Омаров

Техникалық редакторы:

С.А.Күлманова

Корректоры:

Қ.Жұмабаева

Теруге 26.06.2017 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2017 ж. қол қойылды.
Форматы 60x84 $\frac{1}{8}$. Көлемі 15,25 шартты баспа табақ. Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 115. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 26.16.2017 г. Подписано в печать 28.06.2017 г.
Формат 60x84 $\frac{1}{8}$. Объем 15,25 усл.п.л. Тираж 300 экз. Заказ 115. Цена договорная.

*Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
"ХАБАРШЫДА" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.*

**«Ұшқын» ЖШС баспаханасында басып шығарылды.
120014, Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі, 115.**